Объекты, включенные в список всемирного наследия ЮНЕСКО

- ❧ Городище Костобе (VI-XII вв.)
- ❧ Городище Орнек (VIII-XII вв.)
- ❧ Городище Актобе (VI-VIII вв.)
- ❧ Городище Кулан (VI-XIII вв.)
- ❧ Архитектурно-археологический комплекс
Акыртас (VIII – XIV вв.)



Городище Костобе



Городище Орнек



Городище Кулан




Городище Актобе (Баласагун)



Дворцовый комплекс Акыртас VII-VIII вв.

Схема реконструкции Дворцовой крепости Акыртас

План застройки ориентирован на длинные стороны с севера на юг 162 x 139 м. Главная внутренняя улица Дворца соединяет северный и южный вход. Исследован северный вход.



Многочисленные комнаты различных размеров и назначения с открытыми дворами, домами для хранения воды, айванами и коридорами организуют внутреннее пространство дворца.

О каменных глыбах Акыртаса в трудах В. В. Бартольда во время поездки в Среднюю Азию с научными целями в 1893-1894 гг (Фото приложение)

- Часть фундамента северной стены и узорчатый фасадный камень:



- Орнаментальный камень, найденный на северной стене

Часть Акыртаса



С каменным карнизом; с продольным проемом



Архитектурно-археологический комплекс Акыртас, включены в 2014 году в список ЮНЕСКО.

Основными задачами в сфере культуры музея-заповедника являются сохранение, изучение и популяризация наследия и этому подчинены направления деятельности музея. На основе показательного материала будет продемонстрирован объем работы музея-заповедника.

Научная, культурно-просветительская работа историко-культурного музея-заповедника «Ежелгі Тараз ескерткіштері» в интервале 2019-2021 гг.



«Ұлы Дала астаналарының тарихы»
 атты ғылыми-тарихтық, онлайн-конференция
 Өтетін күні: 23.07.2020
 Уақыты: 11:00




**Республиканская конференция «Тарихымызды жандандырган-Тәуелсіздік»
(проведена через платформу ZOOM) в рамках программной статьи Главы
государства Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой Степи»**





**Республиканский семинар:
«Ұлы Дала тулғалары – ұлт мақтанышы»**





Талеев Докей Әбдікерімұлы
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер
E-mail: doc19_59@mail.ru

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Сонау Алтай тауларынан басталып, Жоңғаралатауын жағалай Іле, Қырғызалатауын бойлай Қосмола, Қазығұрт тауларын қамти отырып, Қаратауға ұласып Сыр бойымен Аралға дейінгі аймақты алып жатқан жолақты қамтитын Оңтүстік Қазақстан, Шу-Талас, жер ұйығы Жетісу ежелден көшпелі дала мен жер өңдеген отырықшы аймақтың тоғысқан жері болып келеді. Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан осы өңір солтүстік, солтүстік-батыс жағында тұтастай құмды, далалы аймақпен шектескен. Сол себеп болса керек бұл жерде ежелден көшпелі малшылық пен отырықшы қала мәдениеті қатар дамыған. Жер жағдайы, ауа райы және көршілес жатқан екі мәдени аймақпен бірдей қарым-қатынас өңірдің қос тіршілікті (уклад) қатар қамтуына әсер етті. Олай болуы заңды және ақиқат. Өйткені Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан тау бөктерлерін қамтыған аймақтың жер жағдайы мен табиғи мүмкіндігі, жаймашуақ ауа райы тұрғындардың шаруашылықтың қай саласын болса да қатар игеруге мүмкіндік берді. Оның үстіне Жібек жолының белгілі бір уақыт аралығында Қазақстан жері арқылы өтуі бұл аймақтағы қалалардың көркейіп, сауданың дамуына үлкен үлес қосты. Батыс пен шығыс елдерін жалғаған керуен жолдары елдер арасындағы сан түрлі қатынастардың дамуына мұрындық болды. Саудадан басталған байланыс біртіндеп мәдени, рухани, саяси-экономикалық тіпті дипломатиялық қатынастарға ұласты. Аспан асты елдері Жапон, Карей және Қытайдың б.з.д. II ғасырдан бастап батыс елдермен сауда-экономикалық, саяси-дипломатиялық байланыс жасауға деген алғашқы әрекеттері кейіннен «Ұлы Жібек жолы» аталып кеткен трансконтиненталды сауда қатынасының өмірге келуіне мүмкіндік туғызды. Басында Аспанасты патшалығын батыс елдермен байланыстырған керуен жолының оңтүстік тармағы уақыт өте келе өміршең бола алмағандығын уақыттың өзі дәлелдеді. Кезінде Дад-уан (Ферғана) арқылы батыс пен оңтүстік елдерге қарай өткен керуен жолы VI ғасырдың соңына қарай бір жола тоқтады. Есесіне керуен жолының Жетісу, Оңтүстік Қазақстан арқылы өткен солтүстік тармағы біртіндеп жандана бастады. Керуен жолының бұл тармағының жедел дамуының себептері жайлы бір мақаламда жазған болатынмын[1,83 б.].

VI-VII ғасырларда Еуразия жерінде ұлы империяға айналған Түрік қағанатының қоластына кірген жерлер шығыста Монғолстаннан батыста Памирге дейінгі аймақты қамтыды[2,29 б.]. Қағанат билік орнатқан осынау кең-байтақ аймақтың кіндігін осы күнгі Қазақстанның жері құрады. Ал қағанаттың негізгі ұлттық құрамы қазақ жерін мекендеген түрік тілдес ежелгі тайпалардан тұрды. VI ғасырдың 60 – жылдары ірі, қуатты да құдіретті мемлекетке айналған қағанаттың Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық ықпалы күшті болды. Осындай жағдайда Ұлы Жібек жолының негізгі тармағы түрік жері арқылы өтуі заңды құбылыс деп есептеу керек.

Біздің пайымдауымызша дәулетіне сәулеті сай түрік елі арқылы жүру халықаралық сауда керуендері үшін бірнеше тұрғыдан тиімді болды. Біріншіден – түрік қағандары сауда жолымен керуендердің қауіпсіз, еркін қозғалысына жағдай жасады. Керуендер жол бойында қарақшы топтарға таланамыз деп қауіптенбеді. Екіншіден – тұрмысы өте дәулетті түріктердің керуен тауарларын сатып алу мүмкіндігі жоғары болды. Батыс Түрік қағанатының бас қалалары Суяб, Баласағұн, Навакент, Меркі, Құлан, астанасы Тараз қалаларында сауда қатынастары сол кездің өзінде қалыптасып қалған болатын. Мәселен, 629 жылы Жетісу арқылы Үндістанға өткен қытай діндары Сюань Цзянь түріктердің тұрмысы мен дәулеті жайлы өз көзімен көргендерін сипаттаған мәлімет қалдырған. Ол Суяб қаласындағы түрік қағанының ордасында бірнеше күн қонақта болған. Діни ұстаздың сол кездегі алған әсері жайлы оның хатшысы «...Қаған көздің нұрын алардай алтын түспен безендірілген киіз үйде тұрады. Қағанның өзі жасыл түсті жібектен тігілген шапан киген, басына бір чжаннан астам (1 чжан-3,2 м) жібек сәлде ораған. Оны қоршай отырған тархандары түрлі-түсті жібек шапан киген», - деп жазған [3,262-264 б.]. Бұл жазбалар қағанаттың экономикалық деңгейінің жоғары екендігінің куәсі. Үшіншіден – түрік қалаларынан да түрлі тауарлар сатуға шығарылған. Қалаларда жасалған сауда барысында босаған орындарды саудагерлер жергілікті тауарлар есебінен толықтырған. Сюань Цзянь түріктердің бас қалалары Суяб, Меркі (Мыңбұлақ), Тараз (Талас), Испиджаб (Ақ өзендегі қала) туралы айта келіп, онда сауда мен егіншіліктің жақсы дамығандығы жайлы сүйсіне жазады. Қалаларда өзге елдерден келген саудагерлердің көп тұратындығы, басқа дін өкілдері ешқандай қысымсыз еркін тіршілік кешетіндігі жайлы да жағымды пікір қалдырған. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың түрік дәуіріне жататын қала орындарында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған заттай деректер сауда жолымен халықаралық діндердің де бейбіт таралғандығын көрсетеді. Суяб, Тараз, Жамукат, Қойлық қаласының орнынан будда,

мұсылман, християн, зороастризм діндеріне қатысты ғимараттардың орындары ашылып, оларға тиесілі заттай деректер көптеп табылған. Осының бәрі бүгінгі қазақ жеріндегі әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүру дағдысын біздің бойымызға ата-бабаларымыз сол заманда дарытқанын аңғартады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде қала мәдениетінің ежелден болғандығы жазба деректер мен археологиялық зерттеулерден белгілі. Дегенмен, қалалардың аумағының кеңейіп, жаппай отырықшылыққа ұмтылыстың қарқындауына, қалалардағы мәдени және рухани тұрмыс пен сауда-экономикалық ахуалдың дамуына Жібек жолының тигізген әсері жоғары болғаны анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарайғы уақытта жүргізілген археологиялық зерттеулер мен өзге елдерде сақталған біздің тарихқа қатысты жазба деректерді аударып, өңдеп ғылыми айналымға қосу түп тарихымыздың жаңа беттерін ашуға мүмкіндік берді. Тіпті керуен қатынасы қарқындап тұрған кезде жаңа қалалардың пайда болғаны да белгілі.

Деректерді сараптап, саралай келе осы күнгі еліміздегі көп ұлт өкілдері мен түрлі дінді ұстанушы тұрғындардың бейбіт қатар өмір сүрудің толерантты дағдысы сонау Жібек жолы жанданып тұрған түркі заманында қалыптасқанын көрсетеді. Қытай, парсы, араб және түрік тілді деректер қазақ жерінде көп тілділік пен көп дінділіктің болғандығы жайлы хабарласа, оны жазба мәліметтері жан-жақты толықтырып отыр.

Жібек жолы ол бастан-ақ дипломатиялық байланыс жолы қызметін де атқарды. Шалғай жатқан мемлекеттер арасындағы саяси-дипломатиялық байланыс елшілері сауда керуендерімен бірге жүрді. Шығыс жетістігінің батысқа, батыс жетістігінің шығысқа таралуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы қызметін жалғастыра берді. Моңғол империясы тұсында да батыс пен шығыс елдері арасындағы сауда байланысы маңызды сипатқа ие болды. Моңғол билеушілері сауда керуендеріне ерекше жағдайлар жасап, керуен басшыларына арнайы ұрықсат етілген белгілер де бергені деректерден белгілі. Моңғол иелігіндегі жерлер арқылы сауда керуендерінің қозғалысы түркі дәуіріндегі еркіндігін қайталады.

Осы күнге дейін Ұлы Жібек жолы XV ғ. теңіз жолдарының ашылуымен байланысты өз қызметін тоқтатты деген жаңсақ пікір айтылып келді. Бірақ, шындығында олай емес еді. Жібек жолы сауда қатынасы белгілі бір кезеңдерде өз тынысын баяулатқанымен, тұтастай тоқтап қалмады. Теңіз жолына аса қатысы жоқ Еуразия құрлығының көпшілік бөлігінде құрлық арқылы байланысқан керуен жолдары өз жалғасын тапты. Орталық Азия мен Еуропа арасындағы сауда қатынастары XVI-XIX ғғ. аралығын жалғасқаны жайлы деректер жеткілікті. XVIII ғ. Қазақ хандығы Ресейдің құрамына

кіргеннен кейін Қытаймен арадағы сауда-экономикалық қатынастар ресейлік басшылар тарапынан жүргізілді. 1851 жылға дейін Цинь империясы мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыс Қияхт (Қият) қаласы арқылы жүргені туралы мәліметтер бар. Ал Ресей мен Қытай арасында 1851 жылғы Құлжа сауда келісімі жасалды. Осы келісімге орай Батыс Қытайда Ресейдің елшілік орталықтары, орыс көпестерінің сауда орындары ашылған.

1881 жылы жасалған Петербург сауда шартында Шекаралық аудандардағы керуен саудасы көтеріліп, орыс-қытай шекарасынан 60-65 шақырым жерге дейінгі қашықтықта шайды баж салығынсыз сату, екі арада су жолын ашу мәселелері қарастырылған. Осыдан бастап Ресей мен Қытайдың Қазақстан арқылы сауда байланыстарына кең жол ашылды. 1882 ж. Верный көпесі Вали Ахун Юлдашев пен инженер Поклевский ген. Колпаковскийдің қолдауымен Англиядан сатып алынған кеме 1883 ж. 20 мың пұт астықты Іле өзені арқылы Қытайдың Сүйдін бекінісіне жеткізген жайлы құжаттар сақталған. Қытаймен Іле өзені арқылы су жолының ашылуы ХІХ ғ. соңындағы орыс-қытай қатынасындағы елеулі оқиға болды. Сондай-ақ осы тұста жәрменкелік сауда орындары кең қанат жайды. Тарихта Орынбор, Ойыл, Атбасар, Қоянды, Қарқара секілді маусымдық жәрменкелер жайлы мәліметтер бар. Осы жәрменкелерде Қытайдан, Ресейден, Қырғыз бен Қазақстаннан түсетін тауарлар саудаланған.

Қытаймен сауда қатынасы кеңес дәуірінде де жақсы жалғасын тапты. Бірақ, әртүрлі себептерге байланысты сауда қатынастары бірде дамып, бірде тоқтап отырды. Кеңес тарағаннан кейін тәуелсіздік алған Қазақстан мен Қытай арадағы сауда-экономикалық байланыс 1992 ж. орнады. 1996 ж. Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдері арасында Шанхай келісім шартына қол қойылды. Осыдан бастап Еуропа мен шығыс елдері арасындағы Қазақстан арқылы өтетін сауда-экономикалық байланыс (яғни Ұлы Жібек жолы) қайта жалғаса бастады. Қазіргі кезде толығымен салынып біткен Батыс Қытай – Батыс Еуропа тас жолы арқылы тасмалданып жатқан алуан түрлі тауарлар сол баяғы Ұлы Жібек жолының жаңа ғасырдағы жалғасы десек болады.

Шығыс бен Батысты байланыстырған трансконтиненталді тас жолын салуда оның бағытын анықтауға ешкім де бас қатырып ойланған жоқ. Сол баяғы Ұлы Жібек жолының ізімен салынды. Осыдан шығатын қорытынды континент аралық сауда қатынасы жаңа ғасырда, жаңа көлік түрімен, жаңа тауарларды тасымалдауға кірісті. Осы күндері Ұлы Жібек жолы заманауи талаптарға сай жандануда.

Әдебиеттер тізімі

1. Талеев Д.А. Түрік әлемі батыс пен шығыстың арасындағы алтын көпір // А. Құнанбаев атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. 2016 № 2.(49).82-85 бб.
2. Археология СССР. Сепи Евразии в эпоху средневековья. – М.: «Наука», 1981. 309 с.
3. Зуев Ю.А. Ранние Тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с. + вкл. 12 с.

Қ.М. Нұрмақсұтов

«Таңбалы» Мемлекеттік тарихи – мәдени және табиғи қорық – музейінің ғылыми-зерттеу, қор сақтау және экскурсиялық көпшілік жұмыстар бөлімінің басшысы

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ МЕН САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес – ұлттық сананы сақтау күресі.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән дүние, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қайсібір халықтың немесе ұлттар мен ұлыстардың жаратылыстан алатын өз тарихы мен орны бар. Қазақ халқының тарихында айрықша атауға тұратын қасиетті жердің бірі – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайы.

Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымызбен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш сақталынған. Солардың бірі «Таңбалы» шатқалындағы археологиялық ескерткіштер.

«Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының аумағында сақталынған археологиялық, діни-рухани ескерткіштер өте көп. Аталған ескерткіштердің 5000-ға жуығын қазіргі таңда «Таңбалы» тарихи-мәдени қорық мұражайы тізімге алған. Осы ескерткіштердің басым бөлігі

кола дәуірінен бастау алатын жартастағы суреттер мен жерлеу орындары яғни қабірлер болып келеді.

Ашық аспан астындағы қорық мұражай жыл сайын ескерткіштерді тиімді қорғау мақсатында бақылау-барлау жұмыстарын жүргізе отырып, жаңадан табылған археологиялық мұраларды есепке алып, олардың жойылудан, бүлінуден қорғау мақсатында іс-шаралар атқарып келеді. Тізімге алынған әрбір ескерткіш орналасқан аумағына қарай, сол жердің өткен тарихынан хабардар ететін, ұлт байлығының рухани қазынасы екені баршамызға мәлім.

Ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда жергілікті халық аталған тарихи мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтетін тәрбие жұмыстарына енгізсе келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеудің маңызы зор болар еді.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Қазіргі таңда «Таңбалы» тарихи-мәдени қорық мұражайы жартас суреттерін қалпына келтіру және ғылыми зерттеу, қор сақтау бөлімі осы бағытта тыңғылықты жұмыс жасап келе жатыр. Бөлім мамандары жыл сайын археологиялық зерттеулер арқылы Таңбалы аумағынан ғасырлар куәсі болған жартас суреттері мен қорған-қабірлердің, тұрақтардың орнын тауып, зерттеп тізімге алып келеді.

Осыған орай әрбір қорық - мұражайдың, әсіресе, Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген мұражайдың негізгі мәселесінің бірі – мұра нысандарының тұтастығы мен таза табиғилығын сақтау және қалың көпшілікке қолжетімділікті қамтамасыз ету. Соңғы жылдары халықаралық сарапшылар қауымдастығының назарына ілінген «Таңбалы» археологиялық кешенінің мәдени ландшафты және жартастағы бейнелерді сақтауы туралы, қорық - мұражай басшылығы мен менеджерлері арқылы республикалық және халықаралық баспасөз беттерінде кеңінен жариялап, пікір сайыстар өткізіп келеді.

Қорық - мұражай күнделікті ғылыми жұмыстарында жетекеші мемлекеттік мекемелермен, атап айтқанда, А.Х.Марғұлан атындағы

археология институтымен, отандық және шетелдік қорық – музейлермен, жоғарғы оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Сонымен қатар, жартас өнері сарапшыларымен, зерттеушілерімен қатар менеджерлерімен де Орталық Азияда, ТМД елдерінде жиі кездесулері (басқосулар) жақсы дәстүрге айналууда. Қазақстанда «Таңбалы» қорық - мұражайы әрдайым түрлі мәдени шаралардың бастауында. Мәдени мұраны сақтау саласы бойынша ұйымдастырылған түрлі аймақтық семинарларға қатысу және ұйымдастыру мәселелері ЮНЕСКО, сондай-ақ IFES (ТМД елдерінің гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекет аралық қоры) сияқты ұйымдарының тұрақты қамқорлығында. Қорық мұражайы 2010 жылдан бастап соңғы үш - төрт жылда екі аймақтық және халықаралық семинарлардың ұйымдастырушысы, сондай-ақ КазНИИ-мен бірлесе халықаралық семинардың ұйытқысы болды.

2010 жылдың қазан айында ЮНЕСКО-ның бастамасымен жартас өнері (CARAD) жәдігерлерінің құжаттары бойынша Халықаралық аймақтық ғылыми-практикалық семинар өткізді. Оған Орталық Азия, Сібірдің (РФ) жартас өнері зерттеушілерінің жұмыстары таныстырылды. Семинар Таңбалының бүкіләлемдік мұралар тізімінде екендігінің және ЮНЕСКО-ның Норвегия–Қазақстан жобасының іске асырылуының дәлелі.

2003 жылы НИПИ ПМК МКРК және ЮНЕСКО-ның кластерлік бюросының ықпалымен «Орталық Азиядағы жартас өнерінің ескерткіштер: қоғам қолдауы, менеджмент, құжаттама және консервациялау» тақырыбы бойынша Таңбалыда ғылыми-практикалық семинар өткізді. Қорық – музей семинар ұйымдастырушысы болмаса да оның қалыптастыру мен тану үдерісіндегі маңызды қадамы болды.

2011 жылы МФГС қолдауымен ТМД елдерінің тарихи- мәдени мұралары бойынша халықаралық семинар сәтті өтті. Семинар нәтижесі бойынша оның материалдық жинағы жарық көрді.

Таңбалыда өткізілген әртүрлі деңгейдегі іс – шаралар мәдени ландшафтардың қазіргі кездегі қоғамдық санадағы ролінің күннен-күнге артып келе жатқандығының айғағы.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз *«Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім»* деп жазған. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған. Мәдени құндылықтардың тоналуы,

олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жоюлуына алып келеді.

Осы бағытта «Таңбалы» қорық – музейі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастырған ғылыми жобаларына қатысуда. Жобаның басты мақсаты Еуразия даласының жалпы мәдени дамуындағы орнын бағалауға мүмкіндік беретін материалдық мәдениеттің негізгі элементтері мен категорияларын егжей-тегжейлі талдау, есепке алу және құжаттандыру.

Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

Искаков Айдар Шарханұлы,
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының
және «Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдин атындағы тау – кен және
балқыту ісі тарихы музейінің» аға ғылыми қызметкері
Iskakov.aydar@list.ru

«ЖОШЫ КЕШЕНІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Ұлытау өңірінде Алтын Орда дәуірі және басқа өңірдің белгілі республикалық, жергілікті маңызға ие тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін, көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі ескерткіштердің шоғырлануы Орталық Қазақстандағы ең тартымды туристік бағыт және ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы болуы мүмкін. Ұлы Ұлыс немесе Алтын Орда деген атаумен танымал іргелі елдің негізін қалаған Жошы ханның кесенесі де осында орналасқан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында Жошы ханның кесенесін мәдени-туризм нысанына айналдыру қажеттігі туралы айтқан болатын. Бүгінде Алтын Орда дәуірінің тарихи ескерткіштеріне бай Ұлытау өңірі туристік картаның ТОП-50 нысанына еніп отыр. Осы игі бастаманың аясында облысымызда бірқатар нақты іс-шаралар ұйымдастырылып, іске асырылып жатыр.

Ескерткіштер жайлы тың деректер алу мақсатында ғылыми-сараптамалық жұмыстар қолға алынды. Сонымен қатар, ескерткіштерді кең насихаттау мақсатында деректі фильмдер мен ғылыми-танымдық басылым дайындалып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Ұлытау тарихи-мәдени оазисына туристердің қолжетімділігін арттыру мақсатында бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Ұлытау тауында визит орталығы ашылды. Оның іске асырылуы келушілерге көрікті жерлер, туристік бағыттар мен мұражайлар бойынша экскурсиялар туралы ақпаратты қамтитын туристік қызметтер кешенін ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Ұлытау ауданында 337 астам әр түрлі кезең бойынша тарих және сәулет ескерткіштері анықталған. Мұражай-қорық аумағында Алашахан, Жошыхан кесенелері, Хан Ордасы, Аяққамыр және Басқамыр қалашықтары үңгір жартастарға салынған суреттер Теректі әулие, Тамды және Байқоңырда бар, тағы басқа да көптеген тарихи дәуірлердің объектілері кездеседі.

Жергілікті халықтың арасында жылқы өсірудің ежелгі дәстүрлері әлі күнге дейін сақталған, халықтық қолөнер мен фольклор кең таралған. «Ұлытау» қорығы өзінің ерекше флорасы және фаунасымен танымал.

Ұлытау аумағында өсімдіктердің 617 түрі анықталды, олардың 90 түрі дәрілік болып саналады. [1]

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайдың негізгі қызметі өлкеміздегі тарихи-мәдени мұраны анықтау, есепке алу, қорғау, сақтау және зерттеу мен насихаттау. Сондай-ақ, ескерткіштерді пайдаланудың жай-күйі мен оларды күтіп ұстау тәртібіне, ескерткіштерді жөндеп, қалпына келтіру жұмыстарына мемлекеттік бақылауды, оларды сақтау мен пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Қазақстандағы мұражай ісі мен туризмнің дамуы, соңғы жылдары республикамыздағы әлемдік мұражайтану мен туризм саласындағы көптеген тенденциялар мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Бұл көбінесе қорғалатын табиғи аумақтардағы мұражайларды дамыту сияқты бағыттарға қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Кемелұлының Ұлытауға жерінде киелі туризмді дамытуды ынталандыру және тарихи-мәдени нысандарға туристік қызығушылықты арттыру мақсатында Қарағанды облысының Ұлытау ауданында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін» ашылды.

Бұл кешенде тарихи-мәдени мұралардың болуы өңір мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалануға, сол сияқты, туристік ағынды арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар Жошы кесенесінің қасындағы Жошы ұлысының кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштерге де зерттеу жұмыстары өз жалғасын таппақ. Жошы кешені бірегей ортағасыр ескерткіштері шоғырланған жерлердің бірі.

Жошы хан ескерткіші туралы алғашқы жазба деректер XVI ғасырдағы «Шараф-наме-йи шахи» атты Хафиз Таныш Бұхари шығармасында кездеседі. 1582 жылғы бұхар билеушісі II Абдулла-ханның Ұлытауға жорығында мавзолей туралы айтылады. [2]

Мазарда алғашқы археологиялық зерттеулер 1946-1947 жылдары жүргізілді. Ескерткішті зерттеуде археологтар Ә.Марғұлан, Г.И. Пацевичь, М.Левинсон қатысты. Келесі кезеңдерде, 1973 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрілігі ұйымдастырған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (Сембин М.К., Маманбаев М., Нұрқабаев М.С.) барысында зерттеліп, тарихи анықтама жасалған. 1992 жылы Ж.Смаилов жетекшілігімен құрылған Жезқазған қаласының археологиялық экспедициясы, Жошы хан кесенесінде қазба жұмыстары жүргізілді.

Жошы хан мазарының қасында кешенді археологиялық зерттеулер 1997-1998 жылдары Жезқазған археологиялық экспедициясы Ж.Смаиловтың жетекшілігімен жүргізілді. Кешен некропольден және

қалашықтан құралады. Қазба жұмыстарының барысында Жошы ұлысының кезеңіне жататын тұрғын үйлердің қалдықтары, екі мазар, қыш күйдіретін пеш орындары аршылды. Тұрғын үйдің жылыту жүйесі; тандыр пештер анықталды, диірмен және астық сақтайтын қойма табылды. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында үйлерден қыш ыдыстың бөлшектері, қазан сынықтары, соқы ұштары, диірмен тасы секілді археологиялық бұйымдар табылды. (Смаилов Ж.Е., Отан тарихи. 2/2002, с. 91)

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әк. Жобаның аумағы 9,55-7,25 метр. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты портал. Оның маңдай алдына сүйір арқа түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланылған тақта кірпіштердің ауданы 45x45 сантиметр. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сындырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парапед тәріздендіріп, астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түнік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35x35 сантиметр) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларға тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі

1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектумыштікі болуы тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Өткен ғасырдың соңында жергілікті халықтың айтуы бойынша мазардың алдыңғы жағындағы көк жолақ болған. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар уезі Далалық өлкенін генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі тағдыры белгісіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған. Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң қолының жоқ екендігі анықталған.[3]

Жошы кешенінде әр-түрлі кезеңнің ескерткіштері шоғырланғандықтан, қазіргі таңда кешенді зерттеу жұмыстарын жалғастыру қажет. Анықталған ескерткіштерді зерттеу, жаңа жәдігерлермен және материалдармен мұражай қорын толықтыруға болады. Сонымен қатар зерттелген ескерткіштерді музеефикация жасау туристердің көптеп тартылуына серпін береді.

Жошы хан кесенесінің жанындағы, ашық аспан астындағы Мұражайының туристік инфрақұрылым жүйесіндегі көшпенділердің танымдық, білім беру және ғылыми-зерттеу орталығының қызметі, қару-жарақ құралдарын зерттеу мен қайта құруға, көшпелілердің әскери өнерінің элементтерін үйретуге (қашықтықтан қарудан оқ атуға және көшпелілердің жақын айқас жүргізу техникасына үйрету, атқа міну), музыкалық өнерге және көшпелілердің фольклорын зерттеп (ұлттық музыкалық аспаптарда ойнауға) машықтануға мүмкіндік береді.[4]

Қазақстанның туристік инфрақұрылымы жүйесінде ашық аспан астында мұражайларды құру өзектілігі мен қажеттілігі даусыз, өйткені бүгінгі таңда,

адам болмысының барлық салаларында басым болған, өркениеттің жаңа формаларының негізінде күнделікті өмірде жоғалып бара жатқан, дәстүрлі мәдениетті сақтау мәселесі оның материалдық құрамдас бөлігі болып отыр, ал Ұлытау аймағы Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарына енетіні болашақ ұрпақ үшін жасалатын жақсы қадамдардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы [Электронды ресурс]//.Мұражай туралы. URL: <http://ulytaureserve.kz/ru/o-muzee>
2. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. Алма-Ата 1968г. С.227
3. Ә.Х.Марғұлан. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947,№7.
4. «Ұлытау-2019” халықаралық туристік форумы

Атлах қаласы немесе тас сынығындағы Атлах жазуы

Күншығыстан күнбатысқа дейінгі аралықты жаулап алып, ат тұяғының астында шаң қаптырған бабаларымыздың ұлан-байтақ сахарада билік жүргізіп, көптеген қалалар салып, әлем өркениетінің негізін қалағаны тарихи ақиқат. Жай ғана қалаған жоқ, ұлы тарихи мұралардың өшпес ізін қалдырып, ұрпағына мәңгілік мәдени-рухани дүниелер жинағын аманаттады. Олар қазіргі күні қазақ деген ұлы халықтың даңқын асырып отырған өркениеттердің жалғасы болды. Сондай бай құндылықтарымыздың бірі де бірегейі - ортағасырлық қалалар топтамасы деуге болады. Түркі тарихында әлі күнге дейін орналасқан жері мен тарихи нақтылық шешімін таппай келе жатқан ортағасырлық қала бар, ол - жазба деректерде аталатын Атлах қаласы. Бұл қаланың біздің сонау 2000 жылдық тарихымызда алатын орны ерекше. Өйткені, осы қаланың маңында 751 жылы әлемдік ұлы державалар – Қытай империясы - Араб халифаты - Түркі қағанаттары болып үш жақты соғысқан елдердің Ұлы шайқасы өтті. Бұл жай ғана соғыс болған жоқ, осы шайқастан соң Қытайдың түркілерді жаулау мен бағындыру окупациясына мәңгілік нүкте қойылды. Соғыстан қалжыраған араптар үшін де бұл қақтығыс оңайға соқпады. Есесіне, түркі халықтарының өз тәуелсіздігі мен өз дербестігінің сақталып қалуына жол ашты. Міне, сол үшін де Атлах қаласының түркі тарихында алар өзіндік бағасы да парқы да құнды. Еліміз егемендігін алған жылдардан бастап, өзіміздің көнелік тарихымызды жаңаша зерттеп, жазуға жол ашылды. Көптеген халықаралық, республикалық конференциялар өтті. Солардың бірі, 2021 жылы Тараз қаласында әлемдік жеті ұлы шайқастардың қатарынан орын алатын Атлах шайқасының 1270 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақ даласына Исламның келуі» атты халықаралық ғылыми-танымдық конференциясы өткен еді. Биыл, Ұлы «Атлах-Талас» шайқасына 1271 жыл толып отыр. Бұл шайқастың бүкіл түркі жұртына ғана емес әлем тарихында алатын орны, тарихи маңызы орасан зор. Сонымен, Атлах қаласының орналасу орны қай жерде, оның тарихтағы алатын орны, маңызы қандай?

Атлах қаласы Тараз қаласының он екі серіктес қалаларының бірі. Атлах қаласының орны ретінде қазіргі кезде бірнеше қала орындары баламаланып келеді. Олардың бірі ретінде Тараз қаласының оңтүстігіндегі Бесағаш ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2,5 шақырым жерде деген болжам жасалып отыр. Бесағаш ауылының шетінде IX-XII ғасырмен мерзімделген

Ортағасырлық Бесағаш қалашығы 1895 жылы И. В. Аничков тауып есепке алып, зерттеген. Бұл туралы мәлімет *«Археологическая карта Казахстана» «Издательство Академии наук Казахской ССР «Алма-Ата» 1961 г.»* ескерткіштер жинағында №3864-ші тізімде көрсетілген. Ал Қырғыз мемлекетінің ғалымдары, сондай-ақ, археолог ғалым А.Н.Бернштам, кейін академик К.М.Байпақов сынды археологтар қала орнын қазіргі Қырғызстан Республикасында шекараға жақын орналасқан Майское (бұрынғы Богословское селосы) ауылының солтүстік шетіндегі Жуантөбе қалашығы деп тұжырымдауда. Оның бір дәлелі 1987 жылы белгілі академик К.М. Байпақов басқарған экспедициясы тапқан тас сынығындағы руникалық жазу болды. Ондағы мәтіндік зерттеулерді белгілі түркітанушылар С.Г.Кляшторный мен А.С.Аманжолов жасаған болатын. Жуантөбе қалашығы, Қырғызстан республикасы Майское ауылы мен Кенеш ауылдарының солтүстік шетінде орналасқан, үсті қазіргі заман зираттары салынып кеткен үлкен қала орнын орыс тарихшысы археолог ғалым А.Н. Бернштам өзі ашқан археологиялық айғақтарға сүйене отырып: өзінің *«Памятники старины Таласской долины», «Казахское объединенное государственное издательство Алма-Ата – 1941 г.* - деген көлемді еңбегінің 43-бетінде *«Предшествовавшие им в описании Атлах и Хамукет, вероятно, также находились к югу от Тараза, между ним и упомянутым ущельем. Думаю, что им соответствуют развалины около с. Богословское, возможно Уч Курган и Джуван Тепе (вероятно Атлах) около с. Солдатское»* делінген. *«Атлах қаласының орны Жуантөбеде, оның үйіндісінің айналасы 280/140 метр аумақты алып жатыр»* деп ой тұжырымдап кеткен.

Айта кетерлігі, бұрынғы Кеңес дәуірі кезінде есепте тұрған археологиялық ескерткіш қала орны, әлі де Қырғыз мемлекетінің мемлекеттік есепке алу тізіміне енген. Себебі, ол кезде Жуантөбе (Атлах) қалашығы Жамбыл облыстық атқару комитетінің 1980 жылғы 24 қаңтардағы №406 шешімі бойынша Қазақ ССР-інің құрамында болған.

Енді Қазақстандағы аталған қалашық орны мен Қырғызстандағы қалашық орнының арасы бар болғаны 1 шақырым. Мұндағы көптеген тарихшы, археологтардың келтірген дәлелдері нақты емес, тұжырым ғана болып қалды. Ол дегеніміз әлі үлкен ғылыми –зерттеуді талап ететін археологиялық жұмыстар жүргізілуі қажет. Сонымен, Атлах туралы ортағасырлық жазба деректерде, араб тарихшысы Эль-Макдиси «Атлах үлкен қала, көлемі жағынан орталық қалаға жақын, айналасы биік дуалмен қоршалған. Бау-бақшасы көп, жүзім мол өседі. Мешіті орталығында, базары – рабатта (қала шетінде) болған» - деп жазады. Эль-Макдиси мен Ибн-Хаукал Атлахты Испиджаб маңындағы қала деп те атап өткен. Махмұт

Қашқари болса «Атлұқ-Отлұқ Талас (Тираз) маңындағы бір қаланың аты» деп қысқаша ғана нақтылай түседі. Белгілі түрктанушы Кляшторный С.Г. өзінің *«История Центральной Азии и памятники рунического письма»* *Рунические памятники Таласа: Проблемы датировки и топографии»* *Филологический факультет Санкт-Петербургского государственного университета. Санкт-Петербург 2003 г.* - деген еңбегінің 289-290 беттерінде «1987 жылы К. М. Байпақов маған жоғарғы жазықтықта руникалық жазуы бар тас диірменнің фрагментінің суретін берді. Бұл сынық Ежелгі Тараз қалашығынан батысқа қарай 15 шақырым жерде, Талас өзенінің жағасында орналасқан Жуантөбе қалашығынан табылды. 1930 жылдардың аяғында Жуантөбені А.Н.Бернштам зерттеді, ол бұл қаланы VIII ғасырдың ортасындағы оқиғаларға байланысты алғаш рет араб дереккөздері айтқан ерте ортағасырлық Атлах қаласымен баламалады» - деп жазған.


Бұл жерде бәлкім Тараздан батысқа 15 шақырым жерде деп қателескен болар. Себебі, Бернштам қаланы Солдатское ауылының оңтүстік шетінде орналасқан деп анық шегелеп жазған. Солдатское ауылы, қазіргі Тараз қаласынан оңтүстікте орналасқан Бесағаш ауылы. Белгілі түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Алтай Сәрсенұлы Аманжолов – бұл сөзбен келіспейтінін ондағы сөзді «Аң аулаушылық тұмар» деп тұжырымдайды. Ол өзінің *«История и теория древнетюркского письма»* Алматы *«Мектеп» 2003 г.*» деген кітабының 96-шы бетінде: «Охота (на диких зверей) - развлечение, Албау, утешение, забава, развлечение» **(*alhaw < alhaw*)**, приведенное с пометой устарелое слово.

Архаизм в *«Толковом словаре казахского языка»*. Следовательно, это - охотничий талисман с рунической надписью, возможно, магического характера. Данный предмет по нашему предложению с начала 1986 г. находится в экспозиции Центрального государственного музея Казахстана (г. Алматы). Обычно хорошо осведомленный С. Г. Кляшторный, кажется, не знаком ни с оригиналом надписи, ни с нашей публикацией и предлагает новое, произвольное чтение данной надписи как *atlah* «Атлах». При этом знаки для Б «прочитаны» С. Г. Кляшторным как *a*, а знак словораздела - как *I*»- деген.


Сонымен, Жуантөбе қалашығынан табылған ескі жазу «Атлах» дегенді білдіреді дегеннің өзі дәлелсіз болып табылып, С.Аманжоловтың дәлелімен Атлах емес «Аң аулау» деген жазуы бар тұмар дегенді білдіріп тұр. Сонымен қатар бұл жазуды Алматы қаласындағы мемлекеттік орталық музейге 1986 жылы берілгені туралы да айта өткен. Ендігі кезек бүкіл түркі жұртының ең үлкен тарихи маңызы зор қаланы тауып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезек күттірмейтін борышымыз деп түсініуіміз қажет.

Төменде Атлах қаласынан табылған тастағы таңбалар мен сол тастың суреттері

ДВЕ ТАЛАССКИЕ РУНИЧЕСКИЕ НАДПИСИ ИЗ ГОРОДИЩА АТЛАХ!



Жоғарыда таңбалар «Государственный список памятников истории и культуры КазССР 1982 г.» еңбегінен алынды.



Фотосурет atalarmirasi.org/ru сайтынан алынған.

Тараз (Жамбыл) қаласынан 15 км батыста Жуан-төбе қалашығынан табылған «Атлаһ» жазуы бар тас (IX-X ғғ). Осы тас құралдың сынық тұсына қарсы жиегінде 1 жол мәтін қашалған. Мәтіннің тереңдігі - 0,1 см. 6 таңба-әріптен құралған. Биіктігі – 0,6 -1,5 см. Мәтіннің өлшемі: 11,7 x 5,2 x 4,8 см. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейінде сақтаулы.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Археологическая карта Казахстана» Реестр «Издательство Академии наук Казахской ССР «Алма-Ата» 1961 г.
2. А.Н. Бернштам «Памятники старины Таласской долины» «Казахское объединенное государственное издательство Алма-Ата – 1941 г.
3. Кляшторный С.Г. «История Центральной Азии и памятники рунического письма» Филологический факультет Санкт-Петербургского государственного университета. Санкт-Петербург 2003 г.
4. Казахский национальный Университет имени аль-Фараби А.С. Аманжолов «История и теория Древнетюркского письма» Алматы «Мектеп» 2003 г.
5. Государственный список памятников истории и культуры КазССР 1982 г.
6. П.Н.Кожомьяко «Байыркы маданият эстеликтерин сактайлы» «Кыргызстан» басмасы Фрунзе-1969 г.58-бет

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҚҰНДЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ ЖАЙЫНДА ЖӘНЕ МУЗЕЙ РЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ жері ұлы өркентеттің бастауы. Ұлы далада әлемді өзінің өркениетімен, мәдениетімен, өнерімен, тарихымен таң қалдырған, ержүректігімен жарты әлемді бағындырған ұлы халық ұрпағымыз. Өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертен жоқ. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтар, тарихымызды таразылар музей қызметінің ұрпақтар сабақтастығы жолында алар орны ерекше. Музей қоғам өмірінің айнасы, адам өмірінің рухани қазынасы, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, халқымыздың асыл рухани мұраларын жинап өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған тарихи орын болып табылады. Тарихыңды тану үшін музейге кел деп жастарға үндеу тастасақ та орынды. Музей ата-баба мұрасы тарихи құндылықтарды сақтауда қоғам алдында моральдық жауапкершілігімен ерекшеленеді және қызмет жасайды. Ғасырлар қойнауында жатқан тың деректерді археологтарымыз алып, музей қорына өткізеді. Сонау тас дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жәдігерлерімізді көздерінің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа насихаттау ісінде орансан шаруалар атқаруда. Құнды жәдігерлерімізді музей витриналарында ғана сақтамай соңғы жылдары қала және аудан мектептеріне көрме ретінде алып шығудамыз. Ондағы мақсат жас ұрпақтың санасына өткен тарихын сіңіруге өзіндік бір үлесімізді қосу болып табылады. Тарихымыздың қаншалықты бай екендігін таныту.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, XII-XIV ғғ. Халықаралық мәртебеге ие ескерткіш. Орталық Азияда теңдесі жоқ ғажайып сәулеттік, тарихи, ансамбльдік туынды. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласының орталығында орналасқан. Координаттары: 43°17.858', 068°16.269' Теңіз деңгейінен биіктігі 219 м. Кесене мұсылмандардың атақты әулиесі, көзі тірісінде Сұлтан-ул-Ғарифин атанған (Алланы танығандардың патшасы, яғни әулиелердің патшасы) Шайқы Ахмет Ясауиге арналып салынған. Ахмет Ясауи 1166-1167 жылдардың шамасында дүниеден өткен. Қазақ елінің негізін қалаған ондаған хан, би-сұлтандар, қолбасшылар мен батырлар өз өтініштері бойынша осы кесенеге жерленген. Түркістанның бас жәдігері болып

табылатын ғимаратта XIV-XV ғғ. шеберлері жасаған аса көркем туындылар, алып тайқазан, қола шырағдандар, қола лаухалы байрақ, өрнекті ағаш есіктер, қабір үстінің жабуы сақталған. Ахмет Ясауи кесенесі жайлы негізгі жазба деректер Шараф ад-дин Али Иазидің «Зафар-нама» атты кітабында кездеседі. Ахмет Ясауи кесенесі аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ұзындығы 65,5 метр, ені 46,5 метр, ал биіктігі 39 метрді құрайды. Кесенеге кіретін бас есік басқалардан биік, ені 18,2 метр аркамен көмкерілген оңтүстік-шығыс қасбетте орналасқан. Бас қасбеттің және бұрыштардағы мұнаралардың ауқымды қабырғалары сыланбаған, олардың бетінде мозайкалық қаптамалар орналастыру үшін бекіткіштер қалдырылған. Күмбездің диаметрі 18 метрден шамалы асады, ішкі биіктігі еден деңгейінен 36 метр. Ғимараттың орасан зор порталы мен бірнеше күмбезі бар және екі қабаттан тұрады. Кесенедің түрлі мақсатқа арналған, жалпы саны 35 бөлме бар. Бірінші қабатында Жамағатхана, Қабірхана, Мешіт, Кітапхана, Үлкен ақсарай, Кіші ақсарай, Асхана, Құдықхана және төрт құжыра бөлмесі, ал екінші қабатында қалған құжыра бөлмелері орналасқан. Архитектуралық композицияның басты бөлмесі Ахмет Ясауидің Қабірханасы болып табылады. Бөлменің ортасында үлкен эпитафиясыз құлпытас орнатылған, ол жасыл түсті тамыршықтармен бейнеленген серпентинит плитасымен көмкерілген. Ғимараттың солтүстік-батыс бұрышында Мешіт бөлмесі орналасқан. Бөлме барабанға биік қойылған күмбезден жабылған. Мешіт көгілдір түспен салынған геометриялық бейнелермен көмкерілген қабырға жазбаларының фрагменттері сақталған ғимараттағы жалғыз бөлме. Мешіттің михрабы глазурлік мозаика техникасымен орындалған, мозайкалық өнердің керемет үлгісі болып табылады. Қабірхананың оңтүстік-батысында зиаратхана деп аталатын дәліз орналасқан. Бөлменің ішінде бірнеше құлпытастар жатыр. Ғимараттың оңтүстік-батыс бөлігінде Асхана бөлмесі орын алған. Бөлмеде екі қазан орналасқан ірі ошақ бар. Ғимараттың қаптауларындағы қолжазбаларда және жинақтарында кесене құрылысын салуға қатысқан бірнеше шеберлердің есімдері сақталынып қалған; Ходжа Хасан Ширази және Шамс Абд ал – ваххаб Ширази, қола бұйымдарын жасаушы шеберлерден Изз ад – дин ибн Тадж ад – дин Исфакхани, Абд ал – азиз ибн Шарафаддин Тебризи. XVI-XIX ғасырлар аралығында «Әзірет Сұлтан» кесенесі Қазақ хандарының Ақ Ордасы қызметін атқарды. XIX ғ. Қоқан билігі тұсында кесенені қоршап мұнаралар мен қорғандар салынып камалға айналдырылған. Ескерткіш 1994 жылғы «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштер шежіресінің» Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жинағына №590.3 санды нөмірімен енгізіліп мемлекет қарауына алынған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар

тізіміне енгізілді. Алып құрылыс халқымыздың тарихын, тілі мен дінін, дәстүрі мен мәдениетін зерттеп, зерделеуде баға жетпес құнды дерек болып табылады.

Құнды ескерткіштер Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қала мәдениеті дамыған орталықта мен мұңдалап тұр. Жібек жолы керуендері тоқтап дем алып тамақтанатын арнайы керуен сарайларының болғанын жуырда археологтар қазба нәтижесінде дәлелдеп берді. Ең әуелі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тарихи мұра болып табылады. Осынау Жібек жолы арқылы Түркістан қаласына өркениеттің белгісі саналатын құнды жазбалар келіп отырған.

Бүгінгі таңда ескерткіш «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметін атқаруда. Мәдени мұра бағдарламасы арқылы елімізде музейлерге ерекше көңіл бөлді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи мұралар мен ескерткіштерді зерттеу, насихаттауға бүтіндей қоғамның бетбұрысын қалыптастырды. «Мәдени мұра» бағдарламасы кең байтақ еліміздің қойнауында зерттелмеген, ұмытылған ғажайып археология жәдігерліктерін табудың, халықтың бай рухани құндылықтарын зерделеудің, мұраны зерттеудің жаңа жүйесін қалыптастырудың, табиғи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтірудің, дүниежүзілік ғылым, мәдениет, әдебиет жетістігіне негізделген гуманитарлық ғылымның толыққанды қорын құрудың негізіне айналды»[1, с.2]

Жаңа заманда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс барлық саладағы дамуымыздың ең басты қағидасы. Сондықтан да музейлердің де өмір сүру үшін заман ағымына қарай жыл санап өз жұмыстарын жандандырып отыруы маңызды. Әйтпесе музей де тарихтың шаңына көміліп қала бермек.

Музей өзінің әлеуметтік қызметін музей жәдігерлерін жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады.

Белгілі бір затты жасауда да, қолдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді, олардың тарихилығын тереңдетеді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді

Музей жәдігері – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі ретінде, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады. Музей жәдігері – бүкіл музейдің қызметін, оның бағыттарын, жоспарын жүзеге асыратын негіз болып табылады. Халықтың мәдени құндылықтарға, мәдени орындарға деген сұранысы күннен-күнге артып келеді. Осыған орай, мәдени орындар, соның ішінде музейлер заман

талабына сай дамуды қажет етті. Нарықтық қатынастардың дамуымен музейлерге қаржы тапшылығына ұрынбай, іскерлік қызметінің белсенділігін арттырып, бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі туындады. Осындай жағдайда музей саласында менеджмент және маркетинг терминдері пайда болды. Бұл ұғымдардың енуі қазіргі таңдағы музей ісінің дамуы мен оның қызметін басқаруға зор ықпалын тигізетінін дәлелдеп үлгерді. [2, с.7]

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделеді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінің ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесі ретінде, табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, қорықтар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді салада жұмыс істейтін жұмыс ретінде қарастырылады.

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдастыру, музей ісіндегі кадрларды дайындау да кіреді. Ғылыми - әдістемелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы журнал, газеттер шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музей мұралары- таусылмайтын қазына, телегей-теңіз дерек көзі. Онсыз тарихтың жазылуы екі талай. Сондықтан барлық жинақталған мұралар ғылыми зерттеудің дерек көзі болып табылады. Бүгінгі таңда орталықтағы тарихи деректерді тек қана орталық ғылыми қызметкерлері емес, ғылыми ізденушілер, зерттеушілер, жазушылар да өздерінің жұмыстарына пайдаланып келеді, сонымен қатар барлық баспасөз ақпарат құралдары қызметкерлерінің басты тақырыбына айналып отыр.

Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану музей саласында тың жобалардың бірі. Бұл салада орталықтың қызметкерлері еңберін аямауда. Қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі ғылыми зерттеулердің жоғары сапалылығын қамтамасыз ету. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің арасында музейлердің алар орны ерекше екендігін айта келе тарихи-мәден этнографиялық орталықтың қызметкерлері де ғылыми мақалалар жазып, ғылым мен орталық қызметін ұштастыруда.

Ұлы даланың 7 қыры мақаласында тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан»-деп атап өткен болатын [1, с.1]

Түркістан қаласы – қазақ жұртына ғана емес, бүкіл түркі жұртының алтын бесік атамекені. Сондықтан мұнда жер-жерден әулие Бабаға зиярат етіп, алыстан ат арытып жететіндер жеткілікті. Солардың барлығын құшақ жая қарсы алып, қонақжай қасиетімізді көрсету – осы шаһарда тұратын барлығымызға парыз. Біз Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қызмет етіп жүргендіктен, ең алдымен, Әулие Бабаға деген биік құрмет үлгісін шынайы танытып, басқа адамдарға іс-әрекетімізбен үлгі-өнеге болуға тиіспіз. Кесененің кез келген жұмысын жан-тәнімізбен атқарып, көзіміздің қарашығындай сақтаған асыл мұрамыздың ел деңгейіндегі, әлем деңгейіндегі абыройының көтерілуіне үлес қосуға міндеттіміз. Ол үшін Қожа Ахмет Ясауи ілімінің мән-маңызын ашуға, мұраларын халқымыздың игілігіне жаратуға қатысты қыруар шаруаның басы-қасында жүріп, барлық қызметкерлердің басын бір салаға жұмылдырып, істің көзін табуда басшылықтың көтерер жүгі өте ауыр екендігі белгілі.

Қорық-мұражай өз қарауындағы ескерткіштер мен жәдігерлерді, сондай-ақ Кесенеде жерленген тарихи тұлғаларды насихаттау, елге таныту мақсатында соңғы жылдары біршама баспа өнімдерін шығарып, Кесенеде жерленген тұлғалар сериясы бойынша хандарға, билерге, батырларға қатысты кітапшалар шығару тұрақты түрде жолға қойылған.

Музейде сан ғасырлардан бергі мол мұраларын насихаттау мақсатында соңғы кездері кесенеде және қорда сақтаулы тұрған жәдігерлер жайында көптеген зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар мұражай қорында зерттелуі тиіс дүниелер бүгінгі таңда жетерлік.

Музей саласы заман ағымының көшімен ілесіп жаңа технологиялармен жабдықталуда. Мәселен ақпараттық киоск, аудио гид секілді. Музейге келген туристерге ыңғайлы жағдай туғызу кезек күттірмес мәселе. Сонымен қатар, шет елден келген туристер сол орта ғасыр кезіне саяхат жасағанды жандары қалайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан. 22 қараша 2003 жыл с.2
2. Комлев Ю.Э. Музейный маркетинг в системе социально-культурного менеджмента. – Санкт-Петербург, 2006.
3. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл. С.1

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫ

Б.з.д. I мың жылдықтарда-ақ, алыс-жақын, шалғайдағы елдермен саудасаттық қарым-қатынас жасап мәдениеттің озық үлгісін қалдырған ата-бабаларымыздың көне қалаларының сақталып қалуының Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясынан өтуінде. Осындай рухани ескерткіштердің ордасы, Керуен жолдардың тоғысқан жері, ЮНЕСКО мойындаған іргелі қаланың бірі Ескі Түркістан қаласы еді. Ұлы Жібек жолының Түркістан қаласынан айналып өтпеген.

Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азияны байланыстырған. Еуразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы Жібек жолының тарихы өте ертеден басталды. Ұлы Жібек жолы – Жерорта теңізі маңындағы батыстық мәдениеті дамыған өркениетті елдерінен Қытайға дейін баратын сауда-керуен жолы.

Б.з.б II ғасырда Ұлы Жібек жолының сауда дипломатиялық басты жолы ретінде аты шыға бастады. Ұлы Жібек жолы Алтай, Памир, Хантеңри, Сырдария, Әмудария, Түркістан атырабынан өткен. Жібек жолының тармақтары V-VII ғасырларда Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерлерін қамтығаны баршамызға аян. Жібек жолының бойында Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Отырар, Сығанақ, Мерв, Талхиз, Үргеніш, Испиджаб, Шаш, Весидж, Шауғар т.б. ірі ортағасырлық қалалар орналасқан. Отырардан шыққан жолдың бір тармағы Шавғарға, екінші тармағы Сырдария өткелінен өтіп, Васиджа қаласына баратын болған. Шавғар VIII ғ. деректерінде белгілі, оған Түркістан өңірі жатады. (ААкишев, Асылбеков, Байпақов және т.б. 1994, 85-б)

Сан ғасырға созылған бұл халықаралық керуен сауда жолы сол кездегі саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған, бірде үзіліп, бірде қайта жанданғанын тарих беттерінен білеміз. Сонымен бірге әлемдік дамуға әсер етпесе де, аймақтық маңызы бар жергілікті сауда-керуен жолдарының қалыптасып орасан зор әсер еткен. Солардың бірі ежелгі және жаңа заманда Түркістан-Сырдария өңірінен Қазақ елінің орталық және солтүстік өңірлеріне қарай тармақталған далалық сауда жолдары болатын.

Сыр бойындағы Жанкент қаласынан орта ғасырларда бір жол Солтүстік Қазақстанға бағытталды. Ал Сығанақ қаласынан Ақсұмбе қаласы арқылы

Орталық Қазақстанға қарай және бір тармақ шыққан. Бұл жаққа Сауран қаласынан шыққан екінші бір бағыт Қарақұрым (Жыланқарауыл қаласы) арқылы басталған. Бұл сауда жолдары негізгі жолдан Қазақстанның ішкі аудандарына қарай шығатын шағын бағыттар. Солар арқылы Солтүстік және Орталық Қазақстандағы көшпелі ру-тайпалар негізгі сауда жолы бойындағы қалаларға келіп, өздеріне қажетті бұйымдарын алып қайтатын болған.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Түркістан қаласы өз заманында айтарлықтай дамыған қаланың бірі болған. Осының арқасында қаланың цитадел аталған бөлігінде Әзірет Сұлтан кесенесі салынды. Көз тартар әсем ғимарат сол кездегі Орталық Азиядағы теңдессіз кесене болды. Мұнда атбасын тіреп келген өзге елдің өкілдері кесенені дәріптеп қағаз бетіне түсіріп отыратын болған. Әсіресе, Қазақ хандығы тұсында шетелден көптеген жиһанкез, саяхатшылар келіп қаланың тұрмыс-тіршілігі жайлы маңызды мағлұматтар алып кетіп отырды. Мәселен, Тәуке хан билік еткен заманда орыс елшісі В.Кобяков келіп қала маңындағы егістіктерді айтып өтсе, ғалым Д.Г. Мессершмидт қаланың құрылым жоспарын сыздырды. Қазақ хандығының астанасы болып белгілі қалаға айналған Түркістан ертеден-ақ зияратшылар мен саяхатшылар келетін белді туризм қаласы болған. Бұл туралы П.И.Рычков, Н.А.Северцов, М.С. Бекчурин, суретші В.В.Верещагиндер де жазып кетті.

1865-1866 жж. аралығында Түркістан қаласында болған М.Бекчурин Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жайлы суреттеп жазып, оның жанына жерленген тарихи тұлғалар жайлы былай дейді: «На дворе мечети Азрета, на особом месте, есть отдельное небольшое круглое здание с куполом покрытое с изразцовой мозаикой (мавзолей Рабиа Султан-Бегум)... Кроме могилы Рабиа Султан-Бегум, находятся тут могилы некоторых киргизских султанов Средней и Малой орды, между прочим, известного Аблай хана и всех предков Абулхаира, которые властвовали в Туркестане, и царевича неизвестной страны Баба Самуд-Юлбарс-Аты. Над одними из этих могил воздвигнуты памятники, а на других просто положены мраморные камни различной формы и величины, на которых высечены прекрасным арабским шрифтом имена усопших, но года кончины их не обозначены». Сондай ақ, ХІХ ғ. 60-шы жылдары Түркістанда болған М.С.Бекчуриннің мақаласынан «Белгісіз елдің билеушісі – Баба Самит Жолбарыс ханның қабірі...» деген жолдарды кездестіруге болады. (Бекчурин 1866. N8)

Ұлы Жібек жолының үлкен бір тармағы осы Түркістан оазисімен өткен. Сауда қарым-қатынасының дамып, өркендеуіне негіз бергені белгілі. Екіншілікпен айналысқан территория ретінде табиғаттағы су көздерін кең қолданған, тұрғындар бұлақ, өзен, көл, жер асты су көздерін пайдаланғанын

археологтар В.А.Грошев, К.А.Акишев, К.Байпақов, Е.Смағұловтың зерттеулерінде жан-жақты көрсетілген. Осы Жібек жолының Түркістаннан өтуі қаланың едәуір дамуына жол ашты. Қалаға келген саудагерлерге жайлы болуы үшін арнайы керуен сарайлар мен ханакалар салынған.

Осы орайда керуен сарай жайлы айтар болсақ, Керуен Сарай (парсы: کاروانسرا [kārwānsarā])— Азия құрлығында, Оңтүстік Еуропада, Қазақстан мен Кавказ елдерінде қалалар мен керуен жолдарының бойында ежелгі дәуір мен орта ғасырларда, ішінара жаңа дәуірде салынған аялдама, дамылдау орны. Керуен Сарай тұрғызу ерте заманнан белгілі. Үлкен керуен жолдарының бойында («Ұлы жібек жолы», т.б.) көптеп тұрғызылған. Керуен Сарайлар, әсіресе, XII ғасыр мен XIX ғасырдың аралығында халықаралық байланыс пен сауда-саттықтың дамуы әсерінен маңызды орын алды. Керуен Сарайдың екі түрі: төбесі жабық тұйық аулалы және төбесі ашығы бар. Жабық түрі Кавказда (Арменияда) жиі кездеседі. Керуен Сарайдың ортасында мал суаты, айналасында жолаушылар жайғасатын қонақ бөлмелер болған. Екінші түрінде көлікті ортадағы тұйық алаңға жайғастырып, бір кейде бірнеше қабатты шағын бөлмелерге жолаушылар орналасатын болған. Кейбір жерлерде Керуен сарай кешенді түрде (дамылдау, қонақ үйі, мешіт, асхана, т.б.) салынған. Керуен Сарайлар көп жағдайда қамал-қорғандармен қоршалып, немесе рабаттар мен ханакаларға жалғастырыла салынған. Ірі Керуен Сарайлар Қазақстандағы ежелгі Отырар, Тараз, Түркістан, Сауран, т.б. қалаларында болған. Сондай Керуен Сарайға әрі қорған-сарайға Жамбыл қаласы жанындағы Ақыртас ескерткішін (археолог Т.К. Бәсенов зерттеген) жатқызуға болады. (Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том)

Ал ханака сөзіне тоқталар болсақ анака, ханега, хонако (*парсы* хане — үй және га — орын) — Орталық Азия мен Әзірбайжанда, сондай-ақ кейбір Таяу Шығыс елдерінде кең таралған діни құрылыстың түрі; дін жолын ұстанған тақуалар мен кезбе дәруіштерді қабылдау үшін салынған ақысыз қонақ үйі. Ханака тұрғызу суфизмді уағыздауға байланысты етек алды. Ол негізінен мешіт, медреселердің жанында болады; (Таймағанбетов, Тәжин, Тәуекел және т.б. 2005 622-б) Атап өтер бір жайт 2020 жылдың тамыз айында Түркістандағы Күлтөбе қалашығында ерекше құрылым - ежелгі ханака табылды. Бұл археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған таңғаларлық олжа сопылық құрылыстың орны саналады. Мамандардың пайымдауынша, күлтөбелік ханака - бірнеше ғасырлар бойы – XV ғасырдан XIX ғасырға дейінгі аралықта жұмыс істеген ерекше мәдени сәулет ескерткіші болып табылады. Өйткені мұнда барлық үй-жайлар мен ғұрыптық бөлмелерінің қалдықтары ғана емес, дәруіш тариқатына қызмет еткендердің

орындары да белгілі болған. Осылайша Түркістан қаласында Жібек жолы бойында орналасқандықтан керуен сарайлар мен ханалар көптеп қызмет еткен. Ислам мәдениетінің үлгілерінің негізінде салынған ғимараттардың, атап айтқанда діни ғимараттар мешіт, медреселер, мұнаралардың, адамдар өмір сүруге негізделген керуен сарайлар, базар, тұрғын үйлер, моншалар т.б. жалпы ислам сәулет өнерінің сол замандағы даму сипаты мен ерекшелігіне сай салынған. 1920 жылы Түркістанда Ә.Дербесәлінің дерегі бойынша 50 – ден аса мешіт болған. Өзірет Сұлтан кесенесінің маңында орналасқан Каландарлар, Көктас, Мутфулла қажы, Өзірет Сұлтан, Жеті ата, Әлқожа Ата, Тұтбай-Әлқожа т.б. мешіттер орналасқан. (Ергөбек, Қожа, Садықбеков 2015, 189 -б)

Кесененің солтүстік-батыс бөлігіндегі 12 га жердің тұрғын үй жайын қайта қалпына келтіру (регенерация) және онда туризм инфрақұрылымын қалыптастыру үшін зергерлік, ұсталық, көзешілдік кәсіппен шұғылданатын шеберханалар, керуен сарай түріндегі мейманхана, шығыс моншасы және т.б. құрылыс кешендерін орналасқан.

Тарихшы Б.Кәрібаевтың айтуынша «Аймақтың саяси орталыққа айналуы аймақ пен оның қалаларының әкімшілік, экономикалық, мәдени рөлдерін арттыра түседі. Түркістанның саяси-экономикалық, сауда-айырбас орталығы ретінде қайта жандануына күшті әсер еткен маңызды фактордың бірі - аймақ территориясы арқылы Ұлы Жібек жолының негізгі торабтарының өтіп жатуы болды. Ұлы Жібек жолы - Жерорта теңізінің жағалауларындағы елдерден Қытайға дейін, Евразияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоқсан торабы, сауда мен мәдени байланыстардың аса маңызды қатынас жолы. Ежелгі замандардан бастап, бүкіл ортағасырлар бойы елдер мен елдерді, халықтар мен халықтарды байланыстырған бұл жол, өмір нәріндей, Жол бойындағы мемлекеттермен оның жекелеген аймақтарында экономикалық дамуға қолайлы жағдайлар жасады, себепші болды. Бұл жағдай ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстанға, оның ішінде Түркістан аумағына да қатысты болды» деп атап өтеді. (Ергөбек, Қожа, Садықбеков. 2015, 5-б)

Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүние жүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді. Шаштан (Ташкенттен) жол Гизгирдқа, Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бағыт алған. Тараздан солтүстікте Адахкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан қимақтарға, оңтүстікте өздерінің туған өлкесінде - Шельдяни,

Куля және т.б. қалаларға тірелген. Сондай-ақ Тараздан Төменгі Барысханға, одан әрі Құлан, Мерке арқылы Аспараға жететін болған. X ғ. бастап Іле жазығындағы сауда жолы арқылы керуендер жүре бастайды. Осы жерден Іле Алатауының көпестері қазіргі Алматы мен Талғардың елді мекендеріне жолға шыққан. Талғарда жол қазіргі Шелек, Есік, Кеген аудандарында, Подгорныйға, одан әрі Шонжаға иек артады. Алакөл ауданында жол тармақталады. Екіөгіз, Қиялық, Көктем керуен жолдарымен Шығыс Түркістанға, Алтайға, Монғолияға шығуға болатын еді. Сырдария қалаларын байланыстыратын жолдардың маңызы орасан зор. Ол Испиджабтан басталып, солтүстік-батыста - Арсубаникент, Арыс, Кедер, Шавгар, Сауран, Сығанаққа әкелетін. Сығанақтан Жентке және Янгикентке тірелген. Исфиджабтан солтүстікке қарай түскен жол Құмкент, Аба - Ата, Созаққа барады. Одан әрі Орталық Қазақстанның жазық жерлері арқылы Кеңгір, Жезді, Нұра далаларына шығады (Байпақов, Нұржанов, 1992. 198-б.)

Тарихшы М.Қожаның айтуынша мешіт-медреселер Сырдария бойындағы қалалардың барлығында болған. Саурандағы археологиялық зерттеулер негізінде онда мешіт, медресе және ханака қалдықтары табылды. Мұсылмандық мектептер мен медреселерде кітап қорлары болуға тиіс. Молдалар, шайқылар, сопылар мен басқа дін иелерінің жеке кітапханалары болуы тиіс.

Қазақтың байлары діни құрылыстар салған. А.И.Левшин қазақтың бір байы XVIII ғ. салған мешітті атап өтеді: «богатый киргиз Меньшей орды ...по имени Кара-Булат сделал на берегу Сыра маленькое глиняное укрепление и внутри одного построил из глины мечеть, возле которого сам жил в кибитке». Хиуа тағында отырған Шерғазы аталған қалада медресе салғызғаны жөнінде мәліметтер бар. Тарихи деректерде қазақтар Бұқара қаласында да мешіт салғызғаны жөнінде хабарлар бар. Яғни осыдан келетін қорытынды – Қазақ хандығы дәуірінде діни білім беру орталықтары мешіттер, медреселер, ханакалар болды.

Қазақстандағы медреселердің ең ескісі, әрі ең үлкені Түркістан қаласының күншығысында Қаратау бөктеріне орналасқан айтулы “Қарнақ” медресесі. Оны бітіргендердің білім дәрежесі кезінде Бұхара, Самарқан, Ташкент қалаларындағы медреселердің шәкірттерінен кем болмаған. Қарнақ медресесінде қазақ халқының ахүн-жыраулары, би-шешендері ілім игеріп, халыққа имандылық, адамгершілік насихатын жайған. Олар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шортанбай Қанайұлы, Балмағамбет Балқыбайұлы сияқты есімдері жұртқа мәлім болған тұлғалар. Қарнақ медресесі жайлы көпшілік арасында «ол – елдің құты», «Ілім Қарнақтан тараған» деген сөздер тараған, молда алдын көрген талапты жас шәкірттердің көбісі Қарнаққа барып, білім

жетілдіріп қайтуды мақсат тұтқан. Зәуде осы медресеге келе қалса, ол шәкірт бақытты шәкірт болып есептелген. Өйткені медреседегі оқыту ісі көркейіп, өркен жайған XVIII-XIX ғасырларда келешекті ойлаған абыздар мен ел тізгінін ұстаған игі жақсылар рухани қажеттілікті айқын сезініп, ынталы балаларды оқуға жіберген, бұл жайт барлық жастардың қызығушылығын оятқан. Қарнақ медресесі XX ғасырдың бас кезіне дейін қазақ халқынан шыққан қаншама дін ғұламаларын тәрбиелеп, елдің рухани сұранысын қанағаттандырып келгені мәлім. Тек кеңес өкіметі орнағаннан кейін ғана Қарнақ медресесіндегі оқу жүйесі тоқтатылып, сол кездегі басқа да діни оқу орындарының кебін құшты. Қарнақта төрт медресе болған: 1. Халфе медресесі; 2. Шамухаммед ишан медресесі; 3. Молда Хашыр дамолла медресесі; 4. Әбілхайыр қазы медресесі.

Қазақ хандығының дамыған, өркендеген, кемелденген тұсында Түркістан шаһарының астана ретінде танылып, хан ордаларының Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында орын тебуі олардың ел басқару ісінде тасының өрге домалауына тікелей әсер етті. Бұдан кейінгі уақыт қазақ хандығы мен көршілес мемлекеттер арасындағы қақтығыспен, қызу тайталаспен, жорықпен өтсе де, қала мен ондағы киелі кесененің тағдыры басқаның қолына өткен жоқ. XVI-XVII ғасырға дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне алыс-жақын елдерден тарихи тұлғалар, әсіресе Әбілқайыр хан нәсілдері жерленетін болса, осыдан кейінгі кезеңде негізінде қазақ хандарының, батырларының, билерінің сүйектері жерленіп келді. Түркістан қаласы қазақ халқының рухани орталығы болса, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақтың игі-жақсылары жерленетін арнайы орынға айналды.

Негізінен Түркістан қаласы мен Түркістанға жақын ауылдарда ерте кезден ақ балалардың сауатын мұсылманша ашатын арнайы медреселердің болғаны анық. Ислам дінінің нәрімен сусындап өскен жас ұрпақтың бүгінгі болашағы жарқын.

Әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, Қазақстан . 1992. -198
2. Бекчурин М.С. Описание мечети Азрета в городе Туркестане // Военный сборник. – СПб, 1866. N8
3. Қазақстан тарихы Очеркі ред алқасы А.К.Акишев, М.Х.Асылбеков, К.М.Байпақов, Ж.Қ.Қасымбаев, М.Қ.Қозыбаев 1994, С. 85
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005

5. «Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны» халықаралық ғылыми-теориялық конференция Т. 2015 ж 5 б
6. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том
7. Тұяқбаев Қ. «Мәдени мұра» бағдарламасы: жетістіктері мен мәселелер

Ұлы Жібек жолы: шығыс пен батыс қарым-қатынасы

Ұлы Жібек жолы тарихы жұмбақ әрі сырға толы. Мұнда ғасырлар бойы тауарлар тасылды, алуан түрлі мәдени идеялар алмасты, дін уағыздалды, белгісіз шеберлер баға жетпес мәдени ескерткіштерді жасады, атақты саяхатшылар таңғажайып жаңалықтар ашты. Көпестер, елшілер ең маңызды жедел ақпараттарды жеткізді.

Қазақстан үшін Ұлы Жібек жолы өте маңызды. Қазақстан аумағынан Жібек жолының басты тармақтарының өтуі керуен жолдары бойында жүздеген қалалардың, бекеттердің пайда болып гүлденуіне, металл өндіру, қолөнер мен кәсіпкерліктің, ауылшаруашылығы мен мал шаруашылығының дамуына, сәулет өнері ескерткіштерінің озық үлгілерінің қалыптасуына, әсер етті.

«Жібек жолы» терминінің қайнар көзіне келетін болсақ, 1877 жылы неміс географы, геолог, ғалым әрі зерттеуші Вердинант фон Рихтхофен алғаш рет «Жібек жолы», «Жібек жолдары» деген атауды ғылыми айналымға енгізді. Бұл атау қиыр шығыс пен батыс әлемін байланысын жалғастыратын белгі ретінде өте сәтті қабылданды және жалпыортақ атауға ие болды. Алғашында Қытай мен Жерорта теңізі арасындағы материктің ұлан-ғайыр кеңістігіндегі керуен жолы жүйесін қамтыды. Бірақ зерттелу бағытына қарай келе терминнің мазмұны кеңейтілді. Ұлы Жібек жолы тек керуен жолы емес, әртүрлі өркениетті байланыстырған ерекше тарихи-мәдени феномен ретінде қарастырылды

Ұлы жібек жолының пайда болуын зерттеушілер бірінші жібек өндірісімен, жібек шаруашылығының тарихымен және Қытайдан тыс жерлерде жібек матаның пайда болумен байланыстырады. Қытайда ең көне жібек мата 1958 жылы Батыс Чжоу (б.з.д. XI-VII ғғ.) кезеңіне жататын Чаоян обасынан табылған. Матаның сапасы осы уақыт ішінде қарабайыр кезеңнен өтіп кеткені анықталды. Демек, Қытайдағы жібек өндірісінің тарихы бес мың жылдан артық уақытты қамтиды [1,11 б.].

Батыс пен Шығыс және Қытай өркениеті. Олар тікелей байланысқа қашан кірісті? Олар бір-бірін қашан білді, оларды байланыстарын Ұлы Жібек жолы қашан пайда болды?

Егер «Жібек жолының» жекелеген тармақтарының түп-негізі туралы айтар болсақ, қарым-қатынастар мен айырбас байланыстарының басы уақыт

жағынан б.з.б. III-II мыңжылдықтарға тіреледі. Бұл байланыстар Бадахшан тауларында лазурит, Хотан аңғарында нефрит кеніштерінен кен қазылуы себепті жолға қойылған еді. Бадахшанда өндірілген лазурит Иранға, Месопатамияға, Анадолға, Мысыр мен Сирияға шығарылды. I мыңжылдықтың орта шенінде Бадахшанның лазуриті Қытайға тасмалданылған. Орта Азия мен Орта Шығысты Жерорта теңізімен және Үндістанмен жалғастырған «Лазуритпен» қатар Шығыс Түркістанды Қытаймен байланыстырған «Нефрит» жолы да жұмыс жасаған.

Қола дәуірі кезінде Оңтүстік Орал, Алтай, Орталық Қазақстан аймақтары қола орталығына айналып, бүкіл Евразияны қоламен қамтамасыз еткен. Орталық Қазақстан мен Алтай өңірінен қола және қола бұйымдары сауда жолдары арқылы батысқа және Шығыстағы Синьцзянь аймағына тасымалданған. Б.з.б. I мыңжылдықтың орта шенінде «Дала жолы» жандана бастады. Қара теңізге дейін көшпелілер бұл жолмен аң және мал терілерін апарған. Зерттеушілердің ойынша қоланың таралуы Жібек жолының өзіндік бастамасы болса керек [2, 492 б.].

Ұлы Жібек жолының қалыптасу генесізі Қиыр Шығыстың солтүстік, батыс және оңтүстік батысындағы елдермен байланыс орнатпаса мүмкін болмас еді. Бұл үрдіс ежелгі қытайлықтардың Моңғолия және шығыс Түркістанның көшпелі тайпаларымен және көшпелі тайпалардың өзара қарым-қатынасы (юэчжи, сюнну, үйсін, ғұн) нәтижесінде қол жеткізеді. Хань династиясының императоры У-Ди б.з.б. 193 жылы елші Чжан Цяннды юэчжей тайпасына сюнну тайпасымен соғысқа қарсы одақтас ретінде көндіруге жібереді. Бірақ елші сюннулардың қолына түсіп, он жылдан кейін тұтқыннан қашып шығып қана өз сапарын жалғастырады. Сапар нәтижесіз аяқталғанмен, Чжан Цянның батыс елдері туралы жинаған мәліметі аса құнды болды. Ол Фергана мени Бактрияда болып жеті сауда қаласын көріп, Үндістанға сауда керуендерінің жүретінін айтады. Чжан Цяннь саудагерлемен тілдесе отырып, Үндістан, Парфия туралы ақпарат жинайды. Жаңа жерлер туралы мәліметтер қытайлықтардың географиялық білімін арттырып, қытайдың сыртқы сауда байланысын кеңейтуге негіз болады. Бұдан кейін жібек тиеген қытай сауда керуендері мыңдаған шақырымға қарамастан Жерорта теңізіне дейін жетті [3, 500 б.].

Бірақ, Орта Азия, Қазақстан, Алтай, Сібір жерлеріндегі археологиялық зерттеулер қытай жібегінің Чжан Цяннь миссиясынан бұрын таралғандығын анықтады. Алтайдағы Пазырық «патша» қорғандарын қазу кезінде бір обадан б.з.б. IV ғасырмен мерзімделген феникс кестеленген жібек көрпе табылды. Жібек маталар Есік, Сібірдегі Аржан және Еуропа аудандары қорғандарынан да шықты.

Ұлы Жібек жолы бірнеше тармақтарға бөлінді. Жол Сианьнан басталып, Ланьчхоу арқылы Дуньханға келген. Осы жерден екі айрыққа бөлінген: солтүстік жол және оңтүстік жол. Солтүстік жол Қашқар, Жаркент, Алматы, Баласағұн, Мерке, Құлан, Тараз, Испиджаб, Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Мерв жалғастырса, оңтүстік жол Ланьжоу, Хотан, Ыстықкөл жағалауы, Мерв, Қаракөл, Ферғана арқылы өткен. Балх шаһарынан Үндістанға, содан қайтып Мервке келген. Мервте оңтүстік жол және солтүстік жол қосылып, одан әрі батысқа қарай Ниса, Гекотомпил, Эктабана, Бағдад арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы порттарға Тир мен Дамаскіге дейін жеткен.

VI-VII ғғ. солтүстік жол қарқынды дами бастады. Жетісудағы түркі қағандарының керуен жолдарын бақылауға алуы және экономиканың тұрақтылығы Ұлы Жібек жолының басты жолы болуға ықпал етті. Сауда керуендерінің көпшілігі, елшілер VII-XIV ғғ. дейін осы жолмен жүрді.

Қытайдың Батыс аумағынан (қазіргі Синьзян) шыққан керуен жолы Жетісуға Жоңғар қақпасы арқылы, Алакөл жағалауына, Қазақ Алатауының етегімен Лепсі мен Қаратал алқабына жетіп, Іледен өткен. Сосын жол Іле Алатауы арқылы, Қастек, Қордай, Шу және Талас алқабындағы Суяб, Науакент, Тараз және Оңтүстіктік Қазақстанның ірі қалалары Испиджабқа дейін жетіп ары қарай Арыс, Отырарға одан әрі Сырдарияның төменгі ағысын бойлай Арал маңына жеткен.

Отырар қаласы көптеген керуен жолдарының тоғысатын торабында тұрды. Осы жерден бір жол Шауғарға, ал екіншісі Сырдария арқылы өткелден өтіп, Васидж қаласына жетті. Осы жерден жол Қызылқұм арқылы Хорезмге, Үргенішке, ал осы жерден Каспий маңы, Повольже, Европаға шықты. Жібек жолының бұл бөлігі XIII ғасырда, Еділдің төменгі ағысында Алтын Орданың Сарай қаласы қалыптасқан кезде жандана түсті. XIII-XIV ғғ. бұл жол Сарайшық, Сарай –Бату және Каффа арқылы өткен.

Қазақстандағы Жібек жолының бір тарабы Оңтүстік Қазақстан және Жетісу арқылы өтіп, тармақтары Дешті-Қыпшақ даласына Ертіс бойына Алтайға, Сібір және Моңғолияға дейін жетті. Жібек жолдардың барлығы бір-бірімен байланысты болды [4, С–18-19].

Ұлы Жібек жолы – ежелгі өркениеттердің жеткен тамаша жетістіктерінің бірі. Оның тарихы беймәлім елдердің аумағындағы шөл мен тауларды алғаш басып өтушілердің ерлігімен қызықты. Керуен жолы сапары өте қиын болуына қарамастан қытай жібектері Батыс әлемнің ең шалғай батыс нүктелеріне дейін жетті. Жеңіл, ықшам сондықтан да тасымалдауға ыңғайлы мата қымбат бағасына қарамастан, керуендердің алыс елдерге апаратын негізгі тауарына айналды. Ерекше жұмсақтық, талғампаздық, сұлулық сезімін беретін жібек маталар сатып алушылардың назарын өзіне

аударды. Қытай жібегі алтынмен бірге саудадағы басты және негізгі зат ретінде нақты халықаралық валютаға айналды. Жібек сыйлық ретінде жоғары бағаланды, оларды билеушілерге, елшілерге тарту етті. Олардың көмегімен елдер арасында бейбітшілік орнады, одақтар жасалды. Осылайша, жібек ежелгі дәуірде де, орта ғасырларда да өте маңызды рөл атқарды. Орта Азия мен Шығыс Түркістан сарайларының фрескаларында жібектен киім киген билеушілердің салынатыны кездейсоқ емес [5,136-137б.].

Қытайда жібек маталарын дайындау құпиялары әскери өнердің құпиялары сияқты құнды болды және жоғарғы деңгейде қорғалды. Құпия жариялағаны үшін өлім жазасы қарастырылды. Жібек құрты өндірісі Европада тек XIII ғасырда ғана қолға алынды.

Қытай Жібек жолы арқылы адамзатқа жібектен басқа қағаз бен баспаның, компас пен оқдәрі, фарфордың керемет өнертабыстарын берді. Қытайда қағаз өндірісі алғаш рет VIII ғасырда қолға алынып, осы жерден батысқа тарап, бұрынғы жазу материалы – пергамент пен папирустың орнын басты. Адамдар мен идеялардың еркін қозғалыста болуы аса көрнекті энциклопедияшы ғалымдар, ақындар мен философтар және олардың мектептерінің пайда болуына ықпал етті. Әбу Райхан әл-Бируни мен Ибн Синаның (Авиценна) еңбектері бүкіл Шығыс әлемі және Батыс Еуропа медицинасына зор әсер етті [6].

Ұлы Жібек жолы арқылы батыс елдері алғаш рет қытай шайымен танысты. Қытайлықтар шай өндіру сырын жібек матаның өндіру құпиясын сақтағаны сияқты, шай әзірлеу технологиясын да керемет ұқыптылықпен басқа халықтардан ғасырлар бойы жасырып келді.

Ұлы Жібек жолы арқылы Шығысқа қандай тауарлар жеткізілді?

Римнен, Византиядан, Индиядан, Араб халифатынан, кейінірек Ресей және Еуропа елдерінен Қытайға осы елдерден шыққан тауарлар тасылды. Мұнда фарфор, аң терісі, металдан жасалған бұйымдар мен қару-жарақтар, алтын мен күміс құймалары, дәмдеуіштер, хош иісті заттар, дәрі-дәрмек, піл сүйегі, асыл тастар саудаланды. Жібек жолымен асыл тұқымды жылқылар мен сәйгүліктер, түйлер мен пілдер, мүйізтұмсықтар, қаршығалар мен сұңқарлар, тотықұстар кең түрде алмасып сатылды.

Жібек жолы бойымен Қытайға Орталық Азия мен Шығыс Жерорта теңізінен де жаңа тауарлар келді, мысалы: жүннен жасалған бұйымдардың алуан түрі – кілемдер, перделер, төсек жапқыштар, түскиіздер. Олар жүн, зығыр өңдеу, кілем өндірісі, кілем тоқу әдістерінен бейхабар қытайлықтарға үлкен әсер қалдырды. Ежелгі Қытайда парфияның гобелен маталары мен кілемдері жоғары бағаланған. Мәдени өсімдіктер: жүзім, шабдалы, қауын, тәтті тағамдар мен қант, жемістер мен көкөністер Жібек жолы арқылы

тарады. VII ғ. сары шабдалыларды Самарқанд патшалығы Қытай сарайына сыйлық ретінде жіберген. Олар қаздың жұмыртқасындай үлкен болды, - дейді дереккөз, олардың түсі алтынға ұқсас болғандықтан: «алтын шабдалы» деп аталды. Бұл патша жемісі өскен бірнеше ағаш көшеттерін елшілік керуені Тарым ойпатының шөлдері арқылы әкеліп, Чанъань сарайының бақтарында өсірді. Бұл халықаралық айырбас үлгісінің өзіндік негізі болды. Орталық Азиядан апарылған дақылдардың бірі – жүзім. Қытайлықтар үшін жүзім жаңалық болды. Оның үстіне қытай елшілері шарапты күріштен емес, өздеріне беймәлім жидектерден жасауға болатынына қатты таң қалды. Қытай басқа елдерден бұршақ, жаңғақ, бадам және анар, пияз, кориандр, қияр, құрма, шафран, күнжіт, сәбіз және т.б. алды. Осы сауда жолдары бойында медициналық білім, дәрі-дәрмек пен фармакологиялық тәжірибе тарату маңызды болды [7].

Ұлы Жібек жолы тағы бір маңызылығы мәдени қарым-қатынастардың көпжақтылығы болып табылады Тек отырықшылар көшпелілерге емес, сонымен бірге көшпелілер де қалалық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосып отырды. Көшпелілер мал, мал шаруашылығынан алынған өнімдерді – тері, жүн, осылардан жасалған бұйымдарды, сонымен қатар суық қарулар мен ағаштан жасалған өнімдерді жеткізіп сауда айырбас жасайтын. Айырбас сауданың дамуы жібек жолы бойындағы қалаларда ақша айналысын тудырды. Халықаралық және аймақаралық саудада Қытайда, Соғдыда, Таразда, Шағада, Ферғанада, Бұхарада соғылған теңгелер пайдаланылды.

Жәрменке, базар саудасы қызған Иасы, Отырар, Баласағұн, Тараз, Мерке, Атлақ, Шаш, Сарай, Сарай әл-Жадид, Сарайшық, Самарқанд, Бұхара, Ходжент тәрізді қалаларда алтын, күміс, мыстан тұрақты түрде пени, фулс, дирхем, динар секілді темір ақша түрлері соғылды. Олардың бір бөлігі халықаралық және аймақаралық саудада қолданылса, басқалары жергілікті саудада ғана қолданылды [8, 123].

Ұлы Жібек жолы арқылы әртүрлі тауарлар ғана емес, рухани құндылықтар да өтті. Ұлы Жібек бойымен Іле алқабындағы қалаларға алыс елдерден көпестермен бірге несториан, будда, ислам діні наным-сенімін уағыздаушы монахтар, священниктер, кожалар келді. Солтүстік Шығыс Жетісу жеріндегі ортағасырлық Қойлық (Қаялық) қаласына қазба жұмыстарын қазу кезінде ислам мешіті, будда ғибадатханасы және христиан шіркеуі табылғандығы дәлел [9,134]. Буддизм Қытайда философиялық ойдың және ғылымның бұрынғыдан сапалы түрде басқа деңгейде өркендеуіне себепші болды. Ислам, буддизмге қарағанда Ұлы Жібек жолының ұлан-

ғайыр кеңістігінде ондаған елдер мен халықтардың жетістіктерін біріктіріп, өзінің қайталанбас рухани әлемін, өзіндік бірегей мәдениетін жасады.

Қазақ даласынан шыққан ойшылдар – Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи еңбектері және оның жолын жалғаған Әбу Ибраһим Исқақ бин Ибраһим әл-Фараби, Әбу Насыр Хаммад әл-Жауһары әл-Фараби және т.б. ғұламалардың шығармашылығы Орта Азиядағы халықтарымен қатар, Жібек жолы арқылы батыс елдеріне де тарады.

Зерттеушілер атап көрсеткендей, Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде Шығыс Түркістан мен Орталық Азия қалаларының музыкалары неғұрлым көбірек тыңдалғаны белгілі болған. Кушанның, Қашғардың, Бұхара мен Самарқандтың, Үнді мен Корейдің музыкалық дәстүрлері ресми қамқорлықтың қытайдың музыкалық дәстүрімен етене астасып кетіп жатты [10].

Ұлы Жібек жолының басты құндылығы – керуен жолы бойындағы қалалардың өркендеуі. Қаладағы мешіт-медреселердің, керуен сарайлардың, кесене-күмбездердің, өзге де айшықты, еңселі сәулет ескерткіштерінің салынуы, Ұлы Жібек жолымен байланысты. Ортағасырлық авторлардың деректері мен археологиялық қазба жұмыстары Жібек жолы бойындағы халықаралық сауданың IX ғ. мен XIII ғ. басында ерекше дамығандығын айғақтайды. Жетісу, Сырдария, Сарыарқа, Орал-Каспий алқаптарындағы қалалардың ішінде Испиджаб, Кедер, Отырар, Тараз, Науакент, Сауран, Жанкент, Баласағұн, Сарайшық қалалары ірі сауда орталықтары саналды. Қалалар санының өсуі, олардың аумағының кеңеюі, қала тұрғындарының санының артуы қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына әсер етті.

Ұлы Жібек жолының арқасында Оңтүстік Қазақстан, Жетісу қалалары әлемнің шартарабымен – Ұрыммен (Византия), Иранмен, Орта Азиямен, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістан аймағымен тығыз сауда қатынасын жүргізуге мүмкіндік алды. Осы жолдар бойындағы халықаралық байланыс сәулет пен қала құрылысына үлкен әсер етті. Бір ғана мысал жеткілікті – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тараз қаласы маңындағы Айша бибі кесенесі, Самарқандтағы Темірдің керемет ғимараттары. Ол көптеген елдердің архитектуралық стильдерін, пішіндерін, құрылыс техникасын біріктіреді. Мұның барлығын тек Орталық Азия сәулетшілері ғана емес, сонымен қатар Иран, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Ирак, Сирия, Кіші Азия, Үндістанның шеберлері жасаған.

Ұлы Жібек жолының құлдырауы XV ғ. ортасында Мин династиясының билікке келуімен, Қытайдың оқшаулануымен және теңіз жолының дамуына байланысты құлдырады. Дегенменде Қытай мен Қазақстан және Орта Азия

арасындағы керуен жолының кейбір желілері ХІХ ғасырға дейін жалғасын тапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Великий шелковый путь» диалог культур востока и запада.–Астана: Атамекен, 2005.– С.11.
2. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 1 том. – Алматы: Атамұра, 1996.– 492 б.
3. Сонда, 548- 550 б.
4. К.М.Байпаков. Средневековые города Казахстана на Шелковом пути. Алматы: Ғылым,1998. С–18-19.
5. Отарбаева Айна. Жібек матаның «Жібек жолы» тарихындағы маңызы. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы №1 (84).2017, 136-137 б.
6. Қазақстан аумағындағы Жібек жолы // [Электронды ресурс] Қол жеткізу режимі: <https://ikaz.info/aza-stan-auma-ynda-y-ly-zhibek-zholy/> (жүгіну күні: 30 наурыз 2022)
7. Товары, шедшие по Шёлковому пути // [Электронды ресурс] Қол жеткізу режимі: https://studwood.net/510317/istoriya/tovary_shedshie_shyolkovomu_puti
8. Ахметжанов Д., Алимжанова А. Ұлы Жібек жолы мәдениеттерінің өзара әсері. ҚазҰУ Хабаршы №2 (68) 2019,123 б.
9. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. Фолиант –Астана-2017 134 б.
10. Великий Шелковый путь // [Электронды ресурс] Қол жеткізу режимі:<https://baza-referat.ru>

Тараз қаласында Византия елшісін қабылдаған Естеми қаған ба, әлде Мұқан қаған ба?

Ұланғайыр түркі даласын жайлаған барша түркі тайпаларының басын бір тудың астына біріктіріп, Азияда теңдесі жоқ ірі мемлекет құра білген ағайынды Бумын қаған мен Естеми қағанның тарихи есімдері мәңгілік тасқа қашалып жазылып, бүгінгі ұрпағына жетті. «Ер есімі ел есінде» дегендей артында қалған ұрпақтары мен халқы ешқашан оларды ұмытпақ емес. Қанаттыны сындырып, тізеліні бүктіріп, аш халқын тоқ қылып, аз елін көп қылып, дұшпандарын жоқ қылып кең байтақ далада Түркі деген атауды әлемге жайған қос тұлғаның аты ешқашан өшпей осылайша тарихта қалды. Біздің қозғағалы отырғаны ғылыми мақаламыз да осы екі тұлғаның бірі, атағы жер жарған ұлы қаған Естеми туралы болмақ. Айтар ойымызды ұшқырлап алар болсақ негізгі қағидамыз Естеми қағанның қай жылдары қаған болып, елді қанша жыл билегені болмақ. Себебі, тарихта бұл тұлға жөнінде көп айтылып, көп жазылып жүргенімен оның нақты қай жылдары өмірден озғаны туралы және билік басында неше жыл отырғаны әлі нақты айқындалмаған дерек еді. Тарихта ағасы екеуі ең алғаш Түркі деген атпен 545 жылдары шығып, үлкен империя құра білді. 552 жылы Түркі қағанаты нақты мемлекетке айналып, Еуразия даласының жартысын жаулап алды. Сол дәуірдегі дүркіреп тұрған Жужан қағандығын талқандап, қытайға дейін алым-салық салдырып, өздері тасқа қашап жазғандай халықтың әл-ауқатын жақсартып, бір тудың астына жинады. Бірақ, өкінішке орай Бумын қаған ұзақ өмір сүрмей 552 жылы ерте дүниеден озды. Оның тағына інісі Естеми қаған отырды. Бірақ, ұзамай бұл да қайтыс болды. Міне, тарихтың шатасып жатқан жері де жаңылысып кеткен тұсы да осы жер еді. Өйткені, біз Естеми қағанды 572 жылға дейін өмір сүріп, тарихта Дизабул деген лауазыммен қаған болды деп айтып жүрміз. Ал шынында да бұл дерек осылай ма? Егер осылай болған болса неге өз атауы мүлдем аталмай кетті және қытай деректері бұл туралы не айтады? Егер Дизабул қаған осы тұлға болса неге ол Батыс Түркінің ғана қағаны болды? Неге үлкен тақта Алтайда отырмады? Міне, жауабы жоқ осындай сан сұраққа жауап іздеп, ғылыми өз көзқарасымызбен зерттеп, зерделеп, тарихтың осы тұсын деректер арқылы ашып, анықтауды мақсат тұттық.

Әлқиссадан бастасақ алдымен сонау Жужан қағандығы кезіндегі түркілердің өмір тарихына көз жүгіртейік. Көптеген зерттеушілер Жужан мемлекетін әртүрлі тайпалардан құралған рулардың одағы санайды. Оның ішінде күштеп бағындырылған түркі рулары да бар деп есептейді. Яғни, Бумын мен Естемидің әкесі билеген түркілер Жужан елінің темірін өндіріп отырған металлургия қызметін атқарғанды. Жужан қағаны Анахуанның шексіз билікті иеленіп, көкірегіне нан пісіп, абыройы асқақтап кеткені соншалық халықтың үніне құлақ аспады. Бұған шыдай алмаған Тоба тайпасы тал-тұяғымен үдере көтеріліп қарсы шығады. Міне, дәл осы сәтті өз ниетіне дұрыс пайдалана білген Бумын мен Естеми қаған 50 мың үйлі Тобаларды күшпен басып, өзіне бағындырады. Мұны өзінің одақтасының көтерілісшілерді басқаны деп түсінген Жужан ханы Анахуан Бумын туралы жаман ойламады. Қайта оған бүлікшілерді басты деп қуанды. Ал Бумынның ойы мүлде басқа болатын. Төле мен Тобаларды бағындырып күшейіп алған соң түркі қағаны Анахуанға терезесі тең ел ретінде қызына айттыру салды. Бұл туралы қытайдың «Жоунама» билік баянының 50 бума 42 баяны Түрік бөлімінде былай дейді: «12 (546) жылы Тамын да жергілікті бұйымдарын тарту етуге елшісін жіберді. Осы кезде телектер нәселдердің (Жужандар) үстіне аттанды. Тамын өз жасақтарымен тосқауылдап оларды талқандады. Осылайша 50 мыңдай түтін бұларға берілді. Бұлар едәуір күшейген соң нәселдерден қыз айттыруға араға жаушы салды». Бұл үрдіс түркілердің Жужандарға қарсы соғыс бастау үшін көрсеткен негізгі сесі еді. Бұған қатты ашуланған Анахуан оларды «менің теміршілерім, құлдарым» деп қорлай намысына тие сөз қатты. Осы кезеңді арнайы күтіп отырған Бумын мен Естеми қағандар бірден оған қарсы соғысты бастап кетті. Себебі, түркілер өздерінің күші мен әскери дайындығына өте нық сенімді болды. Осылайша тарихтың тарпаң шыңында Алтай аймағында астаң-кестеңі шыққан алапат ұлы өзгерістер дүниеге келді. Жужан хандығы жеңілді, түркілер оларды талқандады. Тарихтың тарлан тамырында Ұлы Түркі қағанаты деген жаңа мемлекет жарық күндей жарқырап шықты. Бір жарым, екі жыл ішінде айналасындағы елдердің бәрін жаулап, қытайға дейін алым-салық салып та үлгерді. Өзге елдер үшін еуразия даласындағы ең күшті де қауіпті мемлекетке айналды. Мемлекеттің даму жүйесі де, экономикалық-саяси гүлденуі де осы екі қағанның көрегендігімен өміршеңдігін көрсетті. Бумын қайтыс болғанда таққа інісі Естеми қаған Қара Ыссық қаған деген лауазыммен отырады. Яғни, тарихта ең алғашқы «Қара қаған, қара хан» деген титулдық атауды алған да осы Естеми болатын. Ал Ыстық, Ісіг деген оның есімі болатын да, ал Қара деген лауазымы еді. Көптеген тарихшылар осы есімді Бумын қағанның баласы деп деп шатасып жатады, бұл баласы емес,

інісі еді. Тарихшылардың шатасуына да себеп сол, қытай жазбасындағы оны Бумынның баласы деп жазуы еді. Қытайдың «Жоунама» билік баянында: «Тамын (Бумын қаған) өлгеннен соң баласы Қара таққа отырды. Қараның лауазымы – Ісіг қаған еді. Ол да Теңчүкісті (Жужан ханы) Уо-йенің солтүстігіндегі Мұғрат тауында талқандады» деген дерегіндегі Қара Ыссық Естеми болатын. Жұңғолардың оны баласы деп жазуы көп зерттеушілерді шатастырды. Егер ол баласы болса онда Естеми қаған қайда қалды? Естеми сонда таққа отырмағаны ма? Ал түркілердің өздері тасқа қашап жазған естелік жырларында: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде кара Жер жаратылғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істемі (Істімі) қаған отырған» деген мақтау жырын қайда қоямыз? Яғни, Бумын қаған өмірден өткен соң орнына Естеми отырғаны шындық қой?! Және тарихтың шаң басқан біраз беттерінде Қара Ыссық хан Бумын қағанның баласы деген шежірелік деректер тарап кетті. Сондықтан мұның басын түбектелген түйіннен ашып алып, Қара Ыссық қаған Естемидің нақ өзі екенін, оның екінші есімі Ісігті Ыссыққа аударып жіберіп, қытайдың шалыс кеткен дерегіндегі баласы деген дереккөзге тарих санасының терең түкпірінен үңіліп қарауға кеңес берер едім. Сонымен, Естеми қаған да ағасының ісін әрі қарай жалғастыра отырып, Жужан қағанының үрім-бұтағын түгел жойып тынды. Түркінің кең-байтақ дархан даласында түркілердің ат-тұяғының дүбірі шексіз ойнап жатты. Қытай мен солтүстік елдерді бағындарған Естемиге ендігі кезекте оңтүстік қазақ жерлеріндегі Эфталиттер жерін жаулап, экономиканың негізгі тірегі болып отырған ортағасырлық қалаларды өзіне қарату еді. Өкінішке орай, 553 жылдың күзінде бір жарым жыл ғана тақта отырған Естеми қайтыс болады. Таққа інісі Бумын қағанның үлкен ұлы Мұқан қаған отырады. Міне, айтпақ ойымыздың негізгі өзегі де осы болатын. Себебі, 568 жылы Эфталиттерді талқандап, Тараз қаласының маңындағы Мыңбұлақ жайлауында Византияның елшісін қабылдап, олармен Парсыларға қарсы келіссөз жүргізген Естеми емес, Мұқан қаған болатын. Ол рум жазбаларына Дизабул деген атпен енді. Ендігі осыны дәлелдеу үшін сол дәуірдегі түркілердің барлық қадамын қағазға түсіріп, бақылап отырған қытай деректеріне көз салайық.

Тағы да қытайдың «Жоунама» дерегіне жүгінейік: «2 жылы (553) наурызда Қара (Естеми) сарайға 50 мың жылқы айдатып елшісін жіберді. Қара өлген соң оның інісі Іркін Мұқан қаған деген лауазыммен таққа отырды. Іркіннің тағы аты Йенді еді. Ол ерекше жаралған жан еді». Осында айтылып отырған Қара Ыссық, яғни Естеми қаған 553 жылдың күзінде көп ұзамай қайтыс болғаны. Осыдан кейін барып таққа Бумынның үлкен ұлы Мұқан

қаған отырғанын нақты білуге болады. Яғни, тарихта Естеми қағанның аты өзі өлген соң мүлдем аталмай кетеді. Ал Мұқан қаған қытайша Сидоу, Сизоу деген атаумен Византияның да Парсының да тарихына енді. Қытайдың «Сүйнама» жазбасы 84 бума 49 баян Түрік бөлімінде: «Елетміш (Бумын) қаған өлген соң, оның орнына И қаған отырды. Кейінірек ол да аурудан қайтыс болды. Оның орнына баласы Шатуды емес, інісі Сідіні таққа отырғызды. Ол Мұқан қаған деп аталды» деген деректе Естемидің (И қаған) ағасы өлген соң ұзамай қайтыс болғаны және таққа Бумынның баласы, Естемидің інісі Мұқан қағанның Сидоу деген қытайша лауазыммен отырғанын байқаймыз. Әрине, қытай деректеріне сын көзбен қарау керек шығар, бірақ, бұл дерекке сыни көзбен қарап, тереңге бойлайтындай артық ештеңе айтылып тұрған жоқ, керісінше нақты деректі бізге жеткізіп тұр. Бабаларымыз түркілердің салт-дәстүрінде аға өлсе орнына інісі таққа отыратынын ескерсек, түрік хандары да сол дәстүрден таймағаны айқын. «Сүйнамада» бұл туралы Таспар қағанның өзі өлген соң тақты баласына емес, інісіне беріп кетуі айтылады. «10 жыл елін билеген Таспар ауруы асқынып өлер шағы болғанда, баласы Әміреге: «Туыстық жақындықта әке мен баладан артығы болмайды деп естуші едім. Ал менің ағам жақыным деп өзінің баласына тартпай тағын маған беріп кетті. Мен өлсем, сен Төременге жол бер» - деді. Таспар өлген соң орда біліктілері тақты Төременге ыңғайлады» дейді қытай жазбасы. Көріп отырғанымыздай тақ ағадан ініге ауысып отырғандығы.

Жужандарды талқандаған түркілер ендігі кезекті оңтүстік өңірге аударады. Бүкіл қолды бастап Эфталиттер мен парсыларға қарсы жорыққа аттанған Мұқан қаған оларды айналасы 4-5 жылдың ішінде талқандап шығады. Атағы дүркіреген Түркілердің еуразия даласының қожайынына айналғанын естіген Византия императоры олармен парсыларға қарсы одақтас болу үшін елшісі Земархты Мұқан қағанға жібереді. Мұқан қаған дәл осы сәтте Тараз қаласының маңындағы Мыңбұлақ жайлауында отырған болатын. 568 жылы өзінің алтын тағында Византия елшісін қабылдап, олармен парсыларға қарсы келісімге келеді. Осы бір тарихи оқиғалар Земархтың жазбаларына түседі. Земарх өз жазбасында Түркінің ұлы қағаны Мұқан қағанды Дизабул, Сидобул деген атпен жазып қалдырады. Ал бұл атау жоғарыда айтқанымыздай Естемидің емес, Мұқан қағанның қытайша Сидоу, Сизоу деген лауазымының өзгерместен тарих бетіне түскен кезі еді. Тағы бір дәлеліміз тарихта Естеми де Мұқан қаған да 20 жыл ел билеп тақта отырғаны айтылып та жазылып та жүр. Сонда екі қаған бір мезетте, бір мезгілде тақта отыруы мүмкін бе? Болмаса Естеми Мұқан қағанға бағынышты кіші қаған болып қалмай ма? Ал бұл өз кезегінде түркінің салт-дәстүріне келмейтін

дүние. Тағы да «Сүйнамаға» жүгінейік: «Мұқан қаған 20 жыл ел биледі. Ол өлгеннен кейін орнына баласы Төремен емес, інісі Таспар қаған деген лауазыммен таққа отырды. Таспар қаған Шатуға Нұр қаған деген атақ беріп, мұқым шығыс жақты билетті. Өзінің інісі Нұқтан қағанның ұлын Бөрі қаған етіп тағайындады, ол батыс тарапта тұрды» дейді. Мұқан қаған Естеми қаған 553 жылы өлген соң таққа отырып, 572 жылы, кей деректе 576 жылы қайтыс болды. Міне, деректер бізге айқын тарихи оқиғаларды анықтап беріп тұр. Естеми қағанның ағасы Бумынның артынша өмірден озғанын қытайдың тағы бір дерегі анықтайды. «Солтүстік әулеттер тарихы» билік баянының 99 бума 87 баян «Түрік, Батыс Түрік, Телек» тарауында: «Түріктердің арғы аталары Батыс теңіздің оң жағын мекендеп, өз алдына ұлыс құрды... Елетміш қаған өлген соң, орнына інісі Ай қаған таққа отырды. Ол да нәселерді жеңді. Кейінірек ол да аурудан қайтыс болды. Орнына баласы Шатуды емес, інісі Ічүкті таққа отырғызды. Ол Мұқан қаған деп аталды». Осындағы «Ол да аурудан қайтыс болды» деген анықтамаға қарасақ ағасы Бумын қаған сияқты інісі Естеми қаған да ауырып өлгенін аңғару қиын емес. Яғни, Естеми де көп ұзамай жарты жыл ма, мүмкін бір жыл ма отырып барып өмірден өткендігі. Және оның қосымша «Ай қаған» деген лауазымының болғанын аңғарамыз. Сосын көп тарихшылар айтып жүрген Шету қаған Бумынның ұлы емес, Естемидің ұлы болғандығын осы дерек нақты дәлелдеп беріп тұр. Себебі, баласы Шетуді емес, інісі Бумын қағанның ұлы Мұқан қағанды таққа отырғызғаны айтылып тұр.

Міне, бұл деректе де Бумынның інісі Естемидің Ай қаған деген лауазыммен таққа отырғандығы, сосын көп ұзамай қайтыс болғандығы тайға таңба басқандай жазылып тұр. Бұл жерден тағы бір білгеніміз Естемидің Ай қаған деген екінші бір лауазымының бар екендігі. Әрине, өзі өмірден ерте кеткен соң бұл атақтар айтылмай кеткені ақиқат, бірақ дерекке түсіп қалғаны біз үшін өте маңызды. Себебі, Бумын мен Естеми қағандар бір әкеден екі ұл ғана болғандығы. Қытайдың әрбір елу жыл сайын көшпенділер тарихын өздерінің хатына түсіріп отыратын ескерсек, бұл деректерде шынайылық бар деуге болады. «Жаңа таңнама» 215 бума (2) 140 баян (2) «Түрік (2)» бөлімінде: «Батыс Түріктің арғы атасы – Нағыз Түрік шадтың немересі Таму. Лауазымы Тай Ябғұ. Оның үлкен ұлы Тамын Елетміш қаған, екінші ұлы Істемі» екенін жазады. Сосын осы жерде айта кетер тағы бір дәлел, Мұқан қаған батысты жаулап келіп, осы өңірді өзінің ұлы Төременге беруі еді. Сол Төремен өмірден озған соң барып Естеми қағанның ұрпақтары билік басына келе бастайды. Бұл туралы «Солтүстік әулеттер тарихы» билік баянында: «Батыс Түрік Мұқан қағанның ұлы Төременнен басталады. Ышбарамен араздасуына байланысты ел екіге айрылып, Төременге қараған бөлігі

біртіндеп күшті мемлекетке айналды. Шығыста Түкенге, батыста Күсән, Телек, и-уға дейінгі және жалпы Батыс өңірдегі хулар соған қарады». Байқап отырсақ Батысқа жорықты Шыңғысхандай бастап келген де Мұқан қағанның өзі екенін және осы Батыс өңірді өзінің үлкен ұлы Төрменге бергенін дәлелдеудің еш қиыны туып тұрған жоқ. Керісінше, бұл бізге нақты тарихи оқиғалардың кімнен басталып, кіммен аяқталғанын және кімнің қай кезеңде тақта отырғандығын айқындап берген маңызды мәселе. Мұқан қаған өзі билік еткен 20 жылдың ішінде сонау Қиыршығыстан бастап Ұлы қорғанның теріскейінде жатқан жазық даланың барлығын және оңтүстігі Парсы шекарасына дейінгі аралықты бағындырып, Батыста Кавказ бен Византия мемлекетінің аумағына барып тірелді. Мұқан қағанның ерлігі мен жаулаушылығын қытайлар да тамсана жазып кетті. «Сұйнама» ғұмырлық билік баяны кітабында: «Мұқан қаған батыр да ақылды адам еді. Ол нәселерге тағы да шабуылдап, оларды жойды. Батыста абдалдарды талқандап, шығыстан қытандарды қуды. Солтүстіктегі нұмдар мен тиектер оған түгел бағынды. Осылайша олар Кіндік қағанатпен үзеңгі қағыстырды. Кейінірек Батыс Уеймен күш біріктіріп, Шығыс Уейге шабуыл жасап Тэйюанға дейін келді» деп, ешқандай күш қарсы тұра алмайтын дәрежеге жетті. Бұл деректі толықтыра түскен «Жоунама» билік баяны да: «Іркін (Мұқан қаған) батыста абдалдарды күйретті, шығыста қытандарды үркітті, солтүстікте қырғұрларды өзіне қосып алды және Ұлы Қорғанның сыртындағы елдерді де айбармымен жасқап өзіне бағынуға мәжбүр етті. Оның жалпы иелігі шығыста Ляухэйдің батысынан Батыс теңізіне дейін 10 мың ли, оңтүстікте Құм шөлдің солтүстігінен Солтүстік теңізге дейінгі 5-6 мың ли жерді алып жатты» деп қытайлар еріксіз оның билігіне мойынұсына жазды.

Міне, әлемнің жартысын жаулап алған бабаларымыздың бас қағаны болған Естеми қаған емес, Мұқан қаған екенін тарихтың шынайы тізіміне енгізуге тиіспіз. Себебі, қытайлар түркілердің әрбір ауыл-аймағы мен қаған, батыр-билеріне дейін түгел кітапқа түсіріп отырғанын білсек, онда бірдей ұлы қаған Естемиді, әрине, 20 жыл ел билеген болса, өздерінің хаттарына тамсана жазып қалдырар еді ғой. Мұның мәнісі ол ерте дүниеден өтіп кеткендігі. Ал, Мұқан қаған туралы барлық дерек жазылған, тіптен, қай жылы өлгені, қанша жыл ел билегеніне дейін тәптіштеп кітаптарына түсіріпті. Соған қарап, деректерді ғылыми талдап көргенімізде Тараз қаласы маңында Византия елшісін қабылдаған Естеми емес, Мұқан қаған деген тұжырымға келеміз. Бұл Естеми қағанды жоққа шығару емес, керісінше солар бастап кеткен игі істі ұрпақтарының жалғастырғанын мақтанышпен айту еді. Әрі шынайы шындықты мойындай отырып, өз тарихымызды

шатасудан сақтап қалып, ғылымның ақиқат тұрғысында дамуына қолдау көрсету мен тарихи оқулықтарға Мұқан қаған деп жазуды ұсынар едім. Өйткені, ертеңгі ұрпақ ғылыми зерттеуде және тарихын білуде жаңылыспаса екен деген ой ғана бізде.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Ұлы Түркі қағанаты (Қытай деректері мен түсініктер)». Құрастырушы және түсініктерін жазған: Шадыман Ахметұлы. ҚХР «Шыңжаң Жастар-Өрендер» Баспасы. Үрімжі – 2006
2. «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» Алматы: «Өнер» баспасы, 2006 ж. Қытай тілінен аударғандар: Әбділдабек Ақыштайұлы, Кәкеш Қайыржанұлы, Шадыман Ахметұлы

С.Салходжаев
РГКП государственный историко-культурный
музей-заповедник «Эзірет Сұлтан»
инспектор отдела охраны и учета памятников
историко-культурного наследия

Великий шелковый путь - мост между востоком и западом

Великий шелковый путь – грандиозный торговый маршрут, соединивший Восток и Запад и ставший причиной возникновения множества уникальных городов, исторических памятников, обычаев и даже государств.

Развитие Великого шелкового пути, его успешное функционирование зависело от геополитической обстановки в Евразии, от создания геоэкономического пространства, обеспечивающего единые таможенные правила и безопасность. Шелковый путь – это не только техническое сооружение прошлого, а прежде всего коммуникация в геополитическом и геоэкономическом пространствах. Разветвленный коммуникационный каркас соединял евразийские цивилизации. Это крупнейший материальный памятник открытости цивилизации к внешнему миру и международным экономическим отношениям. [1]

Рассматривая Центральную Азию как географическое пространство, можно видеть, что этот регион Евразии представляет собой важное пересечение маршрутов миграций различных народов. Здесь связываются потоки не только природных, но и человеческих ресурсов. Страны, входящие в этот узел, помимо собственно центрально-азиатских государств, занимают значительную часть земного шара. Учитывая уникальную в истории цивилизации роль Великого Шелкового пути, ЮНЕСКО приняла в 1987 г. программу «Шёлковый путь» [2].

Великий шелковый путь - одно из самых значительных и величайших достижений цивилизации, которому по праву можно присвоить роль главной торговой трансевра-зийской артерии за все время ее существования. Это первый в истории человечества путь, соединивший между собой страны и народы от Средиземноморья до Тихого океана, с помощью которого на протяжении многих веков осуществлялся обмен товарами, идеями, технологиями и ремеслами. Путешественники не боялись серьезных трудностей, с которыми они сталкивались, преодолевая такой длинный и тяжелый путь. Их не пугали ни нападения кочевников, ни безводные

азиатские пустыни, порой заносившие дорогу так, что верное направление можно было отыскать потом только «по костям людей и животных» [3, с. 5].

Просуществовав несколько веков, Великий шелковый путь зарекомендовал себя в качестве важного фактора экономического, политического и культурного прогресса в тех регионах, через которые он проходил. Это, в частности, объясняет актуальность ведущейся до сих пор дискуссии о его возрождении. Отметим, впрочем, что исторический Великий шелковый путь сложился стихийно, в силу экономических потребностей соответствующих регионов, сегодня же для создания его аналога потребуются проводить целый комплекс дополнительных политических и экономических мероприятий. Кроме того, вряд ли его существование будет соответствовать потребностям нашей страны, которая заинтересована в развитии других трансевразийских магистралей [4; 3].

Что касается нашего времени, то на пороге третьего тысячелетия у человечества появилась необходимость поиска новых путей сотрудничества или восстановления давно забытых, каковым и является Великий шелковый путь. Решение этого вопроса является актуальным по сей день в связи с тем, что история шелкового пути доказала важнейшую роль межкультурного сообщения и взаимообогащения как основы мира и прогресса всего человечества. Основываясь на анализе различных источников, можно сказать, что Великий шелковый путь (Great silk road) - это единая трансконтинентальная система караванных торговых путей, соединявшая страны в пределах Западной Европы и Китая. Он начал свое существование еще со II века до н. э. [5] (по другим источникам с III века до н. э.), и продолжал действовать вплоть до XV в.

Термин «шелковый путь» был предложен в 1877 г. немецким географом Ф. Рихтгофеном для обозначения связей между Востоком и Западной частью Евразии [6, с. 31]. В силу значимости в истории Евразии и самой большой протяженности пути за всю докапиталистическую эпоху, составлявшей более 7 тысяч километров, было введено прилагательное «Великий». Однако, хотя название столь великого пути подразумевает единственное число, на деле все обстояло иначе. Великий шелковый путь не являлся единой магистралью, а был разбит на несколько участков: Лазуритовый путь, соединявший Среднюю Азию и Средний Восток со Средиземноморьем и Индией, Нефритовый путь от Восточного Туркестана до Китая и Степной путь, протянувшийся от Черноморья к берегам Дона, а оттуда к сарматам в Южном Приуралье и затем - в Прииртышье и к озеру Зайсан. Однако во II веке эти пути стали сливаться и, в конце концов, остались две основные трассы, соединявшие Восток и Запад [7, с. 42]:

- Южная дорога - от севера Китая через Среднюю Азию на Ближний Восток и Северную Индию;
- Северная дорога - от севера Китая через Памир и Приаралье к Нижней Волге и к бассейну Черного моря.

Между этими двумя трассами пролегали небольшие пути, соединявшие их друг с другом. Основные маршруты караванов смещались то на северную дорогу, то на южную.

Историки полагают, что возникновение Великого шелкового пути стало возможным в условиях существования крупных государственных образований, каковыми оказались Китай, Средняя Азия, Индия, Ближний Восток и Средиземноморье. Это связано с тем, что наличие централизованной власти, распространяющейся на прилегающие области, способно было обеспечить безопасность на караванных путях.

Для функционирования Великого шелкового пути требовалось создание развитой системы международного разделения труда в производстве и в обеспечении инфраструктуры транспортных коммуникаций. А поскольку торговля подразумевала преодоление огромных расстояний, то необходимая рыночная инфраструктура предполагала наличие перевалочных пунктов, специализированных базаров, режима стабильных денежных расчетов и т. д.

Великий шелковый путь проходил через множество городов, которые были образованы благодаря ему. Добраться от одного до другого можно было за один день, однако сейчас дороги засыпаны песками пустынь. Когда-то сюда стекалось огромное количество людей, так как в них находились различные торговые точки; здесь купцы и их сопровождающие находили себе ночлег, еду и питье. Великий шелковый путь создал Среднеазиатскую цивилизацию.

Многие города на пути Великого шелкового пути были развиты неравномерно: какие-то из них были огромными, а некоторые служили небольшими перевалочными пунктами (ночлегами). На разных территориях Великого шелкового пути существовали разные религии и идеологии.

Развитие шелкового пути во многом зависело от экономических факторов. Процесс товарообмена подразумевал, как правило, движение товаров с Востока на Запад, однако протяженность пути во многом обуславливалась покупательской способностью европейцев, которая не отличалась стабильностью. В связи с упадком античного общества и натурализацией хозяйства Западной Европы, товары с Востока стали доходить, как правило, только до Византии. Покупательская способность в Западной Европе восстановилась лишь с XI века, в период зрелого

феодализма. Помимо Европы, потребителями восточных товаров являлись также страны Ближнего Востока и Индии. Благодаря этому путь не замирал даже в раннее средневековье, когда Европа временно перестала испытывать в нем потребность. После арабских завоеваний товары стали потребляться на всем южном Средиземноморье, вплоть до Испании.

По Великому шелковому пути провозили множество товаров: шелк, ювелирные изделия, военное снаряжение, кожу, шерсть, ковры и многое другое. Однако почему данный путь называется именно Великим шелковым путем?

Есть несколько причин для этого.

1. Шелк имеет очень важную особенность - дезинсекционные свойства [8, с. 314]. Это значит, что в шелковой одежде не водятся вши, блохи и клопы. Из-за этого «не только знатные люди и их челядь, но и простолюдины стремились приобрести такую ткань» [8, с. 314].

2. Легкость шелка в транспортировке и большая цена за такое изделие.

3. Шелк стал первым и основным товаром, который стали перевозить с Востока на Запад.

Родиной шелководства являлся Китай. Он имел монополию на его производства до V-VI веков, но после этого все равно оставался одним из крупнейших центров производства, наряду со Средней Азией. В средние века Китай экспортировал еще фарфор и чай. Специализация стран Ближнего Востока и Центральной Азии предполагала изготовление шерстяных и хлопчатобумажных тканей, направляемых по шелковому пути на восток, а именно в Китай. Специи для консервации продуктов и изготовления лекарств привозили в Европу из стран Южной и Юго-Восточной Азии.

При осуществлении торговых сделок европейцы покупали дорогие восточные товары, но не могли предложить в обмен на них также качественные товары, в связи с чем расплачивались золотом или серебром. Это свидетельствовало о пассивном торговом балансе между западной Европой и Востоком. За весь период своего существования шелковый путь выступал неким каналом «перекачивания» драгоценных металлов из Европы на Восток. Это негативно сказывалось на экономике, поскольку подобная перекачка оказывало отрицательное воздействие на денежную систему. По этой причине, европейские правители устанавливали ограничения на потребление товаров восточного производства и вывоз на Восток драгоценных металлов в виде золота и серебра. Однако принятые меры оказывали лишь незначительный эффект. Конкурентоспособность европейских товаров смогла более менее сравняться с восточными лишь после промышленной революции.

Шелковый путь способствовал передаче не только товаров, но и информации об их существовании и технологии производства. В качестве примера можно привести получившее широкое распространение производство шелка, который изначально изготавливали только в Китае, а затем стали изготавливать в восточном Туркменистане, Иране и Греции. Так же обстояло и с бумагой, которую сначала европейцы покупали, а с XIII века стали изготавливать сами. Китайцы, в свою очередь, благодаря Великому шелковому пути освоили такие сельскохозяйственные культуры, как фасоль, лук, огурцы, морковь и пр. Таким образом, в ходе караванной торговли Запад заимствовал промышленные новшества, а Восток - сельскохозяйственные, что свидетельствует о существовавшем в Средние века технологическом превосходстве Востока, частично сохранявшимся до XVIII-XIX веков. Однако некоторые секреты технологического производства, как, например, производство фарфоровой посуды и оружия, европейцам в эпоху активного функционирования Великого шелкового пути перенять так и не удалось.

Несмотря на большой спрос товаров, которые проходили по Великому шелковому пути, а также его стремительному развитию и процветанию Великий шелковый путь со временем начал затухать и к концу XV века совсем прекратил свое существование. Вместе с ним «заглохла» и Среднеазиатская цивилизация, а также многие города, которые находились на пути следования караванов.

Причиной такого исхода истории стало открытие европейцами морского пути в Индию и Китай. Эта причина является основной, так как один корабль везет столько же продукции, сколько тысяча верблюдов. Причем корабли везут товары намного быстрее, чем это делается по суше, вследствие чего затраты на перевозку товаров уменьшаются.

Несмотря на многие преимущества от перевозки товаров морским путем, многие страны в настоящее время подумывают о восстановлении Великого шелкового пути. Если во времена Великого шелкового пути Центральная Азия была очень развита, то сейчас Азиатский банк развития приводит статистику, что менее чем 1 % торговли между Европой и Азией осуществляется через страны Центральной Азии.

От того что Индия и Китай значительно увеличили свое производство в последние годы, перевозка товаров только морским путем является все более затруднительной в связи с несколькими причинами:

- загруженность портов, вследствие чего увеличилось время ожидания погрузки и разгрузки товаров;
- пропускная способность Суэцкого канала имеет свои пределы;

- длительная дорога от Китая или Индии до Европы (например, через Суэцкий канал груз доходит за 45 дней, а через Транс-Сибирскую магистраль - всего за 14 дней).

Несколько проектов уже обсуждались в связи с возможностью восстановления Великого шелкового пути. Самый известный из них - это программа TRACECA (TRACECA - Transport Corridor Europe - Caucasus - Asia). Данный проект был учрежден в 1993 г. и уже сейчас в нем принимает участие 13 государств. Данный проект заключается в создании трансевразийской транспортной системы, которая примерно повторяла бы трассу исторического шелкового пути, проходя из Китая через Туркменистан до Турции и Грузии.

В заключение хочется сказать, что Великий шелковый путь имел важное экономическое и политическое значение в жизни народов Азии и Европы. Важно отметить, что Великий шелковый путь как экономический феномен можно классифицировать как сетевое формирование, в котором в мягкой форме было объединено множество предприятий, людей, организаций и властных структур, обеспечивавших его бесперебойное функционирование. С точки зрения сетевой экономики он «не был чем-то вроде узенькой дорожки, это было громадное экономико-культурное пространство шириной в одну, а то и полторы тысячи километров» [8, с. 315].

На протяжении всего пути осуществлялись не только торговые сделки, но также «заключались дипломатические договоры и военные союзы». Это объясняет тот факт, что Великий шелковый путь сыграл важнейшую роль в экономической и политической жизни народов Евразии, выступая связующим звеном между странами разных цивилизаций и социально-экономических систем и неким мостом между Востоком и Западом, благодаря которому достигалось культурное взаимодействие и происходило торговое сотрудничество. Его развитие и стремление человечества возродить нечто подобное через века свидетельствует о незаменимости подобного взаимодействия между народами с целью взаимного обогащения.

Список литературы

1. Дергачев В.А. Геополитическая теория больших многомерных пространств. Монография. 2011, 32 с.
2. Якунин В.И. Интегральный проект солидарного развития на Евро-Азиатском континенте (научно-практическая концепция). Доклад на заседании Президиума РАН 11 марта 2014 г. – М.: ИСПИ РАН,
3. Макогон Ю. В., Грузан А. В. Роль Великого шелкового пути в развитии цивилизации. Возрождение Большого пути через трансформацию

Евразийских транспортных коммуникаций: региональный аспект. Донецк, 2009, 306 с.

4. Котляров И. Д. Геоэкономическое значение транс-евразийского транспортного коридора // Записки Горного института. 2009. Т. 184. С. 225-230.

5. Шарапов С. Н., Ивницкий О. В. Определение конкурентоспособности маршрута транспортной связи // Экономика железных дорог. 2013. № 9. С. 22-34.

6. Ахметшин Н. Х. Тайны Шелкового пути. М., 2002, 365 с.

7. Кюннер Н. В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961. 391 с.

8. Валянский С. И., Калюжный Д. В. Другая история Средневековья. М.: Крафт Леан, 1998.

Түркі-ислам тарихының ежелгі қаласы- Баласағұн

Мәдени мұра әрбір елдің тарихынан сыр шертер ұлттық байлық қана емес, сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін маңызды факторлардың бірі Ұлттың ұлағат қуатының, халықтың қабырғалы дәстүрінің, елдің ерлік жолының ғасырлар сынынан өткен сынтасы, тарихтың талмауыры мол зердесінен, тайталастардың түмен легінен залал көрмей жеткен жетелі жәдігерлер-тарихи-мәдени мұралар болса керек. [1,36].

Шу алқабы ертеден-ақ отырықшы шаруашылық пен мәдениеттің алтын бесігі болған. Оның айғағы үлкенді-кішілі қалалар мен шаруашылық алқаптары. Міне осындай кең алқапты ортағасырлық қалалардың бірі, әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы бойындағы түркі халықтарының ірі мәдени-тарихи орталығы болған Баласағұн (Ақтөбе) қалашығы.

Тарихы VI-XIII ғасырға жататын археологиялық ескерткіш Баласағұн (Ақтөбе) қалашығы Жамбыл облысы Шу ауданы Ақтөбе ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде, Ақсу өзенінің қос жағалауында орналасқан.

Ескерткіш 2014 жылдан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени Мұралар санатында. Сонымен қатар 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген. Өте үлкен аумақты алып жатқан Ақтөбе қалашығы Ортаазиялық қалалар сияқты цитадель, шахристан және шаруашылық аймағынан (рабад) тұрады. Қалашықтың сыртының ұзындығы 25 шақырымға дейін жететін төрт қатар ұзын қорғанды қабырғалар қоршаған. Тарихи деректерде Шу мен Талас өңірінде ерте ортағасырларда әйгілі Баласағұн, Суяб, Тараз атты үш қала болған. Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған. Солардың ішіндегі Баласағұн қаласының орналасқан жері мен сипаттамалары жайлы ортағасырлық авторлар: әл-Хорезми, әл-Бируни, әл-Макдиси, Махмуд Қашғари және басқа да ғалымдардың еңбектерінде баяндалады [2, 191 б]

Зерттеушілердің пікірінше Баласағұн алғашқыда түрікше Бекілік (бекініс), соғдыша Семекне деп аталған. Ортағасырлық Баласағұн

тұрғындары соғды және түркі тілдерінде сөйлеп, ірі сауда орындары болған шаһарларда қос тіл үстемдік еткен.

Қала 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшахты жеңген қарақытайлардың қол астына қарайды, 1218 жылы Шыңғыс хан әскерлеріне қарсылықсыз беріліп, Ғабалық деп аталды.

Ескі қалалардың, бекіністердің орындары Шу, Талас өзендерінің алқаптарында археологиялық ескерткіштер күйінде сақталып келген. Мезгіл ағымымен олардың көпшілігі өздерінің алғашқы атауларынан айырылған. Бізге ол қалалар құм, саз, топырақ басқан үлкенді-кішілі төбелер күйінде, сары ашылмаған күйінде келіп жеткен. Сондықтан ұзақ уақыт бойы Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орнына байланысты ғылымда біршама мәселелер туындады.

Ең алдымен, Ақтөбе (Баласағұн) қалашығы оның қай жерде орналасқанын анықтаумен шығыстанушы ғалымдар XIV ғасырдың басынан бері айналысып келген. Ақтөбе (Баласағұн) Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениетінің орталығы болғаны тарихи деректерден белгілі. Сондықтан да Ақтөбе (Баласағұнның) тұрған жерін анықтаудың тарихи да, ғылыми да зор мәні бар екенін есте сақтап, оны іздеуге көп көңіл бөлінген.

Ақтөбе (Баласағұн) қаласы туралы азды-көпті тарихи деректер орта ғасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген жерлесіміз, Хорезм жерінде дүниеге келген Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Хорезми өзінің дүниежүзілік географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түркі қалалары туралы сөз қозғаған және де оларды картаға түсіріп, координаттарын белгілеген. Солардың ішінде Баласағұнды да дәл көрсеткен [3, 61 б.].

820 жылы туылған арабтың жиһангезі Убайдаллах Ибн-Хордадбек өзінің 846-847 жж. жазылған «Китаб ал-масалик ал-мамалик» атты еңбегінде Орталық Азиядан өтетін Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы ірі-ірі қалалардың аттарын атап, ішінде Баласағұнды да жазып кеткен.

X ғасырда араб географы әл-Макдиси: «Баласағұн халқы көп, суы мол қала. Оның төңірегінде бір-біріне жақын көлемді және тұрғындары көп қалалар орналасқан» дейді. Ортағасырлық ғұламалардың ішінде Баласағұн қалашығы туралы жан-жақты мағлұмат берген Махмуд Қашқари болған. Ол Баласағұн қаласын, Талас (Тараз) қаласының шығыс-солтүстігінде орналасқанын жазып, «Түрік сөздігінде» Ұлы Жібек жолының солтүстік желісінің бойындағы қалалар мен тұрақты мекендер, асулар сияқты орындарға сондай-ақ Баласағұн туралы мағлұмат бере келіп: «Арғу: екі

таудың арасы. Тараз (Талас) пен Баласағұн арасындағы шаһарларды «Арғу дейді. Өйткені ол жерлер екі тау арасында жатыр» - дейді [3, 43 б.]. Қазірдің өзінде де Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орны екі таудың арасына орналасқаны байқалып тұр. Оның солтүстік шығысында жайсан тауы оңтүстігінде Қырғыз Алатауы жайласқан. Бұл ғұламаның ерекшелігі еңбегіндегі табиғи-жағырафиялық жағдайды да еске алған. Арғу шаһарлары тұрғындарының тілдеріне тоқталып, М. Қашқари: «Баласағұндықтар соғды және түркі тілдерінде сөйлеседі. Тараз, Байза шаһарларының халықтарының тілдері де дәл сондай. Испиджаб (Сайрам) қаласынан сонау Баласағұнға дейінгі барлық Арғу шаһарларындағы халықтардың тілдерінде шұбарлық бар. Қашқарда кәнжәкше сөйлесетін ауылдар бар. Шаһар ішіндегі халықтар Хакания түрікшесімен сөйлеседі» - дейді [3,25б.] Қазақстанның оңтүстігіндегі Ұлы Жібек жолының бойындағы шаһарларда соғдылар (парсы тілдес) түркілермен аралас-құралас өмір сүргенін көреміз. Олардың көпшілігі қолөнер кәсібі, сауда, егіншілікпен айналысқан.

Кейіннен осы жерден археологиялық зерттеудің барысында соғдылардың жазулары табылды. Ол қыштан жасалған ыдыс пен құмыраның бүйірінде кездескен.

М. Қашқаридың замандасы, XI ғасырда Баласағұн қаласында дүниеге келген Жүсіп Баласағұни де өзінің «Құтты білік» шығармасында кіндік қаны тамған қаласы туралы мағлұмат береді.

Ел аузында көне қаланың тылсым тарихынан сыр шертетін: «алтын тәжді айдаһар», «қасиетті ләйлек құстары», «ақ түйе», «су құбыры мен жер асты жолы» сияқты бірнеше аңыз-әңгімелер сақталған. Солардың бірі-кітапхана, мешіт және монша туралы аңыз. Бір заманда Ақтөбені бір ғұлама ғалым билепті. Ол шығыс пен батысты түгел аралаған, көпті көрген, ғылымның әртүрлі салаларын жетік білген адам болыпты. Хан кезекті бір сапардан қайтып оралғасын ұсталарын қала үстіндегі алаңға жинап алып кітапхана, мешіт және монша салуға қолайлы жер іздеуге бұйрық беріпті. Ұсталар арада жеті күн өткенде ханға келіп кітапхананы хан сарайынан шығыста, мешітті батыста, ал моншаны хан сарайында салу керектігін айтыпты. Хан салдырған кітапхана қағандықтағы ең бай кітапхана, ал мешіт ең үлкен мешіт болыпты.

М. Қашқари мен Ж. Баласағұнилерден кейінгі Баласағұн шаһары туралы мағлұматтарды Абу ас-Самани еңбегінен кездестіреміз. Ол өзінің «Китаб ал-ансаб» атты еңбегінде: «Баласағұн қаласы – түріктердің аудандарымен шекаралас орналасқан қала. Ол Сырдарияның арғы жағында, Қашқарға жақын» деген пікір айтқан [4, 44 б.].

Арабтың ғалымы Махмұд Ибн-Уали өзінің «Бахр әл-Асрар» атты еңбегінде Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (біздіңше, 5-6м.) болғанын айтады. [5, 60 б.]. Бұл ғұлама Баласағұн туралы төмендегі мағлұматтарды береді: «Монғолдар келгенге дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Онан кейін қирап, азып-тозып, қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың қолбасшысы әскерімен Батыс түркі жеріндегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира (бір зира 40-45 см), сақталған үлкен-үлкен үйлердің қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ 6 шақырым) қашықтықтан мұнаралар, сарайлар, медреселер алыстан анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп, Қарабалта өзенінен кейін қайырып, жаңағы қараған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Біздер қаланы аралағанда, бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік: қазандар, қыштан жасалған әр түрлі ыдыстар, құмыралар, алашар, т.б. бұйымдар кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мүрделері жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан» [6, 12 б.].

Махмұд Ибн-Уалидің айтуынша, «Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханқа және 10 медресе болған». Махмұд Ибн-Уалидің айтқаны шындыққа сәйкес келеді және Баласағұн қаласының үлкен мәдени орталық екенін айқындай түседі. Махмұд Қашқаридің айтуынша, Шу, Талас өңірінің тұрғындары IX ғасырдың бірінші жартысында ислам дінін қабылдаған, Баласағұнды билеушілердің ішінде бірінші ислам дініне енген, 955-956 жылдар шамасында қайтыс болған Сатұқ Боғра хан Әбділкәрім.

Жоғарыда біз тоқталған, ертедегі ортағасырда жасаған ғұламалар Ұлы Жібек жолындағы, 704-766 жылдарда үстемдік еткен Түргеш қағанатының, 766-940 жылдардағы Қарлұқ қағанатының, 940-1130 жылдардағы Қарахан мемлекетінің, 1130-1211 жылдардағы Қарақытай (Қарақидан) және 1211-1218 жж. Найманнан шыққан Құшлық (Кучлук) мемлекетінің 6 ғасырдан астам астанасы Баласағұн қаласында болғанын айтқан.

XVI ғасырдың орта шамасында М.Х.Дулати еңбектерінде Баласағұн қаласы тек кітаптар арқылы жазылғаны, олардың қай жерде орналасқаны белгісіз болғаны айтылған. Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің белгілі «Тарих-и-Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн

Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн қарақытайлардың астанасы болған. Джейхунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп тұрған. Моғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған...» - делінген.

Шығыстанушы, академик В.В. Бартольд, Баласағұн қаласы туралы: Ақсудың оңтүстігіне жақын жерде Ақтөбе атты биік төбе бар. Ол төбеде, оның айналасында күйдірілген кірпіштің сынықтары көп. Соған қарағанда, бұл қала күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болуы тиісті деген пікірге келдім. Бірақ Ақтөбеден бағалы нәрсе таба алмадық, тек бір күміс сақинаны кездестірдік. Көрген қаланың көлемі үлкен» -деп көрсектен. Дегенмен ғалым Ақбешім қаласының орнын іздеп жүрген Баласағұн болуы деген болжамалы пікірге келген [7, 56 б].

В.В. Бартольд «Энциклопедия ислама» деген еңбегінде Орталық Азия, Солтүстік Кавказ жерлеріндегі ономастикалық және Орта ғасырлық қалалардың тарихына қысқаша шолу жасап, «Баласағұн» атты мақала берген [7, 51 б.]. Осы еңбегінде әдеби және археологиялық деректерге негіздеп, Баласағұн проблемасын шешуге едәуір қызмет еткені байқалады. Әсіресе, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған ғылыми еңбектер мен қолжазбаларды кең пайдаланып, Баласағұн шаһарының орналасқан жерін табуға ұмтылған. Бірақ қолдағы деректердің жетіспеуінің нәтижесінде, бұл мәселеге болжам айтумен шектелген. Ол пікірді де сол күйінде бергенді жөн көрдік: «Баласагун – Город, по-видимому, следует искать в западной части русской области, называемой ныне Семиречье, вероятно на Чу, где и поныне можно увидеть много городищ. На это же, кажется, указывают приводимые Абу-л-Фида» [9, 52 Б.].

Қазан төңкерісінен кейін, Орталық Азиядағы археологиялық зерттеу жұмыстарына көңіл бөліне бастады. Сөйтіп, 1927 жылы М.Е. Массон Талас және Шу өңірлеріндегі Орта ғасырлық қалаларды аралап, жоғарыдағы аты аталған Ақбешімнің жалпы қарапайым (схематиялық) жобасын түсірген [9, 100 б.].

1938-1939 жылдары ғалым А.Н.Бернштам Жетісу археологиялық экспедициясын ұйымдастырып Ақбешім қаласында, оның рабадында кішігірім жерде қазба жұмыстары жүргізілген. Археологиялық зерттеулердің барысында Ақбешімде қолға түскен деректерге негізделіп В.В. Бартольдтың Баласағұн туралы айтылған болжамын қуаттап, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жіберген. Бұл ашқан жаңалық ретінде кейінгі еңбектерінде де жарық көрген [8, 79 б.].

Сонымен, Кеңес үкіметі кезінде Баласағұн қалашығын қазіргі Ақбешіммен баламалап келді. Бұл тұрғыда қырғыз ғалымдары да алдымен Ақбешімді, кейін Бұрананы Баласағұн деп жариялап, оны тарихи карталарға да салып көрсетіп жіберді. Қырғыз ССР-нің бес томдық тарихының I - ші томында: «Баласағұнның қай жерде орналасқаны жөнінде ғалымдардың әртүрлі пікірлері бар. Олай болса да Тоқмақтан қашық емес жерде орналасқан Бұрана Баласағұн болуы керек» - деп көрсетеді. Бұл пікірді болжау деп қана қарауға болмайды, себебі осы кітаптың көп жерінде Бұрананың Баласағұн екенін ашық жазған және картадан көрсеткен.

1941 жылы археолог Г.И. Пацевич Баласағұнға барып онда барлау жұмысын жүргізіп, төмендегіше мәлімдеме жасаған: Баласағұн биікте орналасқан: солтүстік жағы 265 м, шығысы 250 м, оңтүстігі 255 м және батысы 208 м. Оның төңірегіннің биіктігі 1,5-2 м. Қырат жерден қазылған ормен қоршалған. Ортасында төрт бұрышы тең емес (трапеция) болып келетін биік цитадельдің орны бар. Оның ұзындығы: солтүстігі 35 м; батысы 60 м; оңтүстігі 80 м және шығысы 50 м. Цитадельдің төрт бұрышында биіктігі 5-9 метр шамасында мұнара болған. Шахристанның төңірегінде 2,5 шақырым көлемінде рабад орналасқан, оны ені 10-20 м; тереңдігі 2,5-3 метрдей ор (қамал) қоршаған. Осы деректерге сүйеніп Г.И. Пацевич Ақтөбе қонысы VII-XIII ғасырларға жатады деген тұжырымға келген.

Г.И. Пацевичтің мақаласында Ақтөбе қонысы жөнінде аз да болса тыңғылықты мағлұмат берілген. Ол ескерткішті өзінше өлшеп, қарапайым көзбен қарап жалпы шолу жасаған. Ол бұл жерде қазба жұмысын жүргізбеген. Сондықтан қаланың жалпы көлемін, оның ішіндегі цитадель, шахристан және рабадты, оны қоршаған ордың (қамалдың) ұзындығын толық көрсете алмаған. Қолға түскен деректер жеткіліксіз болғандықтан, Баласағұнның өмір сүрген дәуірін нақтылы анықтай алмаған. [10, 102 б.].

1951-1953 жылдары П.Н.Кожемяко Шу өңіріндегі ертедегі орта ғасырлық қалаларды және қоныстарды археологиялық тұрғыдан зерттеп, оның нәтижесін өз алдына кітап етіп шығарған [70, 105.Б]. Осы еңбегінде автор Ақтөбе ескерткіші туралы біршама мәліметтер берген. Енді соларға тоқталайық. Ақтөбені зерттеп, оған «Степнин қалашығы» деген ат берген. Бұл осылай аталатын Ақтөбенің батыс-түстігінде 3 км жерде орналасқан Қырғыстанға қарайтын ауылдың аты. Қазіргі кезде бұл қоныс «Сабыр» елді мекені аталады. Ол ауылдың ішінде кішігірім ортағасырлық қоныстардың орны бар.

Бұдан кейін, П.Н. Кожемяко Ақтөбе ескерткішінің схемалық жобасын жасап, қаланы қоршаған бекіністерді көрсеткен. Олардың жалпы ұзындығы 39 шақырымға жететінін айтқан. Бізге дейін сақталып қалған ордың тереңдігі

3-3,5 м; оның табанының ені 18-20м. Ордың сыртынан жүргізіп қойған су жүйелерінің ені 8-10 м; тереңдігі 0,6-0,8 м екенін баяндаған [11, 107б.].

Қаланы қоршаған ордың 3 жеріне барлау қазба жұмыстарын жүргізген. Ішкі бекіністің үстінен 4x4 м археологиялық қазба жасаған және оны 2,5 м-ге тереңдетіп, кездескен деректерге сүйеніп, бекініс бұзылмай тұрған кезде ордың биіктігі 5-6 м болғанына көз жеткізген. Ор саз балшықтан пахса тәртібімен өріліп шығарылған [11, 108 б.]. Бұл археологиялық барлау жұмысы Ақтөбедегі бекіністердің сырларын толық аша алмаса да, қала бекінісінің үлкен және мықты екенін дәлелдейді.

Бұдан кейін, археолог цитадельде барлау жүргізу үшін, оның үстіндегі шұңқырды 4,19 м тереңдетіп, кездескен заттарға негіздеп, Ақтөбе ескерткішін IX-XIII ғғ. жатқызған. Осы археологиялық шолудың нәтижесінде, ізденуші Ақтөбенің цитаделі мен шахристаны жоқ, соған карағанда, бұл феодалдардың мекені және әскери бекінісі болса керек деген қорытындыға келген. Осындай болжаулармен шектеліп, П.Н. Кожемяко Ақтөбе ескерткішінде көлемді қазба жұмыстарын жүргізбеген.

1989 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің археологтары аталмыш қалашықты зерттеп, өздерінің көрген-білгендерін жазған. Енді олардың дерегіне тоқталайық. Сабыр қонысы сопақша келген алаңқайы бар төбе, төменгі алаңқай 170x115 м, биіктігі - 2,5м, әрқайсысының жағында диаметрі 60м, биіктігі 3м төбе бар. Сол жерден құмыралардың сынықтарын және т.б. заттар жинақталды.

Баласағұн қаласының нақ қай жерде орналасқанын анықтаумен шығыстанушы ғалымдар XIV ғасырдың басынан бері айналысып келеді. Зерттеулер әлі күнге дейін жалғасуда. Кезінде шығыстанушы ғалымдар В.В. Бартольд, М. Тынышбаев та Баласағұнның орынын табуға ұмытылып, құр болжаммен шектелген. Өкінішке қарай, 1938-1939 жылдары Ленинградтық ғалым Л.Н. Бернштам Қырғызстандағы Тоқмақ қаласының оңтүстік батысында 8 шақырым қашықтықта орналасқан ортағасырлық Ақбешім қаласының орынында кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, қолға түскен азғантай деректерге сүйеніп осы Баласағұн қаласының орыны деп көрсетеді. Осындай «сенсацияның» әсерінен Баласағұн қаласының орыны Қырғызстандағы Тоқымақ маңы ма, әлде Қазақстандағы Жамбыл облысының Шу ауданындағы ортағасырлық Ақтөбе қонысында ма, деген екіұдай пікір қалыптасып, ғылыми талас болғаны бізге белгілі.

Ақтөбе қалашығының зерттелуіне ғалым У. Шәлекенов бастаған экспедиция көп еңбек сіңіріп, Баласағұн қаласының орны екендігін ғылыми негіздеді. 1974 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шу өзенінің сол жағасында орналасқан Ақтөбе қаласын зерттеу үшін Уахит Шәлекенов

бастаған Қазақ ұлттық университетінің археология кафедрасының археологтары зерттеу экспедиция ұйымдастырды. Бұл топ археологиялық зерттеу жұмысын оқу процесімен байланыстырып факультет студенттері Ақтөбені тәжірибе орнына (базасына) айналдырып ескерткіш маңына жүз орынды жатақхана салды, сондай-ақ әр жылы болашақ тарихшылар сол жерде тәжірибеден өтуде. Кафедра археологтары студенттермен бірге ғасырлар бойы жер қойнауында жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының сырын ашып, оның V-XIII ғғ. өмір сүргенін, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан түркілердің ең үлкен ортағасырлық қаласы болғанын дәлелдеді. Отыз жылдан астам уақыт ішінде, Ақтөбенің цитаделі мен шахристанында және рабадында қазба жұмыстары жүргізіліп, ескерткіштің V-VIII ғғ. және IX-XIII ғасырларда Түркеш (Сарыүйсін), Қарлық, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) мемлекетінің астанасы болған тарихи орын екені анықталды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтың 30 жылдық еңбегі мен археологиялық жәдігерлерге сүйеніп, ортағасырлық тарихи қала – Баласағұнның тұрған жерін анықтап, оның ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанын дәлелдеп берген.

Ал археолог М. Елеуов: «Баласағұнмен баламаланып жүрген келесі қала ортағасырлық Ақтөбе. Ақтөбе түркі керуен жолынан солтүстікке 45 км жерде, Ақсу мен Қарабалта өзендері жағасында орналасқан ұзын қорғанды қала. Тарихи-топографиялық құрылымы жақсы сақталған, көлемі жағынан Шу өңіріндегі үлкен қалалардың бірі. Ақтөбенің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген стратиграфиялық және кең көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың VI-XIII ғ. бас аралығында өмір сүргені анықталды - деп көрсеткен. [11, 12 б.].

Ақтөбе қаласының аэро әдіс арқылы суретке түсіргенде құрылымы микрокартада көрсетілгендей болып шықты. Ол ормен түгел қоршалған. Оны жай тәсілмен (қолмен) өлшеп шығу біршама қателіктерге ұрындырар едік. Өйткені үлкен территорияда орналасқан қала құрылымы алуан түрлі болғандықтан, оны қолмен сапалы сызып шығу көптеген қиыншылыққа душар етеді және нақты болмайтыны сөзсіз. Ескерткіштің топографиясының құрамын белгілеу үшін қаланың орталығындағы 60 ш. км кеңістікте зерттеу жұмысы жүргізілді. Ұшақтан түсірілген картада ірі құрылыстар: хан сарайының қалдықтары, мавзолейлер, кешенді күрделі құрылыстар, су жиналатын хауыздар, көшелер, су жүйелері және қаланы қоршаған бекіністер (қамалдар) көрсетілген.

Ақтөбенің археологтар сызып қалдырған картасымен салыстырғанда аэрофото арқылы жасалған картада қаланың көлемі 8 есеге дейін үлкейгенін байқаймыз. Ақтөбе қаласы негізінен қам кірпіштен салынғандықтан, уақыт өте келе ондағы ғимараттар құлап, үлкенді-кішілі «табиғи» төбелер бейнесіне айналып, олардың үстеріне шөп шығып, малдың жайылымы болып кеткен.

Зерттеу барысында Ақтөбе қаласында қолөнер кәсібі жақсы дамығандығы анықталды. Бұл қалада мамандандырылған көзешілер, теміршілер, тоқымашылар және тас пен сүйекті өңдеушілер өмір сүріп, олар тұрмысқа қажетті бұйымдарды шығарған. Баласағұнның V-IX ғасырлар кезеңін сәулелендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жапсыру арқылы жасалып, онан кейін күйдірілген. Бұйымдар қолмен қалыпқа салынып шыққаннан кейін, кептіріліп онан соң арнайы соғылған пештерге күйдірілген. Цитадельдің солтүстік-шығысынан шахристаннан осындай екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың қолөнер орталығы болған, қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері, шатырлары ашылды. Осы жерден хұмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастархандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есеп-шоттың тастары және т.б. табылды. Олардың көпшілігі Баласағұн қаласының төменгі қабатынан табылды. Соған қарағанда қаланың негізін салған Түркеш қағанатының, кейін олардың орнына келген қарлұқтардың тұрғындары болса керек. Цитадельден, шахристаннан түркештердің төрт бұрышты тесікті теңгелері табылған. Олардың біразы қазіргі облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы.

Баласағұнда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында шахристаннан қыш құмырашылардың шеберханасы цитадельдің солтүстік-шығысынан ашылды. Бұл жерде ертедегі шеберхана кеңейіп, X-XIII ғасырлардың қолөнер кәсібінің талабына жауап беретін қыш бұйымдарды күйдіретін бірнеше камералы (бөлімшелі) үлкен пешке айналған. Бұл пеште сол кездің үлкен құмыраларды, құмғандар, су құбырларын өте жоғарғы ыстықта күйдірілгені байқалды. Цитадельдің батысында, рабадтан да қатарынан салынған қыш құмыраларды, күйдірілген кірпіштерді шығаратын пештер ашылды. Соған қарағанда, қыш бұйымдарды дайындайтын, кірпіш күйдіретін қолөнер кәсіпорындары Баласағұн қаласында бірнеше жерлерде болған көрінеді.

Тарихтың осы кезеңіне жататын қыштан жасалған бұйымдардың түрлері де, сапасы да бұрынғыға қарағанда айтарлықтай алға ілгерілегенін көреміз. V-VIII ғасырларда жапсырып жасалған қыш ыдыстар басым болса, енді IX-XII ғасырларда қыш қолөнер кәсібінде құмыраның ұршық сияқты айналатын

(қыш станок) құралын кең пайдаланып, үлкенді-кішілі қыш ыдыстарды, су құбырларды шығарған. Бұндай жолмен жасалған қыш бұйымдар өте әдемі және сапалы дәрежеде жасалған. Сол кездегі қыштан заттар жасайтын айналмалы станоктардың негізінде қазіргі фарфордан бұйымдарды жасауда техникалық прогрессивтік құралдар пайдаланылуда. Бұл кезде жапсыру тәсілімен жасалған қыш ыдыстар бірте-бірте тұрмыстан шығып қалған.

Қыш бұйымдардың барлығы дерлік жоғарғы сапалы түрде қызуда күйдірілген. Отын ретінде пайдаланылған сексеуіл Шу өңірінде көп болған. Сол отынды жағып, оның көмірімен пештерді қыздырып, өздеріне қажетті дәрежеде қызу алуға қолдары жеткен.

Баласағұн қаласындағы қазба жұмыс кезінде көбірек ұшырасқаны – үлкенді-кішілі тандырлар. Олардың көпшілігі бір-біріне ұқсас (стандарт түрде). Соған қарағанда тандыр дайындайтын арнайы шеберлер болып, сол жерден тұрғындарға таратып отырған, қазірде де сол әдет түркі тектес халықтарда кездесіп келеді.

Ашылған бөлмелердің ішінде тандыры жоқтары ұшыраспайды. Соған қарағанда халқы қалың орналасқан мекендерде нанды тандырларға пісірген. Көпшілік тандырлардың сыртында ою-өрнектер, таңбалар кездеседі. Қол диірмендердің бірнеше түрлері табылды.

Баласағұннан шыққан өте көркем, әрі құнды қыштан жапсырылған және қыш ұршық сияқты айналдыратын құралдар (станок) табылған. Оны пайдалану арқылы жасалған қыш бұйымдардың сол кездегі Орталық Азия қалаларынан шыққан бұйымдарға ұқсастықтары бар. Себебі Орталық Азияны мекендеген түркілер ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін бірлесе жасаған.

Баласағұндағы археологиялық зерттеу кезінде табылған заттай деректер ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанаты тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанының дәлелдей түседі. Ертеден жалғасын тауып жатқан қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырып жасалатын қыш бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырылып, оның орнына ұршықтай айналмалы (станок) құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең орын алған.

Баласағұннан табылған бұйымдарды ерекшеліктеріне қарай екі кезеңге бөлуге болады: V-IX ғғ. Батыс Түркі қағанаттары: Түркеш, Қарлұқтар және Оғыздар кезеңінде жасаған түркілердің мәдениеті дәуірі; X-XIII ғғ. Қарахан әулеттері мен қарақытайлар (қаракидандар) үстемдік еткен уақыт.

2003 жылы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің үшінші мәжілісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту,

өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс... Тарихи ескерткіштерді жаңғырту жұмысы ерекше ыждаһаттылықты талап етеді. Бұл – құрылыс емес, ғылыми жұмыс. Сондықтан ескерткіштерді қалпына келтіру шаралары дарынды, білікті мамандардың қатысуымен, халықаралық тәжірибелерді пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиісті. Сол сияқты қазба жұмыстарында да айрықша жауапкершілік қажет. Ол жұмыстардың біткенінен кейінгі тағдыры қандай болмақ? Отырар сияқты ашық аспан астында ашық-шашық қалдырамыз ба? Осы жағын да қадағалап, ойластырған жөн» - деп атап көрсеткеніндей [12, 12 б.], қазіргі таңда ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №156 бұйрығымен қорғау аймағына алынған.

Қалашық «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қарамағында. Мекеме жыл сайын қалашықты қорғау мен қайта қалпына келтіру жұмыстарына байланысты ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Қазіргі таңда туристтердің келуін оңтайландыру мақсатында жол салу мәселесі қарастырылып жатыр. Егер бұл мәселе шешімін тапқан жағдайда барлығымыз үшін қалашыққа барып, тарихымен танысу қолжетімді бола беретініне сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ежелгі Тараз ескерткіштері. Тараз 2017. - 36.
2. Әулиеатаның қасиетті орындары. Астана 2018-1196
3. Шәлекенов Ә.Х. Ә.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. Алматы 2003 . - 266 б.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993. - 116б.
5. Шәлекенов Ә.Х. V-XII ғасырлардағы Баласағұн қаласы, Алматы: Жібек жолы, 2007, - 148 б.
6. Оразбаев А.М. Могильник Жетыжар (история материальной культуры Казахстана) Алма-Ата, 1980, - 76б.
7. Акишев К.А. Байпаков К.М. Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алматы 1972. - 352б.
8. Бартольд В.В. Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина соч. Т. IV М-1966, - 451б.
9. Бартольд В.В. Баласағун Соч. Т. III. М-1965.- 289б.
10. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы. 1996. - 219б;
11. Шәлекенов У.Х. Шәлекенов М.У. Баласағұнның жұмбағы шешіледі. Алматы 2004. - 118б.
12. Елеуов М. Шу мен Талас өңірлері мен Орта ғасырлық қалалар (VI-VIII ғ. Басы) Алматы 1998 . - 188б.

13. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №156 бұйрығы.

Байтурсынова Лаура Ерғалиқызы
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени музей- қорығының
ғылыми қызмет және ескерткіштерді
қорғау бөлімінің басшысы
baitursinova77@mail.ru

Ұлы Жібек жолы бойындағы Құлан қалашығы

Жамбыл жері Ұлы Жібек жолы дәуірінен бері өзге халықтар мен мәдениеттерге деген ашықтығымен, жарасқан береке- бірлігімен танымал. Ол кезде бұл жерлермен Еуропаға , Қытайға , Персия мен Оңтүстік Азияға сауда керуендері ағылып жатты. Бұл жерде алуан түрлі елдің мәдениеттері тоқайласып, бір-бірлерін байытты. Қазақстанның ең көне қалаларының бірі Тараздың сан ғасырлық тарихы осыны айғақтайды.

Тасың тұртсең , тарихтан сыр шертетін Жамбыл өңірі бір кездері Қарахан мемлекет салтанат құрып, Қазақ хандығы ірге көтеріп туын тіккен жер жаннат, жұрты жомарт, қазыналы құтты өлке.100 жасаған Жыр алыбы Жамбыл атамыздың атын иемденген - көне замандардан қалған шаһарымызбен тарихи-мәдени жәдігерлеріміздің жайлы қоныс тапқан мекені. Еуропаның небір айтулы мемлекеттерінің территориясынан көлемі кем түспейтін – қарт Қаратау мен асқаралы Алатаудың түйіскен тұсында орналасқан, жер байлығы да, сол байлықты игеретін ел әлеуеті де тасыған киелі жер.

Шамамен осыдан 3-4 мың жыл бұрын Хан патшалығы кезінде өркендей бастаған Жібек Жолы алғашында Қытайдың Орта Азия халықтарымен достық байланысты нығайту үшін салынған жобасы делінеді. Қытайдан бастауын алған сауда жолы Орта Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарағаны белгілі. Шамамен осыдан 3-4 мың жыл бұрын Хан патшалығы кезінде өркендей бастаған Жібек Жолы алғашында Қытайдың Орта Азия халықтарымен достық байланысты нығайту үшін салынған жобасы делінеді. Аты айтып тұрғандай, керуен жолымен бүгінгі Қазақстан территориясына негізінен жібек маталары әкелінген. Сауда айналымы артып, керуен қатары өскен сайын жолдың бағыты да өзгере берді, яғни саудагерлер Қара теңіз арқылы батысқа бет алып, тауарын Еуропа халықтарына тасымалдады. Кәрі құрлық халқына өркениеттің келетіні де осы кез. Ұлы Жібек Жолымен бірге Еуропаға тек сауда тауарлары жеткен жоқ, сондай-ақ, Азия халықтарының мәдениеті де қоса келді. Жібек Жолының жандануымен қазақ даласындағы халықтың біразі

отырықшылыққа өтіп, өңірде жаңа қалалар пайда бола бастады. Ал, Отырар, Испиджап, Суяб, Сауран, Тараз сынды үлкен шаһарлар гүлденіп, елдегі маңыздылығын арттыра түскен. Сауда жолының бойында орналасқандықтан аталмыш қалалар тез өркендеді, ондағы халықтың саны да күрт артқан болатын.

Қазақстанның аса ірі қалаларының бірі Тараз VI ғ. бұрын белгілі болған. 568 ж. түрік қағаны Дизабұл Византия императоры II Юстинианның стратегі Земарх бастап келген елшілігін тап осы қалада қабылдаған. Бастаухаттар оны көпестер қаласы деп атаған. Осымен қатар ол түргештердің, содан кейін қарлықтар мен қарахандардың тарихи орталығы болған.

Таразбен қатар Жамухат деген шаһар тұрған, ол да VI ғ. хатқа енген. Жамухаттың жәдігерліктері Талас алқабында, Жамбылға таяу жерде, Талас өзенінің бойындағы Михайловка селосына қарама-қарсы бетте жатыр, оның үйінділерін қазір Қостөбе деп атайды. Алқаптың жазық жағында Атлах қаласы бар, 751 ж. оның бінде осы араны ықпалында ұстау үшін арабтар қытай әскерімен шайқасқан болатын. Тараздан таяқ тастам жерде, Талас бойымен теріскейге қарай кететін сауда жолы үстінде Адақкет пен Нуджикес қаласы тұратын. Талас алқабының таулы бөлегінде сол сияқты Шелжі, Сұс, Күл және Текабкет деген қалалар болған. Бұлар күміс кендеріне жуық жерден қоныс тепкенді. Керуендер Талас алқабына Ферғана аймағынан Шатқал қыратындағы Шанаш асуы және Талас Алатауындағы Қарабура арқылы да өтіп келетін. Жолдың осы бөлігі Жібек жолының және Жетісулық бағыттарын біріктіретін. Тараздан шыққан жол шығысқа, Құлан қаласына қарай асатын Тараз бен Құлан аралығындағы территория қарлықтарға жататын. Құланға бара жатқанда жол Касрибас, Күлшөп, Жолшөп сияқты қалалардан өтетін. Құланнан әрірек шығыста бір-бірінен фарсақтай жерде Меркі мен Аспара қалалары барды. Сосын сауда керуендері Нұзкент, Харраджуан, Жол қалаларына соғып өтіп жолдан кейін ол Сарығ, «түрік қағанының қыстағына» Қырмырауға баратын. Осы орайда Тараз қаласында орналасқан Ұлы Жібек бойындағы Құлан қалашығының тарихына бір көз жүгіртсек...

Құлан қалашығы (VI-XIII ғ.ғ.)

Орта ғасырларда қала Ұлы Жібек жолындағы қолөнер және сауда орталықтарының бірі болған. Ол туралы VIII–X ғғ. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалаларды сипаттаған араб авторлары да жазып кеткен. Құлан қалашығы Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылының маңында орналасқан. Зерттеушілер Луговое қаласын бір ауыздан Жетісудың ортағасырлық белгілі қаласы Құланмен тепе-теңестіреді. Құлан қалашығы алғаш рет VII ғ. бірінші жартысына жататын жазба

деректерде кездеседі. Қытай тақуасы Сюань-Цзяньның жол бағдарламасында және Тан династиясының тарихында қала Цзюй-Лань деген атпен аталып өткен. Ол туралы VIII–X ғ.ғ. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалаларды сипаттаған араб авторлары да жазып кеткен. X ғ. араб географы ал-Мақдиси былай деп жазған: «Құлан – бекіністі қала, онда соборлы мешіт (Медина) бар. Ол енді бос қалды, ол үлкен Тараз жолында». Географиялық сөздіктің авторы Якут, өзінің XIII ғ. 20-жылдарында құрастырылған еңбегінде Құлан туралы былай деп жазып қалдырған: « Құлан – түркі елінің Мәуераннахр жағындағы шекарасында орналасқан сүйкімді қала». Құланмен бірқатар тарихи оқиғалар байланысты. Мәселен, 740 ж. түргеш бегі Құрсұл батыс-түрік қағанатының ең соңғы қағаны Ашин Сыньды осы қалада өлтірсе, ал 840 ж. араб әскерлері Құланға дейін жеткен.

Қала территориясына жасалған алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын 1936 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы А.Н. Бернштамның жетекшілігімен жүргізілді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алғашқы отырықшы қоныстардың Луговое төңірегінде б.з. бірінші ғасырларында пайда болғандығы анықталды. 1963-65 жж. Жетісу археологиялық экспедициясы Луговое отряды қаланың айналасындағы жеке тұрған төбешікке қазба жұмыстарын жүргізсе, 1987 ж. Қазақ КСР ҒА ТАЭИ-ның тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы археологиялық экспедициясы Луговое «А» қамалына қазба жұмыстарын жалғастырып, Луговой «В», «Г» қамалдарында К.М. Байпаков қазба жұмыстарын жүргізді.

Қаланың топографиясынан шахристан, ішкі қамал және шығыс жағынан бекініссіз рабаттың іздері аңғарылады. Қаланың орталық бөлігінің қирандылары ауылдан солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан. Ішкі қамал қирандының солтүстік-батыс бұрышында. Осы күні ол биіктігі бірнеше метрге жуық төртбұрышты, үстінде алаңы (40x40м) бар төбе тұрпатты. Ішкі қамалдың барлық бұрыштары мұнарамен көмкерілген. Қала сыртынан, тереңдігі 1 метрге жуық, ені 15 метрлік ормен қоршалған. Қалаға кіретін жер екеу. Олар оңтүстік және шығыс үйінді жолдардың қабырғасынан басталады. Археологиялық қазбалардың нәтижесінде Ортағасырлардың бас шенінде Орта Азия және Қазақстан ғимарат сарайларына тән «айдарлы» жоспармен салынған орталық ғимарат ашылды. Сарайдың 7 бөлмесі болған. Сарай өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын әшекейлі ыдыстардың көптігімен ерекшеленеді. Мұнда құмыра, тостаған және күл салғыштың қалдықтары сияқты асханалық ыдыстар кездеседі. Асханалық құмыралар қоспасыз иі қанған балшықтан арнайы ыдыс жасайтын шеңберде дайындалған.

Археологиялық ізденіс оны үш кезеңге бөледі. VII-VIII ғ.ғ., IX-X ғ.ғ., XI-XII ғ.ғ.. Археологиялық қазба барысында қамалдың орны табылған. Алынған мәліметтер бойынша ішкі қамалдың орнында VII-VIII ғасырларда, қабырғалары *пахсадан* қаланған ғимараттар болғандығын болжауға болады. Жаңа құрылыс кешені көне қаланың қалдықтары үстіне тұрғызылған. Ойма өрнектермен әшекейленген көптеген қыш қақпақтар мен дастархандар бұл қабатты IX-X ғ.ғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді. Табылған керамика сынықтары, құрылыс құралдары, қалашықтың XI-XII ғасырларда өмір сүргендігін дәлелдейді.

2015-2017 жж. «Қазақ ғылыми - зерттеу мәдениет институтының» мамандарымен Құлан қалашығында зерттеу жұмыстары цитадельдің солтүстік-батыс бөлігінде жалғастырылды. Қазба жұмыстары Серік Ақылбектің жетекшілігімен жасалды. Қазба жұмыстары барысында 2015 жылғы маусымда анықталған үшінші бөлмені толық ашудан басталды. Нәтижесінде VII-VIII ғасырларға жататын сарай бөлмелері ашылды. Қазбадан шыққан материалдар көрсеткендей бөлмелерді IX-X ғасырларда қарлұқтық кезеңде де пайдаланғандығы және бөлменің ішкі бөліктеріне жөндеу барысында өзгерістер жасалғаны анық көрінеді.

Сонымен қатар қазба барысында табылған қабырға бетіндегі жапсырма суреттерді сақтап қалу мақсатында академик К.Байпақов пен елімізге танымал реставратор Қ.Алтынбеков бастаған мамандардың қатысуымен бірлескен жұмыстар бастады. Қабырғалардан табылған ою-өрнекті кескінді суреттерді уақытша табиғи жауын – шашынмен ылғалдан сақтау үшін арнайы шатырлар қойылды. Алдағы уақытта да қазба жұмыстары өз жалғасын табатыны сөзсіз.

Көне заманның асыл мұрасы мен бүгінгінің жасампаз жаңалықтарынан әркім өмірлік рухани азық алатыны сөзсіз. Өйткені Жамбыл жері – өткен өміріміздің бойтұмары, келешек тарихымыздың темірқазығы.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер. Жиынтығы. Жамбыл облысы – Алматы: РМК «ММЕ ҒЗЖИ» 2002 –Т,2
2. Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер, Алматы баспасы, 2009
3. Ежелгі Тараз ескерткіштері, Тараз, Рысбаева және Ко, 2010
4. Жамбыл облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы, Жамбыл ауданы, Алматы-Тараз, 2012

Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени
музей-қорығының ғылыми қызметкері
e-mail: ulzhalgas290895@mail.ru

Қостөбе -Талас өңіріндегі қала мәдениетінің озық үлгісі

Ортағасырларда Талас және Шу өңірлерінен Жібек Жолының бір тармағы Түркі жолы өтті. Түркі жолының басты жолға айналуының себебі, ең алдымен Шу, Талас өңірінің түркі қағанаттарының ата жұртына айналып, қағандардың ордаларының осында орналасуы еді. Бүгінгі таңда түркі халықтарынан бізге жеткен тарихи ескерткіштер Талас, Шу өңірлерінде кеңінен таралған. Ашық аспан астында тұрған бұл ескерткіштер қала-қоныстар, жерлеу орындары, ғұрыптық ескерткіштер ретінде көрініс табады. Ортағасырларда бұл аймақта көптеген қалалар мен елді мекендер бой көтеріп, көркейіп, ірі мәдени ошақтар қалыптасып, қолөнер мен саудасаттықтың дамуына мол мүмкіндіктер ашылды. Ортағасырлар кезеңінде Қазақстанда гүлденген көптеген қалалар өмір сүрді. Олардың тамаша архитектуралық үйлесімділіктері, сарайлары, мешіттері, ұлық кесенелері, медреселері, ұстаханалары, шеберханалары кімді болмасын таңқалдырмай қоймаған. Талас және Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен жазғы жайлаулар жайында жазба деректерде мәліметтер баршылық. Сондай-ақ Талас, Шу өңірінің түркі халықтарынан қалған ескерткіштері едәуір зерттеліп, нәтижесінде бірқатар ғылыми еңбектер де жарық көрді.

Қазақстан тарихында жарқын оқиғалардың бірі - жазба деректерде көрсетілген ортағасырлық қалалық мәдениет пен қалалардың табылуы еді. Қазақстан тек көшпелілер Отаны деп кешегі күнге дейін айтылып келген пікір жоққа шығарылып, жеріміздің өзіндік далалық өркениеттің бесігі болғандығы айқындалды. Ол өркениет диқан мен малшы, қала мен дала мәдениеттерін бойына сіңіре білді.

Талас және Шу аңғарларындағы қалалар жиынтығы үлкен бір топты құрайды деп айтсақ қателеспейміз. Талас өңірінде күні бүгінге дейін сақталған және ортағасырларда Қазақстан территориясында ірі мәдениет орталығы болған ортағасырлық қалашық – Қостөбе қаласы. Бұл қала жайындағы мәліметтер Х ғасырлардың аяғына жататын жазбаларда кездеседі. Қостөбе қалашығы туралы ортағасырлық географтар, тарихшылар мен саяхатшылар да көптеген мәліметтер қалдырған [1].



Қала өзінің ортағасырдағы алар орны мен тарихи-мәдени өркениетінің биік дәрежеде дамығанының нәтижесінде 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Қостөбе VI – XII ғасырлардағы көне қала орны. Байзақ ауданындағы Сарыкемер ауылының шығыс жағында, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қалашық VI ғасырда Түркістанға қоныс аударған бұхар соғдылары негізін қаланған Жамуқат қаласына баланады [2].

Бұл қала жөнінде де көптеген ғалымдарымыздың өзіндік пікірлері бар. Жамуқат туралы деректер X ғасырдың географы әл-Макдисиде, сондай-ақ Наршахидтің «Бұқар тарихы» атты еңбегінде кездеседі. Әл-Макдиси еңбектерінде «Жамуқат үлкен қала. Айналасында қабырға мешіті бар, рабадында базарлары бар»-деп сипатталады [3].

Өз кезегінде В.В.Бартольд Жамуқатты зерттеушілер айтқандай Сырдарияда емес, Талас аңғарында жатқанын дәлелдеген. Алайда қаланы нақты бір ескерткішпен сәйкестеу мәселесі әлі күнге пікір таласты болып келеді. Мысалы, А.Н.Бернштамның ұйғаруы бойынша Жамуқатқа Тараз қаласынан оңтүстігінде орналасқан Майтөбе немесе Бесағаш қала қалдықтары сәйкес келеді. Алайда бұл ескерткіштер, қазір айқындалғандай, көлемдері жағынан Жамуқаттың сипаттамаларына дәл келмейді [4].

Әсіресе, Мұхамед Наршахидің X ғасырда жазылған «Бұқар тарихы» атты еңбегінде қаланың пайда болуының негізі әдемілеп түсіндіріліп жеткізілген. Осы аталған еңбекте Наршахи Бұқар қаласының пайда болуымен бірге ондағы жергілікті халықтың осы маңға қайдан келгенін тәптіштеп жазады. Мұның біз үшін маңызы зор, себебі сол дәуірдегі Бұқар қаласы мен оның аймағын соғдылар емес түркілер жайлағанын дәлелдейді.

«Түркістаннан келген адамдар осында қоныстанды, өйткені бұл жерде су мен ағаштар көп болды, аң аулайтын тамаша орындар бар еді, бұл адамдарға өте ұнады. Басында олар киіз үйлер мен шатырларда тұрды, бірақ кейінірек адамдар жинала бастады және ғимараттар тұрғыза бастады. Көптеген адамдар жиналды, олар өз арасынан біреуін таңдап, оны әмір етті. Оның аты Аbruи болатын» [5].

Түркістан өңірінен келген бабаларымыз Бұқар аймағын дамытып, өздерінің жеке әмірін сайлап алады. Дәл осы кезеңде Еуразия даласында Ұлы Түркі қағанаты дәурен құрып тұрған шақ болатын. Сондықтан, әмір ретінде тек Түркі қағандарының ұрпақтары ғана сайланатын. Ал Аbruи да ұлы Түркі

қағаны Бумын қағанның ұлы Мұқан қағанның күннен туған баласы болатын. Абрuidың бұл аймақты қалай билегені туралы «Бұқар тарихында»: «Патшаның өзі өмір сүрген үлкен ауыл Пейкенд, ал қала Кала-и Дабуси деп аталды. Біраз уақыттан кейін Абрuidің күші артып, аймақты аяусыз басқара бастады тұрғындардың шыдамы шегіне жетті» деп жазады [5].

Бірақ, Абрuid қаған өзін билікке көтерген Бұқар халқының адами парасатын түсінбей, оларды қаталдықпен басқарды. Тіптен, оның қатыгездігі шектен шыққаны соншалық халық одан мезі болып, жан-жаққа қаша бастады. Елге керегі тыныштық пен бейбітшілік қой. Өз қағандарынан шаршаған ел оны тәубесіне келтіріп, өз жағдайларына қамқор болатын адамды іздейді де, оны Батыс Түрік қағаны Қара Шырын Түрікке арыз ретінде шағымданып, өздерін құтқаруды сұрайды. Қара Шырын Түрік қаған мұны жедел қабылдап, Абыройды тәубесіне келтіру үшін өзінің ұлы Шырын Арслан қағанды жібереді. Ол Абыройды ұстап, оны азаппен өлтіреді. Бұл туралы тағы да «Бұқар тарихы» былай дейді: «Дихкандар мен бай көпестер бұл аймақтан кетіп, Түркістан мен Тараз бағытында жол тартады. Олар қаланы тұрғызып, оны Хамукат деп атаған, өйткені бұрынғы қоныстанушылардың басшысы Ұлы Дихкан бұхар тілінде "Инжу", ал "кат" - "қала" дегенді білдіреді. Сондықтан бұл атау «Хамука қаласы» дегенді береді. Жалпы, бұқаралықтар «хамукас» деп ақсүйектерді атаған. Бұхарада қалған елшілерді өз әміршілеріне жіберді және оларды Абрuidің зорлық-зомбылығынан қорғауды сұрады. Ақсүйектер мен дихкандар Кара-Джурин-Турк деп аталатын патшадан көмек сұрады. Оның ұлылығы үшін халық оны Бияга деп атаған. Бияғаға сол кезде ұлы Шири-Кишварды үлкен әскермен жіберді. Ол Бұхараға келіп, Пайкенде Абрuidі қолға түсіріп, үлкен қызыл қапты арамен толтыруға бұйрық береді. Осының себебінен Абрuid ажал құшады» [6]. Міне, Хамукат қаласы осылайша Бұқар жерінен Абырой әміршіден қашып келген тегі түркілік бай-көпестердің қолымен тұрғызылады. Осы жерде айта кететін бір жағдай қазіргі ғалымдарымыздың көбісі қаланы Орта Азиялық соғдылықтар соқты дейтін тұжырымы. Екі өзен арасында Соғдиана болғаны шындық, бірақ, дәл мына дереккөзден ұғатынымыз Бұқар қаласын да, Хамукат қалашығын да жайнатып гүлдендірген түркілер екендігі.

Алғаш Қостөбе қалашығын 1938 жылы А.Н.Бернштам; 1985 – 87 ж., 2000 жылдары К.М.Байпаков сынды атақты археологтар зерттеген болатын. 1985-1987 жылдары жұмыстар барысында ескерткіштің топографиясы туралы жаңа деректер алынған. Қостөбе қалашығы Талас алқабындағы ірілерінің бірі екендігі мәлім болды. Оның топографиясы, жеке тұрған күмбез тәріздес дөңес (от ғибадатханасы болуы мүмкін) пен бекіністік қабырғаның солтүстігіне қарай орналасқан некропольдер қоса алғанда, Суяб пен Навакет қалаларына баланған Шу алқабының Ақбешім мен Красная речка қалажұртының топографиясына жақын [7].



Қаланы қоршаған ұзын қамалы, рабад, шахристан, орталық бөлігі, от храмы мен төңірегінде қорымдары бар. Қаланының негізгі шаруашылық бөлігі ор мен мұнаралы қабырғалар арқылы қоршалған аумағы 460x375 м келетін биік алаң және орталық бөлігі төртұрышты шағын төбе түрінде сақталған. Ішкі қамалдағы археологиялық зерттеулерден VI-XIII ғасырлар кезіндегі сәулетті құрылыс нысаны ашылған. Қала құрылысының төменгі қабаты VI-VIII ғасырларда салынған. Ол айналма дәліздер, тұрғын бөлмелер мен шаруашылық жайлары бар қамал сарайы болған. Ішкі қамалдағы ою-өрнек жергілікті сәулет өнерінің дамығанын көрсетеді. Өсімдік пен геометриялық ою-өрнектің жиі кездесуі, ислам дінінің ықпалы болса керек. Сәулет өнерінде Орта Азиялық нақыштардың ең озық үлгілері айқын байқалады. Бұның өзі Талас өңірінде сәулет өнері жоғарғы деңгейде болғанын көрсетеді. Ең жоғарғы қабаттан табылған тиындар мен қыш бұйымдар оның XIII ғасырдың басына дейін өмір сүргендігін дәлелдейді. Қазба барысында қамыс пен ағаш күлінің жиі кездесуіне қарағанда қала қалың өрттің немесе соғыс салдарының қираған болуы ықтимал [8].



Қорыта айтқанда жалпы қалашыққа әсер ететін теріс антропогендік және табиғи факторларға қарамастан, қалашық жақсы күйде сақталған. Тараз қаласына жақын орналасуы, оның гүлденуіне үлкен әсер еткені сөзсіз. Қала

өмірі монғол шапқыншылығын кейін тоқтай бастаған. Қалашық Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан және Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс қалаларымен сауда, мәдени байланыста болған ең ірі саяси және экономикалық орталықтың бірі болған. Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында мәдени-географиялық тарихи нысандарды «Халықтың рухани қорғанышы және ғасырлар бойына сіңіріп келе жатқан мақтанышы» екендігін атап өтті. Қазіргі уақытта «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің нысандарының бірі Қостөбе қалашығының жергілікті археологтармен қатар әлемдік деңгейдегі археологтардың назарын өзіне аудартып отыр. 2000 жылдан асып түсетін тарихы бар киелі Тараз қаласында орналасқан осы іспеттес қалашықтардың тарихын зерттеу, жандандыру, насихаттау біздің міндетіміз деп білемін. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қостөбе қалашығы тарихи, стратегиялық маңызы өте жоғары ескерткіш екенін білу үшін тиісті деңгейде көңіл бөліп, туристік нысанға айналдыра білсе пайдасы мол нысандардың бірі болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. /5,107/. Қытай деректерінде Талас /Талас-Тараз/ деген аттармен белгілі болған Тараз қаласының аты Талас өзенінің атына байланысты шыққан /6,91/.
2. (Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Байзақ ауданы. Алматы, 2010 ж. 67 б.)
3. (Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. - Алматы, 1998 5)
4. «Бұқар тарихы» Ташкент, 1897 ж. 12-бет
5. «Бұқар тарихы» Ташкент, 1897 ж. 12-13 беттер.
6. Таласская долина. Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.)/Составлены под общ. ред. проф. А.М.Бернштама.
7. (Материалы и исследования по археологии Казахской ССР. Алма-Ата, 1949. Т.1.С-135-137.)
8. (Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы. Алматы, 2002 ж. 101-103 б.)

Жарылқапова Айжан Ғалымбекқызы
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени
музей-қорығының тарихшысы
e-mail: aijan_astana@mail.ru

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

«Жібек жолы» дегеніміз не, ол қашан пайда болып, қандай кәдеге жарады, қай жерлерді басып өтті - әркімді – ақ толғандыратын алғашқы сұрақтар осындай.

Пұтқа табынушы (будда дініндегі - ауд) қажы Сюань-Цзан 629 жылы «Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімін шыңдап зерттеу үшін» Қытайдан Үндіге сапар шекті. Ол Қытайды Батыспен байланыстырып жатқан және техникалық жаңалықтарға дінге мұраттар мен мәдени жетістіктерге мұрындық болып тұрған осы халықаралық жолмен жүрді. Чань-Анань шыққан саудагерлердің қоспақ-түйелі керуенімен атақты Гоби шөлін жағалап Дунхан арқылы «Ұлы айдаһар құмы» аталатын сортаң шөлейтті Хами мен Тұрфан алқаптарын, Тянь-Шаньның солтүстік бөктерімен мұздақ тауларын шамасы, Музур-Ола жоталарын басып өткен Сюань-Цзян түрік қағаны тұрған Суяб қаласына келді. Сюань – Цзян түрік қағаны мен оның жанпеліндегілер жөнінде былай сипаттайды: «Бұл қателіктердің аттары керемен екен. Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген, жолақ басына ұзындығы чжан (3,2м) ұштары желкесіне түскен Жібек шолпа орап алған. Оған оқалы – зерлі жібек шапан киіп, шаштарын айдар – тұлындап өрген екі жүзден астам тархан (нөкер) еріп жүрді. Өзге жауынгерлер тері астарлы киімдер киіп, айбалта, садақ асынып ту көтеріп жүреді. Түйеге, атқа мінгендердің көптігі сонша, көзбен шамалаудың өзі мүмкін емес».[1]

Бұл әңгіме барысында ежелгі дәуір мен орта ғасырда халықаралық қатынастың күретамырына айналған ұлы жолға өз атауын берген және Шығыс пен Батыстың негізгі сауда затына айналған жібек бірнеше рет аталады. Ал бұл жол қай кезден «жұмыс істей бастады» деген сұраққа күні бүгінге дейін әрқилы жауап беріліп келеді. Егер «Жібек Жолының» жекелеген бөліктерінің сыңарлары жөнінде айтар болсақ, ондағы қатынастар мен зат алмасу байланыстары біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықтарда басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотан аймағындағы Яркент (Жаркент) –

Дарияның жоғарғы ағысынан нефрит (көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды.

Бадақшаннан шығарылған лазурит Иранға, Месопотамияға, Анатолийге, Египет пен Сирияға тасылып жатты. Бадахшан лазуриті, I мыңжылдықтың жартысында Қытайға да жеткізіле бастады. Орта Азия мен Орта шығысты Жерорта теңізімен және Үнді мен жалғастырып жатқан «Лазурит жолымен» қатар дүниеге келген «Нефрит жолы» Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды. Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың орта кезінен «Дала жолы» деген жол болғаны белгілі. Егер тарихтың атасы Геродоттың жазбаларына жүгінсек, бұл жолдың сорабы мынадай бағытта болғанын байқаймыз: Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғары Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты.

Жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді. Қымбат бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысты. Солардың қатынасаралық көмегімен сол кезде қасқалдақтың қанындай қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарады. Жібек жолы тек біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына айналды. Ал осының бәрі император У – Дидің көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған кнйзсі Чжон – Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылы басталды. Чжон-Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғаныстанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға, Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты.

Жібек жолы II-V ғасырларда, егер Шығыстан бастасақ Чаньниден басталып, Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне беттейді, одан әрі Нан-Шаньның солтүстік сілемдерін қуалай Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне және «Яшмо қақпалары заставасына» жетеді. Ол жерде жалғыз жол Такла-Макан шөлін солтүстігі мен оңтүстігінен орап өтіп, үшке айрылады. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді, ортаңғы жол тармағы Чаочаннан Қарашөрге, Ақсуға және Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына жетеді, оңтүстіктегі тармағы Дунхан, Хотон, Яркент арқылы Бактрияға, Үнді мен, Жерорта теңізіне жетіп,

«Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, ал одан әрі Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан Сирияға жетеді[2]. Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп баратын бұрынғы қысқа да қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол YI-YII ғасырларда барынша жандана түсті.

Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын қадағалап отыратын түрік қағандары отырды. Екіншіден, Ферғанадан өтетін жол VII ғасырдағы өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды [3]. Үшіншіден, түріктің ауқатты қағандары мен олардың жанпеліндегілер теңіздің арғы бетінен әкелінетін тауарларға құштар ірі тұтынушыларға айналды. Сөйтіп бұл жол бас жолға айналды да VII-XIV ғасырлардағы елшілер мен сауда керуендері негізінен осы жолмен ғана өтіп жүрді. Алайда Жібек жолының бұл бағыты да толық өзгеріссіз қала алмады. Жүздеген жылдар көлемінде оның анау, не мынау бөлігі, не жекелеген тармақтары жанданып, жоғарырақ мәнге ие болды. Ал кейбіреулері, керісінше, мәнін жойып, жоғалып кетті де олардың бойындағы қалалар мен сауда бекеттері құлдырай бастады. Сөйтіп, VI-VIII ғасырларда негізгі жол сорабы Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас алқабы – Шу алқабы - Ыстықкөл қазан-шұңқыры-Шығыс Түркістан арқылы таратылды. Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын – Маңғыстауды – Арал жағалауын – Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, жоғары аталған негізгі жолға келіп қосылды.

Батыс Түркі қағанаты Византиямен сауда-дипломатиялық одақ келісім жасасқан кезде бұл жол олардың қарсыласы Сасанидтік Иранды айналып өтті. Дегенмен IX-XII ғасырларда Орта Азия, Орта және Таяу Шығыс, Кіші Азия арқылы Сирияға, Египет пен Византияға баратын жолға қарағанда бұл жол тиімсіздеу пайдаланылды.

Жібек жолы шеңберіне ену қарсаңында Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу қандай жағдайда еді дегенге келсек: Бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпенділер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық саяси қауымға бірлескен тайпалар еді. Отырықшылар (жатақтар) мен көшпенділердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүниежүзілік өркениеттің қызыл арқау-күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге

дейінгі VI-III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандарды қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Үйгәрәк қабірлерінен табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінен аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдарда куә бола алады.

VI ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі ұлан – ғайыр алқапты алып жатқан ірі көшпелілер мемлекеті – Түрік қағанаты құрамына кірді.

Жібек жолы осы кезде жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы феодалдық мәдениеттің өркендеуінде маңызды роль атқарды. Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізгі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзынна-бойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді. Өзара талас-тартыстар мен жортауыл-жорықтар, сондай-ақ Қытайда теңіз жолдарының игерілуі бұл жердегі қалалық мәдениетті титықтатып, күйдіруге жеткізгенге дейін, яғни XIV ғасырға дейін Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек Жолынан керуен арылған жоқ.

Батыстан Шығысқа қарай қозғалсақ, Жібек жолының Қазақстандық бөлігінің сыр-сипаты, міне, мынадай еді. Жол Шаштан /Ташкенттен/ Турбат асуы арқылы Испиджабқа өтетін. Бұған дейін айтқанымыздай, Қытай сапарнамасында Испиджаб «Ақ өзендегі қала» аталды, ал XI ғасырда Махмуд Қашғаридің түсініктемесі бойынша «Испиджап деп аталған Ақ қаланың (Ал-медина ал Байда) шын атауы-Сайрам». Оны Сарьям деп те атайды. Ежелгі қаланың осы атауы күні бүгінге дейін сақталып келеді. Шымкент іргесіндегі орта ғасырлық ірі қаланың қалдықтары қалған қалашық та /поселка/ осылай аталады. Оның орнында бұрын Жібек жолындағы ірі орталықтардың бірі болған. Түрлі елдердің саудагерлері осы жерге тоқтайтын, өйткені бұл қалада Бұхара, Самарқанд көпестерінің сауда құрылыстары /базарлар/ мен керуен – сарайлары болды, ал Испиджаб көпестері Мерв Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харб ибн Абдаллақ ал Балх рабадында өздерінің сауда-саттық орындарын ұстады. Испиджабтан сыртқа құлдар мен ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс пен темір сатылатын. Жібек жолындағы ең үлкен қала Талас алқабындағы Джувикат болатын, Таразға сол арқылы жететін. Бұл сонау VI ғасырдан белгілі Қазақстандағы ең ежелгі қала еді. Түрік қағаны 568 жылы дәл осы жерде Иранға қарсы әскери одақ шартын

жасасу және жібек саудасы мәселелерін шешу мақсатымен Византиядан әскери сарапшы /стратег/ Замархтың бастауымен келген Юстиниан II-нің елшілігін қабылдаған болатын. Тарихи деректерде Тараз «көпестер қаласы» деп аталады. Сонымен бірге ол кейін қарлұқтар мен қараханидтердің де сауда-саттығының орталық астанасы болды. Талас алқабындағы Таразға керуендер, сондай-ақ, Ферғана алқабынан Шатқал жотасындағы Чанач, Алатаудағы Қарабура асулары арқылы өтетін жолмен де жүретін. Жолдың бұл бөлігі Жібек жолының «Ферғанаға» және «Жетісу» бағыттарын жалғастыратын. Бұл қалалардың жұрты жатқан жерлерді археологтар таба білді: олар осы күнгі Тоқмақ қаласына таяу маңда жатқан болып шықты және олардың бір-бірінен 5 км жерде жатқан ескі Ақбешім, Боран қалаларына келетіні анықталды. Жібек Жолы Суябтан Ыстықкөлдің не солтүстік, не оңтүстік жағалауымен өтеді. Жолдың оңтүстік тармағында керуен ірі Жоғарғы, Барысқан қаласын басып өтетін, ал солтүстік тармағында атаулары бізге жетпеген шағын керуен – сарайлардың қалдықтары кездеседі. Одан әрі бұл жолдар Бедел асуында немесе сол арқылы Ташрабатта түйісіп, Жібек жолы Қашғар мен Ақсуға апаратын.

X-XII ғасырларда Жібек жолының бір тармағы Іле алқабын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай көктей кесіп өтті.

Керуен жолы Испиджабтан Арыс жағалауындағы Арсубаникетке, Отырар-Фарабқа және одан әрі Сырдария өзені ағысын қуалай отырып Арал теңізі алқабына кетеді. Сырдарияны жағалай созылған керуен жолындағы аса ірі қалалар Отырар-Фараб пен Шавгар қалалары болды. Бірінші қаланың атауы Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы қираған қаланың аты арқылы осы күнге дейін сақталып келеді. «Фараб» сөзін тәжімалағанда «арғы беттегі қала» деген ұғым береді, ал мұның өзі Сырдария өзенінің арғы бетінде тұрған қала атауына сәйкес келеді.

Отырар маңында X ғасырда Отырардың көгал алқабында болған басты қаланың бірі – Кедер. Ол «әр елден ағылған көпестер мекені» ретінде белгілі. Отырар көптеген керуен жолдары тоғысқан түйін еді. Бір жол осы жерден Шавгарға кетсе, екінші жол Сырдария өткелі арқылы Басиджа қаласына барады. Соңғысы Шығыстың көрнекті ғұламасы Әбу Насыр әл – Фарабидің алтын бесігі болды. Бұл қала XIII-XIV ғасырларда Зернук аталады. Жібек жолы одан Сырдарияны жоғары бойлап, оғыз қаласы – Сүткент арқылы Шашқа, ал төмен қарай Жентке барады. Осы жерден жол Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан Еділ жағалауымен Кавказға кетеді. Жібек жолының бұл бөлігі XIII ғасырда, яғни Еділдің төменгі ағысы сағасында Алтынордалық Сарай қаласы салынған кезде қатты жанданды. Бұл жол XIII-XIV ғасырларда Сарайшық, Сарай-Бату және Каффа қалалары арқылы өтті.

VIII ғасырдағы деректерден белгілі Шавгар қаласы осы күнгі Түркістан маңындағы қираған ескі Чуйтөбе /Шойтөбе/ қаласына сәйкес келеді. Шавгар атауы «Қаратау қаласы» деген мағына береді, ол бұл Қаратау бөктерінде орналасқан қалаға сайма-сай келеді. X-XII ғасырларда қазіргі Түркістанмен қарайлас Шавгарға жақын маңнан Яссы қаласы ірге тепті. Бұл кәдімгі аты шулы Темірдің бұйрығымен моласының басына күмбез мазар /мавзолей/ орнатылған атақты ақын Қожа Ахмет Яссауи туып, өз уағызын жүргізген қала еді. Жібек жолы Шавгардан оғыздардың астанасы болған Янгикентке /Жаңакент/ баратын. Жол бұл жерден де Қызылқұм арқылы Хорезмге тірелетін. Бұл аралық 10 күндік жол еді. XII ғасырда Жент, оңтүстік-батысқа таман орналасқан Сығанақ тәрізді, қыпшақ мемлекетінің орталығы болды. Шавгардан, кейінірек Яссыдан Тұрлан асуы арқылы шыққан жол Қаратаудың солтүстік бөктеріне жететін, ал дәл осы жерден Сырдарияны бойлай созылған екінші жолмен иықтаса жарысып жататын. Ол жол әсіресе XIII-XIV ғасырларда қатты жанданды. Аралдың солтүстік жағалауынан Монғолияға бет алған армян патшасы Гетум мен сопы Рубрук дәл осы жолмен жүрді. Бұл жолдың бойында Созақ, Уростан, Құмкент, Сүгүлкент қалалары жатты. Ол Таластың төменгі ағысына жетіп, өзенді жоғары өрлей көтерілетін немесе Билікөлдiң батыс жағалауын бойлап, Бүркіт-Паркет, Хутухнин арқылы Таразға апаратын.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолының негізі сорабынан солтүстікке де, шығысқа да жол бұтақтары тармақталып жатты. Олар Орталық және Шығыс Қазақстанды басып өтіп, кейін Сарыарқа ретінде баршаға мәлім болған Дешті – Қыпшақ жеріне Ертіс жағалауына, Алтай мен Монғолияға жетелеп кететін. Бұл жерде атты көпшелілер тайпалары жүретін дала жолы болатын. Алайда, бұған қарап Қазақстанның далалық аймақтарын тек қана көшпенділер мекендеген екен деп ойлауға болмайды. Мұндай егіншілікке қолайлы жерлерде – Сарысу, Кеңгір, Жезді өзендері жағалауларында, Ұлытау етегінде, Ертіс жағасында, орта ғасырда егіншілік және қалалық тіршілік төңірегінде суармалы көгалдар алқаптар көбейе түсті. Оның үстіне мыс, қалайы, қорғасын, күміске бай кен орындары сонау қола дәуірінен игеріле бастады, ал көп кейінірек осы жерлерде кеншілер, метал балқытушылар, мысшылар мен күміс бұйым шеберлерінің қалашықтары бой көтереді. Мал, жүн, былғары, металл тәрізді шикізат қорына бай Орталық Қазақстан аудандары сауда-саттық жүйесіне, оның ішінде халықаралық байланысқа тартылды және көптеген керуен жолдарымен қоса Жібек жолы жүйесіне енгізілді.

Отырардан Арсубаникет, Арыстанды, Шаян арқылы, Қаратаудың аласа жоталарынан асып, Тұрлан асуы арқылы Шавгар мен Яссыдан, Сауран мен

Сығанақтан, Янгикенттен шыққан жолдар Орталық Қазақстанның далаларын шарлап, Сарысу мен Кеңгір, Торғай мен Есіл өзендері жағалауларына жетіп жатты. Бұл жерлерде Болған-Ана, Жаман-қорған, Нөгербер-дарасы, Домбауыл, Милы-құдық, Ормамбет тәрізді қабырғалары шөгіп кеткен, төрт бұрышты елді мекен табылып, аршылды. Олардың айналасынан Жошы-хан, Алаша мавзолейлері тәрізді сәулеткерлік ескерткіштер сақталған ауқымды зираттар кешендері ашылды. Әл-Идриси Бақырлытаға, Махмуд Қашғаридің орта ғасырлық жазбаларындағы деректерінде кездесетін Жұбын, Қоңғылықент қалаларын, Ортау мен Кейтау (Кейтаг) жайлауларын, Гарбин кен орындарын да осы жерлердің шеңберіне енгізу керек.

Тағы бір сораб - «Ханжолы». Жаңа дәуірге дейін кәдеге жараған, бұл жол Тараздан шығып, Таластың ағысы бойымен төмен жүріп, Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасу жағасына апарды. Ибн-Бахра мен әл-Идрисидің мәліметтеріне қарағанда, сауда жолы Тараздан басталып, Адахкес, Дех-Нуджикес қалалары арқылы Ертістегі қимақтарға-қимақ қаханы ордасына, одан әрі Енисейдегі қырғыз еліне жеткізеді екен. Жібек артқан керуен қырғыздарға әрбір үш жыл сайын қатынап тұрған. Іле алқабы Шу – Іле тауларын бөктерлей қуалап, Шу өзені сағасына қарай төмендеп барып, Сарысу өзені жағасына жететін жол арқылы Орталық Қазақстанмен ұласып жатты. Тағы бір маңызды жол негізгі солтүстік-Іле жолынан Шеңгелді маңында бөлініп, Балхаш атырабындағы Көктал мен Бояулы керуен – сарайлары арқылы, одан соң Іле өзенінің бойында Ақтам, Ағашаяқ қалаларының қалдықтары жатқан Ортасу тармағын бойлай жүреді де Балхаш жағасына жетеді, одан ені 8 километрден сәл ғана астам түбек қалдырып, Өзеннің оңтүстік және солтүстік жағалауларын қосып жібере жаздап тұрған Ұзынарал түбегімен кетеді. Міне, осы маңдағы мүйістен көп бөлігі су астына қалып, қираған қала қалдығы табылды. Шамамен, керуендер бұғаздың кешу - өткелінен өтіп, Тоқырау өзенінің құйылысынан шыққан, содан соң осы өзеннің арнасын бойлап, Ұлытаудың етегіне қарай жүрген деп болжауға болады.

Жоңғар қақпасына қарай беттейтін солтүстік - Іле жолынан Алакөлді батыс жағынан айналып өтіп, Тарбағатай арқылы қимақтар мемлекетінің жеріндегі Ертіске шығатын бір жол бөлініп кетеді. Тарбағатай мен Ертіс өзені жағалауларында Банджар, Ханаум, Астур, Сисан атты қимақ қалалары және берік қорған қабырғалар мен қоршалған, темір қақпалары бар үлкен қала - «Қаһан астанасын» қоныс тепкен. Қимақ қалалары Енисейдегі қырғыздармен Монғолиядағы ұйғырлармен және Шығыс Түркістанның көкорай алқаптарымен сауда жолдары арқылы байланысып тұрды. Жібек

Жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өтетін бөлігі мен оның бұтақтарының жалпы бағыттары осындай еді[4]. Сауда саттық және тауарлар. Жібек Жолы, айтып өткенімдей, алғашында Қытай жібегін Батыс елдеріне шығаруға қызмет етті. Сонымен қатар бұл жолмен Рим, Византия, Индия, Иран, Араб халифатының, ал кейінірек Европа мен Русьтан сол елдерде өндірілген тауарлар да тасымалданды.

Жібек жолымен Ферғананың «қызу қанды» арғымақтары, араб пен нисситліктердің сәйгүліктері, түйелер мен пілдер, мүйіз тұмсықтар мен арыстандар, қабыландар мен еліктер, қаршығалар мен қырандар, тауыстар мен тотықұстар да, түйекұс та сатылып жатты. Жүзім, шабдалы, қауын дәмдеуіштер /бұрыш, қалампыр т.б./ мен қант, көкөністер мен жидектер, көк мәуелер тәрізді мәдени өсімдіктер де осы Жібек жолы арқылы кең тарады. Жібек жолымен өтетін жібектер мен тауарлардың белгілі бір бөлігі осы жолдағы Қазақстан қалаларында қалып жатқаны әбден табиғи нәрсе. Бұған археологиялық қазбалар кезінде табылып жүрген сондай тауарлар айғақ бола алады. Жамбыл қаласында, Тараз орнының бір бетінде – дулыға киіп, найза мен қалқан ұстаған император, екінші бетінде – қолына крес ұстаған Жеңіс әйел-құдайы бейнеленген Юстиан І-нің византиялық алтын құйма теңгесі табылды. Бұл жерде Византияның алтын теңгелері кең таралып, халықаралық өлшемпұл /валюта/ ретінде пайдаланылған. Шетелдік бұйымдар олжасы қираған ескі Талғар қаласы жұртынан табылды. Мұның өзі-құрамында көп жасау белгісі ретінде айшық – саңырауқұлақ тәрізді медальондармен жиектелген сәбилер бейнесі түбіне өрнектеліп салынған қытайдың төрт қыш тостаған кейіпіндегі қазына дерлік. Шетелдік бұйымдар Сырдарияның орта ғасырлық қалаларының жұртын, әсіресе жиырма жылға жақын зерттеліп жатқан Отырардың қалдығын қазу кезінде табылуда. Отырардан табылған күміс көмбесі халықаралық сауданы зерттеу үшін аса маңызды, мәні жағынан өте сирек олжалардың қатарына жатады. Өзінің құрамы жағынан олар ақшалай – заттай нәрселер. Көмбе жиынттығының теңгелер құрамы өте құнды.

Отырарды қазған кезде табылған заттардың ішінде XIII-XIV ғасырдың қола айналары болғанын айта кетуге болады. Олардың бірқатары Жібек жолымен Қытай мен Парсыдан келіп, қалаға тап болған айналардан түсіріп алған үлгілер бойынша құйылған. Жібек жолымен бұйымдар ғана таратылып қойған жоқ, сонымен бірге олардың көркемдік үлгідегі сәні де өріс алды. Сөйтіп олар жеткен жерлерінде белгілі бір этникалық – мәдени ортаның әлеуметтік талғамына қарай тапсырыстар жасауына жол ашты.

Әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К.М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті.-Алматы:1986,9-92б.
2. Байпақов К.М. Ерте Орта ғасырдағы Отырар қаласының кейбір тарихи этнографиялық мәселелері. 1985 68-65б.
3. Алтын Орда тарихына жататын материалдардың жинағы, Пт., М-Л,1941ж. 129б.
4. Акишев К.А. Байпақов К.М. Сауранның қарыздері. Қаз.ССР. ҒА хабаршысы, 1973, 76-78бб.
5. Акишев К.А. Сауранның қарыздері. Қаз.ССР. ҒА хабаршысы, 1973, 76-78бб.

Қамбар Гүлмарал Үшкөмпірқызы
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени
музей-қорығының тарихшы-археологы
e-mail: kambarova_gulmaral@mail.ru

ТАРИХЫ ТАСТАН ҚАЛАНҒАН-АҚЫРТАС

«Ақыртас» тарихи кешені–Қазақстан аумағындағы ең құпиялы да ежелгі ескерткіштердің бірі. Алыстан көрініп тұруы үшін тау алды төбеге төртбұрышты жобамен салынған тәрізді. «Ақыртасқа» жұрт назары ауған 140-150 жылдан бері зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонау патшалық Ресей тұсында басталған зерттеу жұмыстары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де өз жалғасын табуда. Қазақстан мен шетел ғалымдары, атап айтқанда француз, италиялық ғалымдармен біріккен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, әуеден фототүсірілімдер жасалған.

«Ақыртас»-Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданында орналасқан сарай кешені. VIII-XII ғасырларда салынған. Жамбыл облысындағы Тараз қаласынан 40 шақырым жерде бой көтерген[1,206 б.]. Кешен Ұлы Жібек жолының террасасындағы Чанъань-Тянь-Шань дәліздерінің торабында жатыр[2,118–132 б.]. Кешеннің қызыл тастан қаланған қабырғалары мен шашылып жатқан алып кесек тастары көрген жанды таңдандырмай қоймайды. Ақыртас кешені ескі керуен жолындағы төбеде орналасқандығы бізге белгілі. Төбеден айналаға көз жүгірткен адам ауыл аймағының керемет көрінісін көреді. Ақыртас кешенін ғалымдар ғасырдан астам уақыт зерттеп келеді. Осы уақытқа дейін ғалымдардың ғылыми дәлелдері мен тұжырымдары сан алуан.

«Ақыртас» құрылысы жайлы алғашқы деректі жазып қалдырған -Чан-Чунь. XIII ғасырдың басында өңірге келген қытай саяхатшысы саяхат күнделігінде: «Жол бойында тастан тұрғызылған қалаға тап болдық. Қызыл түсті тастан қаланыпты. Ежелгі әскери қоныс мекенінің белгілері байқалады» деп қызыға жазған екен[3,22 б.]. Ол сонымен бірге қаланың айналасындағы тас алынған үлкен төбені және басқа да қорғандарды Темірқазық жұлдызының орналасуымен байланыстыра баяндаған. Ал 1864 жылы Әулиеата бекінісін Қоқан хандығынан тартып алған генерал Черняевтың отаршыл орыс әскерлерінің құрамында болған суретші М.Знаменский Ақыртаста болып, оның суреттерін салған. Сол кезден бастап-ақ кешеннің тарихи маңыздылығы жайында айтыла бастады. М.С.Знаменский «Ақыртастың» алыстан қарағандағы жалпы сұлбасын қағазға түсірумен

шектелсе, одан кейінгі кезеңде кешенді В.А.Каллаур, П.И.Лерх, Д.И.Иванов, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, Н.А.Аристов және Г.И.Пацевич тәрізді өлкетанушылар мен ғалымдар зерттеген.

В.А.Каллаур Ақыртасқа екі рет барып, көптеген құнды деректер жинады. Ол бұл қаланы ертедегі араб саяхатшылары айтқан Касрибас қаласы деп тұжырымдайды. В.В.Бартольд Касрибасты түрік бекінісі Качарбашымен салыстырады.

Ақыртас жайлы кеңес дәуірінде Жетісу археологиялық экспедициясына жетекшілік еткен А.М.Бернштамның ғылыми еңбектерінде де көп жазылған. 1945-46 жылдары Ақыртас туралы ғылыми тұрғыда үлкен еңбек жазған зерттеушілердің бірі Г.И.Пацевич болды. Ол «Ақыртас ІХ ғасырда салынған несториандық құрылыс» деп жорамалдайды және «Касрибас деп аталатын қала осы» дейді. Сол жылдары сәулет бөлімінің арнайы экспедициясы да осында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оны белгілі сәулетші Т.К.Басенов басқарды. Ол «VIII-IX ғасырларды бекініс ретінде салынған үлкен ғимарат» деген қортынды жасайды. Осылайша Ақыртас құпиясын ашуға қазақ ғалымдары да барынша ат салысты.

Жалпы, кешеннің пайда болуының тағы бір нұсқасын 1967 жылы инженер Виктор Луппорт ұсынған. В.Луппорт «Ақыртас» пен Египеттегі Хеопс пен Хифрен пирамидаларымен байланысы барын жазған. Мысалы, Мысырдағы ең әйгілі Хеопс пирамидасының, жалпы Гиза аңғарындағы барлық пирамидалардың соғылу тәсілі-ірі тастарды 100 метрден аса биіктікке, құм-топырақтан жасалған жасанды үйінділердің көмегімен бөрене арқылы сүйреп шығарған. Сол тәсіл «Ақыртас» құрылысында да еркін пайдаланылған. Сонымен қатар Виктор Луппорт: «Ақыртастың құрылысы орналасқан жерден 200 метр тереңдікте ежелгі өркениеттің бізге бергісіз храмы жатыр» деген, батыл болжам айтқан.

Көне деректерде Ақыртас-Касрибас деген тұжырымды жақтаған археолог Карл Байпаков: «IX-X ғасырда Жетісу мен Талас аңғарында мекендеген Қарлұқ мемлекетінің бекінісі ретінде бітпей қалған құрылысы» дейді. Касрибастың жанында қарлұқтардың Кулбуш және Джульбуш бекіністері де бары сөз етіледі. Осы бекіністің жанында қарлұқтардың мекені болғанын растайтын бірнеше қорған-обалар бар[4]. Ал 1996 жылы Ақыртас құрылысын зерттеген француз, қазақ ғалымдарының пікірінше кешен Сирияда орналасқан құрылыс кешеніне ұқсас болған.

Ғалымдардың айтуынша ежелгі өркениетіміздің бізге жеткен айрықша мұрасы, баға жетпес тарихи-жәдігер Ақыртас кешенінің ауқымы, құрылыстың күрделілігі, ондағы су жинақтайтын орындар мен Қырғыз Алатауының Ұзынбұлақ, Қызылқайнар, Сарөзек деп аталатын

шатқаларындағы бұлақтардың бастау-қайнар көзінен су тартатын жер асты құбырларының құрылымдары аумақтағы Қарлұқ қағанатының соңғы, Қарахандар әулеті үстемдік құруының бастапқы кезеңіндегі сәулет өнерінің мүмкіндіктерінен хабар береді. Ақыртаста археологиялық қазба жұмыстары басталған кезде археологтар қалашықтың қабырғасын құрайтын тас блоктарды қалау кезінде лай қоспаның мүлдем қолданылмағандығын анықтаған. Орта ғасырдағы құрылысшылар жалпы құрылыстың бұрыштары өтуге арналған күрделірек бөліктерінде айрықша формадағы тас блоктарды пайдаланыпты. Тас блоктардың бір жақ беті астау түрінде, ал қарсы жағы қиық немесе шошақ формасында қашалған. Бұл әдіс тас блокты өзіне қарама-қайшы пішіндегі басқа блокқа тығыз кіріктіріп қалауға мүмкіндік туғызған.

Сарайдың жалпы аумағы 162x138,5м. Ірі қызыл тас блоктарынан қаланған. Қабырғаларының бұрыштары нығайтылған және дөңгелек пішінді мұнаралары бар диаметрі 7 м, солтүстік–батыс батыс мұнарасының қалау биіктігі-3м-15 см). Қорған 4 бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі мешіт және шаруаға қажетті бөлмелерден тұрады. Екінші солтүстік-шығыс бөлігі-12 тұрғын бөлмелер және 3 айваннан тұрады. Үшінші оңтүстік-шығыс бөлігінде 13 бөлме ішкі ауланың төңірегіне топтастырыла салынған. Ал, төртінші оңтүстік-батыс бөлігінде-18 бөлме, 2 айван және 3 шаруаға қажетті бөлмелерден тұрады.

Қала сыртындағы мекендер мен керуен-сарай XIII-XIV ғғ. Ақыртас сарай құрылысының солтүстіктеу жерде қабырғамен қоршалған құрылыс кешені бар. Оның аумағы 2,5-ға-ды құрайды. Онда қабырғамен қоршалған үй жайлар орналасқан. Тікбұрыш тұрпатты үй-жай бөліктерінде тұрғын үй мен хауз-су қоймасы бар аула болған. Осындай үй-жайлар кешеннің солтүстік жағында онға жуық болса, оңтүстігінде екеу. Қала сыртындағы мекендердің жанынан XIII-XIV ғғ. Жататын керуен сарайдың орны табылды.

«Қамал» және бекініс (VIII-IX.ғғ) Ақыртастан оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым жердегі таутизбегінің үстінде қирандының үстінде қирандының қалдығы бар. Жобасы тік бұрышты болып келген құрылыстың ауданы (40x25 м), биіктігі 3-3.5 м, ұзын жақтарымен аздаған ауытқуы бар шығыстан батысқа қарай бағытталған. Архитектуралық құрылыстың амал тәсілдері мен археологиялық заттарға қарағанда құрылыс VIII ғ. екінші жарысы – IX ғ. мерзімделеді. Құрылысты тұрғызу барысында құрылыс материалдары ретінде сазбалшық (сылаққа және тік бұрышты кірпіштер даярлау үшін) пен тас (қызыл тас және қабырғаны қаптау үшін) пайдаланылған. Жақсы жерде биіктігі де биіктігі 3-4 метр, көлемі 39x40 метрді құрайтын төртбұрышты ғимарат орналасқан. Ғимараттың сыртқы және ішкі қабырғалары саз кірпіштен қаланған.

Қызылтас тауының солтүстік беткейі басқа жақтарына қарағанда топырақты. Бұл топырақ- кірпіш пен қыш өндіретін тамаша материал. Мұнда кірпіш күйдіретін пеш қалдықтары, кірпіш сынықтары табылады. Олар 1,5 га- дан кем емес аумақты алып жатыр. Ал қызылтас тауының шығыс жағы тас дайындауға пайдаланылған. Мұнда 400 м-ге созылған карьер орналасқан. Қазірге дейін мұнда жүздеген өңделген және өңделмеген тастар жатыр, сынық тастар мен қиыршық тастар төбе болып үйілген. Карьерден құрылысқа дейінгі арақашықтық 200 м-ге ден 400 м-ге дейін. Арасында тастарды бүгінде құрғап қалған, шағын өзеннің арнасы бар сайдан алып өту керек болған. Шамасы үлкен тас блоктарды тасымалдау үшін ағаштарды пайдаланған тәрізді.

Ақыртастың солтүстігінен екі су қоймасы анықталды. Зерттеушілер су құбыр жүйесі күрделі екендігін анықтады. Сарай кешеніне жақын маңын хауз түріндегі су қоймасы ашылған. Одан су тұрғын үйлерге беріледі. Суды тарту жұмыстары қыш құбырлармен тартылған. Ақыртас маңынан табылған өлшемдері мен диаметрлері әр түрлі құбырлар табылады. Бұл құбырлар бір біріне жақсылап жалғанған қыш құбырлар. Тау шатқалынан түскен су осы құбырлар арқылы түскен. Су құбыры 5-8 шақырымда созылып жатқан. Археологтардың болжауынша бұл Ұзынбұлақ және Шошқалы шатқалына дейін созылған.

Қызылтастың бір шыңында тастан қаланған қарауыл мұнарасы салынған. Оның бірнеше қатары, төменгі жағының диаметрі 5 м тасқаландысы сақталған. Тас құрылыстың қасындағы тасты алаң-от жағып түгіндетіп хабар беретін орын [5,150 б.] болған.

Кейбір деректерде қаланың аты нақты көрсетілген. Қазы бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабында Ақыртастың авторы Қуандық Шаған мен Көркембек деген дерек бар. Тарихшылардың жазуы бойынша шамамен 1315 жылы қазақ даласында бұрын соңды болмаған жұт болып қалада ешкім тұрақтамай, қала бос қалады. Таудағы үйілген топырақтың көмегімен бөгет жасап, оған қыш құбырларды тартқан. Бұл да құпиясы мол кешен жайлы айтылған деректердің бірі ғана.

Бүгінгі таңда «Ақыртас» құрылысының құпиясы әлем назарын өзіне аудартуда. «Ақыртас» өз заманының озық ғимараты болғаны сөзсіз. Екі мың жылдық тарихы бар Таразды бүкіл әлемге танытып, оның айналасында болған өркениетті де көрсете білген жөн. Сондықтан кешенінің сырын ашып, оның не үшін салынғанын толықтай түсіну үшін «Ақыртас» аймағына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қажет.

Өткенімізді білмей алға жылжу мүмкін емес. Ғасырлар бойы бізге жеткен тарихи мәдени құндылықтарымызды зерттеуді тоқтатпауымыз керек.

Кешен бүкіл Орталық Азиядағы қайталанбас Қазақстандық Ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің ерекше түрі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. К.М.Байпаков, Г.А.Капекова, Д.А.Воякин, А.Н.Марьяшев. Ежелгі және орта ғасырдағы Тараз бен Жамбыл облысының қазыналары. 206 бет.
2. К.М.Байпаков Архитектурно-археологический комплекс Акыртас // Қазақстан археологиясы. 2018. № 1–2. С. 118–132.
3. Қасиетті Қазақстан 3 том. 22 бет.
4. Күзембай Байбосынов. Егемен Қазақстан. 2 желтоқсан. 1999 жыл.
5. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. 150 бет.

МАЗМҰНЫ

Быкыбаев Н.Д. <i>Алғы сөз</i>	3
Хушваков Н.О. <i>Согдиана и ее роль в развитии Великого Шелкового пути</i>	0
Оразымбетова Б.К. <i>Шелк и специи Великого Шелкового пути в современном контексте</i>	0
Ибайдуллаев Х. <i>Гора Сулейман-ТОО как объект Всемирного наследия</i>	0
Петров П.Н. <i>Новый монетный двор конца XIII века близ Тараза</i>	0
Абдулла Г. <i>Көшпелілердің Жібек жолының дамуына қосқан үлесі және оның жаһандануға әсері..</i>	
Ақымбек Е. Ш.Т.Шагирбаев . <i>Шығыс жіңішке төрткүлі</i>	0
Алимжанова Г.Ж. <i>Направления деятельности музея-заповедника «Ежелгі Тараз ескерткіштері» по сохранению и популяризации культурного наследия</i>	0
Талеев Д.Ә. <i>Ұлы Жібек жолы Қазақстан тарихында: өткені, бүгіні және келешегі</i>	0
Нұрмақсұтов Қ.М. <i>Ұлы Жібек жолы бойындағы ЮНЕСКО ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген «Таңбалы» тарихи-мәдени ескерткіштерінің сақталуы мен насихатталуы</i>	0
Искаков А.Ш. <i>Жошы кешені: археологиялық зерттеулер негізінде туризмді дамыту мәселелері</i>	0
Устаев Б.Р. <i>Атлах қаласы немесе тас сынығындағы Атлах жазуы</i>	0
Жүзбаева Г.Н. <i>Ұлы Жібек жолында орналасқан құнды тарихи-мәдени ескерткіш Қожса Ахмет Яссауи кесенесі жайында және музей ретіндегі қызметі</i>	0
Д.Сүйіндікқызы Ұлы Жібек бойындағы Түркістан және қаланың дамуы -----	
Арынова Д.С. <i>Ұлы Жібек жолы бойындағы Түркістан және қаланың дамуы</i>	0
Кенжебекова Р. <i>Ұлы Жібек жолы: шығыс пен батыс қарым-қатынасы</i>	0
Асылжан Д. <i>Тараз қаласында Византия елшісін қабылдаған Естемі қаған ба, әлде Мұқан қағанба?</i>	0
Салходжаев. С. <i>Великий шелковый путь - мост между востоком и западом</i>	0
Тілепалдиева. Л.Т. <i>Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн қаласы</i>	0
Байтұрсынова Л.Е. <i>Ұлы Жібек бойындағы Құлан қалашығы</i>	0
Шаизхан Ұ.Ш. <i>Қостөбе -Талас өңіріндегі қала мәдениетінің озық үлгісі</i>	

.....	0
Жарылқапова А.Г. <i>Ұлы жібек жолы және оның тарихи маңызы</i>	0
Қамбар Г.Ү. <i>Тарихы тастан қаланған-Ақыртас кешені</i>	0

Ғылыми басылым

«ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ
ДАМУДАҒЫ РӨЛІ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

15 сәуір 2022 жыл